- появление в оазисе в эпоху раннего средневековья топонимов, состоящих из тюрко-согдийских компонентов, свидетельствует о том, что Чач являлся одной из территорий, где активно протекал тюрко-согдийский симбиоз.

1. Аальто П. Имя «Ташкент» (Перевод и комментарии А.К. Акишева) // Shygys, 2005. - № 1. - С. 101-115.

2. Алимova Д.А., Филанович М.И. Тошкент тарихи (қадимги даврлардан бугунгача) – История Ташкента (с древнейших времен до нашей дней). Ташкент, 2007.

3. Андреев М. С. Местности Туркестана, интересные в археологическом отношении // Среднеазиатский вестник. Ташкент, 1896. С. 16-28.

4. Бабаяров Г. Древнетюркские монеты Чачского оазиса VI–VIII вв. Ташкент, 2007.

5. Байтанаев Б. Древний Испиджаб. Шымкент-Алматы, 2003.

6. Бартольд В.В. Географический очерк Мавераннахра // В.В. Бартольд. Сочинения, т. 1. М., 1963.

7. Бернштам А.Н. Тюрки и Средняя Азия в описании Хой Чао (726) // Вестник древней истории, 1952. - № 1. - С. 187-195.

8. Беруни. Избранные сочинения. Т. II. Индия. Т.: Фан, 1965.

9. Беруни. Избранные сочинения. Т. V, ч. 1. Канон Масу’да. Кн. 1–5. Т.: Фан, 1973

10. Бобоёров Ф. Ўзбекистон ҳудудида Қорахонийлар давригача бўлган қадимги туркий топонимлар // Марказий Осиёда анъанавий ва замонавий этномаданий жараёнлар, “Карим Шониёзов ўқишлари” туркумидаги халқаро илмий анжуман материаллари, 1–қисм., Тошкент, 2005. Б. 117-129.

11. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т. I. М.- Л., 1950.

12. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т. II. М.- Л., 1950.
13. *Большой русско-китайский словарь*. Под ред. И.М. Ошанина. Т. 2. М., 1983
14. Буряков Ю.Ф. Историческая топография Ташкентского оазиса. Т., 1975.
15. Буряков Ю. К истории раннесредневекового Чача // *O'zbekiston tarixi*, 2002. № 3. - С. 10-20.
16. Буряков Ю.Ф. К динамике развития городской культуры древнего и средневекового Чача // *Материалы научной конференции «Чач - Бинкет - Ташкент (историческое прошлое и современность)»*. Ташкент, 2007. С. 6-11.
17. Буряков Ю.Ф. Согд и Чач. Взаимодействие и взаимовлияние двух культур древнего Узбекистана // Самарқанд шаҳрининг умумбашарий маданият тараққиёт тарихида тутган ўрни. Самарқанд шаҳрининг 2750 йиллик юбилейига бағишланган халқаро илмий сempoзиум материаллари. Тошкент–Самарқанд, 2007. С. 61-65.
18. Волин С. Рецензия: И.И. Умняков, Самая старая турецкая карта мира // *Известия Всесоюзного Географического общества*. 1941. - Т. 73, вып. 3. - С. 483-487.
19. *Джахан-наме Мухаммада ибн Наджиба Бекрана* // *Материалы по истории киргизов и Киргизии (МИКК)*, Вып. I, М., 1973.
20. *Древнетюркский словарь*. Л., 1969.
21. Дыбо А.В. Лингвистические контакты ранних тюрков. Лексический фонд. Пратюркский период. М., 2007.
22. Дўсимов З., Эгамов Х. Жой номаларининг қисқача изоҳли луғати. Тошкент, 1977.
23. Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. Алматы, 2002.
24. Исхаков М., Камолитдин Ш., Бабаяров Г. Critica Э.В. Ртвеладзе «Заметки по истории нумизматики раннесредневекового Чача (III–VIII вв.)» (Ташкент, 2006) // *Archivum Eurasiae Medii Aevi*. Т. 15 (2006/2007), Harrasowitz Verlag, Wiesbaden, 2008. - P. 207-269.
25. Исҳоқов М. Унутилган подшоликдан хатлар. Тошкент, 1992.
26. Камолитдин Ш.С. Древнетюркская топонимия в Средней Азии. Ташкент, 2006.
27. Камолитдин Ш.С. К этимологии названия Чач (Шаш) // *Материалы научной конференции «Чач - Бинкет - Ташкент (историческое прошлое и современность)»*, Ташкент, 2007. С. 45-51.
28. Кошгарий Маҳмуд. Девону луғот ит-турк / Тарж. ва нашр. С.М. Муталлибов. I том. Тошкент, 1960.
29. Кошгарий Маҳмуд. Девону луғот ит-турк / Тарж. ва нашр. С.М. Муталлибов. II том. Тошкент, 1960.
30. Кошгарий Маҳмуд. Девону луғот ит-турк / Тарж. ва нашр. С.М. Муталлибов. III том. Тошкент, 1963.
31. Крачковский И.Ю. Очерки по истории русской арабистики. Избранные сочинения, т. V. М.-Л., 1958.
32. Кубатин А.В. Градостроительная терминология у древних тюрков // *Ўрта Осиёнинг қадимги ва ўрта аср шаҳар маданияти анъаналари*. Ўзбекистон Миллий Университети Археология кафедрасининг 70 йиллигига бағишланган илмий анжуманига йўлланган маърузалар тўплами. Тошкент, 2010. С. 87-88.
33. Лившиц В.А., Луконин В.Г. Среднеперсидские и согдийские надписи на серебряных сосудах // *Вестник древней истории*, 1964. - № 3. - С. 155-176.
34. Лившиц В.А. Кеш (Шахрисябз) в согдийских текстах и монетных легендах // *Согдийская эпиграфика Средней Азии и Семиречья*. СПб., 2008. С. 267-279.
35. Лурье П.Б. Историко-лингвистический анализ согдийской топонимии. Дисс. кандидата филологических наук. СПб., 2004.
36. Максудов Ф. Бабаяров Г. К этимологии топонима Чач // *Столице Узбекистана Ташкенту 2200 лет*. Труды международной научной конференции. Ташкент, 2009. С. 199-205.

-
37. *Малявкин А.Г.* Танские хроники о государствах Центральной Азии. Новосибирск, 1989.
38. *Махмуд ал-Кашгари.* Диван Лугат ат-Турк. Перевод, предисловие и комментарии З.-А. М. Ауэзовой. Алматы, 2005.
39. *Мукминова Р.Г., Филанович М.И.* Ташкент на перекрёстке истории (Очерки древней и средневековой истории города). Ташкент, 2001.
40. *Муҳаммаджонов А.* Қадимги Тошкент. Тошкент, 1988.
41. *Муҳаммаджонов А.* Қанғ – қадимги Тошкент ва тошкентликлар. Тошкент, 2009.
42. *Ртвеладзе Э.В.* Древние и раннесредневековые монеты историко-культурных областей Узбекистана. Том 1. Ташкент, 2002.
43. *Ртвеладзе Э.В.* К ранней истории Чача (Новые нумизматические и эпиграфические источники) // *Общественные науки Узбекистана*, 2008. - № 4. - С. 64-74.
44. *Севортян Э.* Этимологический словарь тюркских языков. М., 1974.
45. Согдийские документы с горы Муг. Чтение. Перевод. Комментарий. Вып. II. Юридические документы и письма / Чтение, пер. и комм. В.А. Лившица. М., 1962
46. Согдийские документы с горы Муг. Чтение. Перевод. Комментарий. Вып. 3. Хозяйственные документы / Чтение, перевод и комментарии М.Н.Боголюбова и О.И.Смирновой. – М., 1963.
47. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Пратюркский язык-основа. Картина мира пратюркского этноса по данным языка. Отв. ред. Э.Р. Тенишев, А.В. Дыбо. М., 2006.
48. *Тенишев Э.Р.* Строй сарыг-югурского языка. М., 1976.
49. *Умаров Э.* Этюды по древней ономастике // *Transoxiana: История и культура*. Т., 2004. С. 224-225.
50. *Филанович М.И.* Кангуй давлати // *Ўзбекистон давлатчилиги тарихи очерклари*. Тошкент., 2001.
51. *Хатамова М.* Турк хоқонларининг Чочдаги қароргоҳлари: Жабғукат ва Хотункат // *Ўзбекистон тарихи*, 2009. - №1. - С. 3-13.
52. *Ходжаев А.* Наиболее ранние сведения китайских источников о государстве Шаш (Ташкент) // *Ўзбекистон тарихи*, 2005. - №1. - С. 3-17.
53. *Ходжаев А.* Наиболее ранние сведения китайских источников о государстве Шаш (Ташкент) // *Shygys*, 2006. - № 1. - С. 116-126.
54. *Шагалов В.Д., Кузнецов А.В.* Каталог монет Чача III–VIII вв. Ташкент, 2006.
55. *Шониёзов К.* Қанғ давлати ва қанғлилар. Тошкент, 1990.
56. *Эназаров Т.* Ўзбекистон ҳудудидаги қадимий шаҳар номларининг этимологик талқини (Тошкент, Касби ва Самарқанд мисолида) // *Ўзбекистонда урбанизация жараёнлари: тарих ва ҳозирги замон. Халқаро илмий анжуман материаллари. I-қисм*, Тошкент, 2007. Б. 130-135.
57. Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские основы на буквы «Ж», «Ж», «Й». М., 1989.
58. *Юдахин К.К.* Киргизско-Русский словарь. М., 1965
59. *Қораев С.* Географик номлар маъноси. Тошкент, 1978.
60. *Ҳасанов Ҳ.* “Беруний ва Кошғарий” // *Махмуд Кошғарий (ҳаёти ва географик мероси)*. Тошкент, 1963. Б. 70-74.
61. *Ҳасанов Ҳ.* Географик номлар сири. Тошкент, 1985.
62. *Ҳудуд улоам (Мовароуннаҳр тавсифи)*. Форс тилидан таржима, сўз боши, изоҳлар ва жой номлари кўрсаткичи муаллифи О. Бўриев. Тошкент, 2008.
63. *Aalto P.* The name of Tashkent // *Central Asiatic Journal*. Wiesbaden, 1977. - Vol XXI. - P. 193-198.
64. *Bang W., Rahmeti G.R.* Oğuz Kağan Destanı. İstanbul, 1936.
65. *Bosworth C.E.* Chach // *Encyclopaedia Iranica*. Vol. IV, London, New York, 1990. P. 604-605.

66. *Chavannes E.* Documents sur les Tou-Kiue (Turks) occidentaux. СПб., 1903.
67. *Compareti M.* A possible etymology for the toponym Fadi/Vardana in Chinese sources // Археология и история Центральной Азии. К 70-летию Ю.Ф. Бурякова. Самарканд, 2004. С. 179-182.
68. *Divanü Lûgat-it Türk Tercümesi.* Cilt I. Çev. B. Atalay, TDK yayınları: 521-524, Ankara 1985.
69. *Ekrem E.* Hsüan-Tsang Seyahetnamesi'ne göre Türkistan. Basılmamış doktora tezi. Hacettepe Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, Ankara, 2003.
70. *Hudud al-'Alam, the regions of the world, a persian geography, translated and explained by V. Minorsky.* London, 1970.
71. *Ibn Haukal, Abu-l-Kasim an-Nasibi, Opus geographicum, ed. M.J. de Goeje, Bibliotheca Geographorum Arabicorum, pars 2, Lugduni-Batavorum: E.J.Brill, 1967.*
72. *al-Istakhri, Abu Ishak al-Farisi, Viae regnorum, ed. M.J. de Goeje, Bibliotheca Geographorum Arabicorum, pars 1. Lugduni-Batavorum: E.J.Brill, 1967.*
73. *Lurje P.B.* The Element -kaθ/-kand in the place-names of Transoxiana // *Studia Iranica*, 2003. - Vol. 32/2. - P. 185-212.
74. *Mahmūd al-Kāšrārī. Compendium of The Turkic Dialects (Dīwān Luḡāt at-Turk).* Edited and translated with introduction and indices by R. Dankoff in collaboration with J. Kelly, Part II. Harvard University, 1984.
75. *Marquart J.* Eranshahr nach der Geographic des Ps. Moses Xorebaci. Berlin, 1901.
76. *al-Moqaddasi, Abu 'Abdallah Mohammad ibn Ahmad Shamsaddin, Descriptio Imperii moslemici, ed. M.J. de Goeje, Bibliotheca Geographorum Arabicorum, pars 3. Lugduni-Batavorum, 1967.*
77. *Ögel B.* Über die alttürkische Schad (Sü-Baschi)-Wurde // *Central Asiatic Journal.* Wiesbaden, Wiesbaden, 1963. - Vol. VIII, No. 1. - S. 27-42.
78. *On Yuan Chwaig's Travels in India 629-645 A.D. by T.Watters M.R.A.S. Edited, after his death, by T. W. Rhys Davids, F.B.A. and S. W. Bushell, M.D.; C.M.G. Vol.I. London, 1904.*
79. *Pritsak O.* Türk-Slav Ortak Yaşamı: Güneydoğu Avrupa'nın Türk göçebeleri // *Türkler*, 2. Ankara, 2002. S. 509-521.
80. *Pulleyblank E.G.* The Consonant System of Old Chinese // *Asia Major, New series.* 1962. – Vol.9, part 2. - P. 206-265.
81. *Sims-Williams N., Grenet F.* The Sogdian inscriptions of Kultobe // *Shygys*, 2006. - №1. - P. 95-111.
82. *Shiratori K.* A Study on Su-T'e or Sogdiana // *Memories of the Research Department of the Toyo Bunko*, 2, 1928. P. 81-145.
83. *Türkçe-Rusça sözlük.* M.,1989.

*АҚЕДІЛ Тойшанұлы,
фольклортанушы,
филология ғылымдарының кандидаты,
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Фольклортану бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері*

ШАПҚЫНШЫЛЫҚТЫҢ ТОПОНОМИКАЛЫҚ МИФТЕРДЕГІ КӨРІНІСІ

Қазақтың көптеген әпсана-мифтерінде алыптар мен батырлар, сонымен бірге әулие жандар тірі күндерінде қисапсыз жауларға қарсы қасық қаны қалғанша соғысып, көз жұмған соң, олардың қасиетті дене-мүшелері қазіргі шақта даламызда тұрған белгілі бір тау-тасқа, яғни, жағырапиялық оқшау нысанға айналып кеткені туралы баяндалады. Осылайша ұланғайыр даламыздағы жер-судың жаратылу тарихы жауға қарсы соғысқан қаһармандардың өмірбаянымен ұштастырылып, өлкедегі табиғаттың ғажайып нысандарына киелі мағына беріледі. Мысалы, «Оқжетпес» туралы мына мәтінге назар аударайық:

«Ертеде Оқжетпес деген алып батыр болған екен-мыс. Оның бойының биіктігі сондай, жаудың атқан жебесі батырдың басына дарымайтын болған екен. Оны ата, атан түйе де көтере алмайды. Сауыт-сайманы да ауыр болса керек, сол себептен, жорықта пілге мініп жүреді екен. Бірде қисапсыз қалың жауға шайқасып, оларды қуып жіберген соң, қалжыраған батыр көлге шомылып, қалғып кетеді. Осы кезде аңдыған жау ұйқыда жатқан батырды байлап тастайды. Алып ояна келе дұшпанмен арпалыса кетеді. Құмырсқадай құжынаған жауларын ызалана тапаған батыр біруақта әлсіреп, сүрініп кетеді. Сол кезде ол құдайға: «Тәңірім, мені жауларға қор еткенше тасқа айналдыр!», – деп жалбарынады. Бұл тілек сол мезетте орындалады, мініп жүрген пілі де мұны көрген соң шөгіп, тауға айналады» [1].

Жер-судың пайда болуы туралы көптеген мифтерде батырлардың, алыптардың денесі осылайша өмірі аяқталысымен, жергілікті табиғат нысандарына айналғаны көрініс табады.

Тегінде, мифологиялық кейіпкерлер шаршағанда, қалжырағанда, жауға тап боп шарасыз күйге ұшырағанда тасқа айналып кететіндігі халық мұрасында кездесетін дағдылы мотив. Академик С.А.Қасқабасов бұл туралы «Көптеген аспани (космогониялық) және тотемдік мифтерде тірінің өліге айналуының басты себебі қатты шаршағандық болып келеді... Қатты шаршаған мифологиялық кейіпкер қозғалуға шамасы келмегендіктен, тасқа айналып, тыным табады», – деп жазады [2]. Ғалым осы еңбегінде мифологиядағы құбылу сарынының арғы төркіні алғашқы қауым заманынан қалыптаса бастағанын жеткілікті деректермен дәлелдеген.

Біздің байқауымызша, алып батырдың жаумен жалғыз жағаласып ерлікпен тыным тауып, тау-тасқа құбылуы – қазақ мифологиясында жиі кездесетін бедерлі сарындардың бірі. Әсіресе, Абылайдың хан ордасы орналасқан Көкшетау өңіріндегі сұлу да сымбатты тау-тастар тізбегі туралы желілі мифтердің арқауы ел қорғаны батырлардың қаһармандық өмірімен қабат өрілген. Мысалы, табиғат ана таңғажайып қолымен құйған мүсіндей етіп сомдаған Жекебатыр тауының бітімі туралы мынадай миф ел арасына тараған:

«Кедей ауылда асқан күшті, арманшыл бір батыр тұрыпты... Туған жеріне шығыс пен оңтүстіктен жоңғарлар шапқыншылық жасап, батыстан Еділ қалмақтары шабуылдап тыным бермейді. Сүттей ұйыған ауылдардың шаңын аспанға шығарып, астан-кестен қиратып, жау қолы төрт түлік мал табындары мен қорғансыз адамдарды айдап әкетеді. Ал ел іші бір-бірімен қалыңдық пен жайылымдыққа таласып, күнде қырқысып, ауызбірлікке келе алмайды. Жас батыр бәріне қолын бір сілтеп, ауылдан кетуді ойлайды. Еркін жүріп, бақ пен байлық іздегісі келеді. Өзіне қылыш пен дулыға, үстіне сауыт соғып киіп, бақыт іздеп жолға шығады.

...Жаумен бірінші болып жас батыр кездесіп, жалғыз өзі қарсы шабады. Қаптаған қалың қол оның алдын бөгеп, қоршауға алады. Ол қанша күшті болса да, қисапсыз жауды құртып бітіре алмайды. Дұшпан қара масадай құжынап, шегірткедей үймелеп, батырдың үстіне шығып кетеді. Оның көзі көрмей, құлағы естімей қалады. Сонда ғана ол бақыт үшін жалғыз күресудің қате екендігін түсініп, аһ ұрып өкінеді. Алып тұлғалы батыр әл-дәрмені құрып, туған даласына шалқасынан құлап түсіп, тасқа айналады, мәңгілік ұйқыға беріледі. Жекебатыр тауы, міне, осылай пайда болған деседі...[3].

Жергілікті жағырапиялық нысандардың пайда болуы туралы көптеген қазақ мифтерінде кейіпкерлердің тау-тасқа айналуының негізгі себебі – саны орасан көп дұшпанмен шайқасу. Демек, соңғы кезеңдерде аса зәру маңызға ие болған отанды жаудан қорғау тақырыбы мифтік ежелгі сюжеттерге тарихи сипат берген деуге болады. Мысалы, «Апалы-сіңлілі үш ару» деген үлгі былай:

«Ертеде Қарауыл ауылдарының бірінде елдің көркі, бірақ дұшпандардың көз құрты болып апалы-сіңлілі үш қыз өмір сүреді. Үшеуі де бірінен бірі өткен хас сұлулардың өзі болады. Орталарындағы жалғыз бауырлары Оқжетпес беті қайтпас батыр болып өседі. Үш анасын қызғыштай қорғап, қамқоршы бола біледі.

Әбден өшіккен жау қапылыста баса көктеп, елді шауып, үш ару мен бауыры Оқжетпесті анталап қоршауға алады. Төртеуі шегіне атысып, кейін жылжи береді. Бір кезде ту сырттарына қараса, сыңсып тұрған жасыл орман, бау-бақша, мөлдір көл, көгілдір тауларды көреді. Құс жыртылып айрылады. «Туған жердің мұндай балауса бағын арам ниет дұшпандардың қара табанына қалай таптатамыз, қасиетті топырағымызды қалай ойрандатамыз, өзімізді қалай қорлатамыз?» – деп қайраттанған Оқжетпес пен оның үш ару қарындасы қатарласып жауға қасқая қарсы тұра қалады да, шапса алмас қылышы майырылатын, сүңгітсе қара найзасы қайырылатын, атса оғы асып түсе алмайтын қамал тасты тік қаптал құзар шыңдарға айналып кетеді. Бұны көріп, зәрулері кеткен жау тым-тырақай қаша жөнеледі» [3].

Кейбір мифтерде тау-тас жаудың құғын-сүргінін етәп болған қыз-келіншектердің немесе дұшпанға әулие адамның оқ даритын осал тұсын айтып, сатқындық жасаған әйелдердің әрекет-қимылынан пайда болады. Мұндай мағынадағы «тасқа айналу» мотивінен туған сюжеттер мол. Мысалы, Қырық қыз, Шілтер әулие, Азанұр, Масат ата т.с.с. Мәселен, Қазығұрт тауындағы Қырыққыз туралы миф былай:

«Баяғыда бір байдың қызының тойы болады. Той болып жатқанда қалыңдық қырық қызымен, күйеу серіктерімен серуендеп тауға шығады. Жаугершілік заман екен: «Жау келіп қалды» деген дауыс шығады. Сонда қыздар шулап: «Е, құдай! Бізді жау әкетпекші, тас қыла көр!», – депті. Сонда бәрі тасқа айналышты» [4].

Қазақ мифтерінде осындай типологиялық сарындар тұрақты кездеседі. Елге белгілі әулиелер (Масат ата, Укаша ата, Түлкібас, Азанұр әулие, Шілтер әулие т.б.) намаз оқып тұрғанда аңдып жүрген аяр жаулары оған аяқ астынан қастандық жасайды да, олар қаза тапқаннан кейін марқұмның денесінен (қанынан, ізінен, түкірігінен) жергілікті жағырапиялық нысандардың түр-түсі, кескін-келбеті пайда боп, қалыптасады. Ал атса оқ өтпейтін қасиетті әулиенің осал тұсын дұшпанға айтып берген опасыз келіні (кейде тоқалы) қарғыстан меңіреу тасқа айналады.

Мәселен, мына бір үлгіні қараңыз: «Баяғы өткен заманда Шілтер деген бір әулие кісі болыпты. Құдайға құлшылықтан жазбаған, істеген ісі ақ, көңілі сүттей пәк, ниеті адал, сөзі түзу адам екен. Бір күні жолаушылап келе жатып, қасындағы қырық кісімен бірге Қазығұрт тауының етегіне келіп түседі. Дәм ішіп, дамылдағаннан кейін бесін намазын оқуға кіріседі. Намаз оқылып жатқан кезде таудан түскен қарақшы дұшпандар әулиені серіктерімен қоса өлтірмекке бекініп, тап береді. Шілтер мен қасындағы қырық жолдасы намаздарын бұзбай оқи береді. Намаз үстінде әулие Алладан былай деп тілепті:

– Иә, құдайым, бізді жау қолына түсіре көрме, жау қолына түскенше тас мүсінге айналдырып, қатыра көр, – деп тілейді.

Жарықтық қасиетті Шілтердің тілегі қабыл болып, серіктерімен бірге тасқа айналып, қатып қалады. Сонан көпшілік бұл жерді Қырық Шілтер әулиенің жері деп атап кетеді. Осы жерде біріне-бірі қарама-қарсы үш бұлақ ағып жатыр. Үшеуінің дәмі де үш түрлі, емі де үш түрлі. Біреуі іш ауруларына, екіншісі көз ауруларына, үшіншісі құлақ ауруларына дәру деседі» [5].

Әдетте бұндай оқиғалардан кейін пайда болған делінетін әулиеге қатысты жағырапиялық нысандар елді емдеп-домдайтын, сауықтыратын, ақ тілегін қабыл ететін құтты да шипалы орынға айналады. Ондай өлкелер Оңтүстік Қазақстанда, Маңғыстауда, Сыр бойында көптеп кездеседі. Мысалы, Укаша әулиенің қаза тапқанда домалаған басы еніп кеткен таудың қуысында киелі құдық пайда болса, Көзата қабірінің қасынан жанарды емдейтін бұлақ ағып шығады, Түлкібас әулие түкіріп қалғанда он екі қарсыласы езіліп кетеді, сол жерде он екі шипалы бұлақ пайда болған деген аңыздар бар.

Осылайша белгілі бір өңірдегі қасиетті тау-тастың немесе көл-бұлақтың пайда болу себебі әулие жандардың жауға қарсы күрес жүргізген заманымен тікелей байланыстырылып, осы нысандарға киелі мағына беріледі. Кең даламыздағы мұндай көрікті де қасиетті мекендер қазіргі ұрпақтардың өлкетану мақсатында саяхат жасап тәу ететін, рухын шыңдайтын, ата-баба тағылымымен сусындап, патриоттық тәрбие алатын мәртебелі тұрағына айналып отыр.

Тұжырымдап айтқанда, қазақ мифтері, әпсана-хикаяттары сыртқы жауларға қарсы отан қорғау соғысын жүргізген түрлі кезеңдерде, әсіресе жоңғарға қарсы шайқас заманында тарихи қуатты циклизациядан өтіп, алғашқы қауымдағы көне қабығынан ажырап, жаңа дәуір талабына сай бейімделіп, патриоттық тон кигені байқалып отыр. Бұған нақтылы дәлел ретінде тарихта болған шын қаһармандардың кейбір мифтік жиынтық әңгімелердің арқауына айналғандығынан да аңғаруға болады. Мысалы, Райымбек пен Жасыбай батырға қатысты мифтік сюжеттерде осы жайт аңғарылады. Айталық, «Райымбектің бұлағы» туралы мәтін былай:

«Кезекті қалмақтармен болған шайқаста қазақтың қолы жеңіліп, шегінуге мәжбүр болады. Олар Бұғыты тауы мен Торайғыр таулары арасындағы Көкпекті жазығын өтіп барып, Торайғыр тауының етегіне келіп тығылады. Қанша күнті ұрыстан әбден қалжыраған әскер су іздеп, әлекке түседі. Сонда Райымбек батыр бір тамшы суды аңсап, жерді қылышымен түртіп жібергенде, бұлақтың көзі ашылып, суы атқақтап шығады. Содан қазақтың қолы әлгі суды ішіп, бұлақтың жағасында екі күн жатып, тынығады да, бар күш жігерін бойына жинап, жауға қарсы шабады. Әскер жеңіске жетеді. Ал әлгі бұлақ Райымбектің бұлағы аталып кетеді» [5].

Әлбетте, қасиетті жандардың шөл далада таяғымен жерді ұрғанда немесе топыраққа асасын тік шанышқанда судың пайда болуы туралы сарын мифологияда жиі кездеседі.

Мұса пайғамбардың шөлге тап болған қауымына су тауып бергендігі туралы сюжет те осы мифке ұқсас. Мәселен, Мұса пайғамбар аса таяғымен жартасты ұрғанда кенеттен су пайда болған деседі [6].

Ескерте кететін жайт, дүниежүзілік мифологияда таяқ – әлем бәйтерегінің шағын үлгісі саналады, осы рәміздік қызметті Райымбек туралы мәтінде батырдың қылышы атқарып тұр. Демек, байырғы дап-дайын сарын Райымбек батырдың тұлғасын дәріптеуге қолданылған.

Келесі бір мифте Жасыбай батырдың мінген тұлпары иесі қаза болғанын білген соң, қайғыдан қапаланып, көл жағасындағы тауға өрмелеп бара жатып, тас боп қатып қалған деседі. Жасыбай көлінің жағасындағы Атбас шоқысы осылай пайда болған-мыс [7].

Расымен, көлге төніп тұрған қарағай жалды қия шоқы тауға өрмелеген жуан мойын аттың бас мүсініне ұқсас. Батырдың мініп жүрген тұлпары мұндай ірі болғанда өзінің де ерекше алып болғандығына шәк келтірмейсің. Ал Жасыбай көлі туралы мынадай миф бар:

«Батыр жетібасты жалмауызбен арпалысып, көзін жойып, туған жеріне жеңіспен оралады. Өзі де шөлдеп, шаршайды, аты да қаталап шөлдейді. Батыр тау қойнауындағы сайды шұңқырайтып қазып, су шығармақ болады. Шыңыраудан шым-шым қайнап шыққан бұлақ көзі дегенің алып батыр үшін оймақпен су ішкендей мардымсыз болары сөзсіз, ал аты да шөлден әбден қаталап тұр. Сол себептен батыр тұманың көзін аршып, балуан саусақтарымен кесек тастарды ары-бері лақтыра береді. Бір заманда аршылған бұлақ айдыны кеңіп, шалқар көлге айналды. Батыр атын суарғалы қараса, ол әлдеқашан тасқа айналып, қатып қалған екен. Көлге төніп тұрған Атбасы шоқысы осылайша пайда болады» [7].

Қорыта айтқанда, жағырапиялық нысандардың пайда болуын баяндайтын қазақ мифтері кейінгі замандарда, нақтырақ айтқанда, жоңғар шапқыншылығы кезеңінде тарихи циклденуден өтіп, отаншылдық сарынмен әрлене түскен. Ғылымда қазақ эпосы жоңғарға қарсы жүргізілген шайқас кезеңінде тарихи жинақтаудан қайта өтіп, тұтастанып, патриоттық рухқа қызмет еткендігі жан-жақты дәлелденген болатын. Рухани бұл серпінді құбылыстан мифтердің де сыртқары қалмағанын біз талдаған мәтіндерден көруге болады.

Жалпы, жергілікті жағырапиялық нысандар мифті белсенді тасымалдаушы, әрі көне миф кей жағдайда тарихи тұлғалардың бейнесін сомдауға үлес қосып, қайтадан түлейтін қабілетке ие. Сол себептен де тарихта болған Райымбек пен Жасыбай батырлардың қаһармандық тұлғасы мифологиялық ажарлы бояулармен мүсінделген.

Г.Н.Потанин: «Қазақ елі ұлттың рухани өмірін екінші орынға ығыстырған діни бағыттағы кітәби әпсаналармен әлі де тұмшаланған жоқ. Олардың ар-ұждан кодексі мен өмірде үлгі-өнеге тұтатын асыл мұраты халықтың аңызы мен салтында, шежіресінде айқын тұжырымдалған. Олар бөтен тілде жазылған түсініксіз киелі кітаптарға жүгінбейді, отаны жоқ әлдеқандай қасиеттілерге де бас имейді, олар жан әлеміне қажетті барлық қоректі өзінің ұлттық батырлары мен қалаулы қаһармандарының, рубасылары мен ақсақалдарының саясынан іздеп таба алады» деп жазған болатын [8].

Түйіндесек, қазақтағы тау-тас, өзен-су, көл-бұлақтардың пайда болуы туралы сюжеттердің ерекшелігі сол, онда баяндалатын нысандар жауға қарсы соғысып, көз жұмған рухы биік жандардан қалған тарихи ескерткіш, куә ретінде сомдалады да, мұндай мәнге ие болған жағырапиялық өлке қазіргі ұрпақты бабалар дәуірімен жалғастырып, зердесіне отаншылдық сананың дәнін себетін киелі мекенге айналады [9]. Демек, ұлттық мифология жаугершілік заманда отаншылдық құралға айналады да, ұлы даладағы бабалардың рухы сіңген қасиетті тау-тас, көл-бұлақ қалың жауды жамсатқан қаһармандарымызға арнап ел ана мен жер ана бірігіп тұрғызған салтанатты монумент кешендей кейінгі ұрпаққа әсер береді.

-
1. Ежелгі Қазақстан аңыздары. Алматы, 2006. - 161-165 бб.
 2. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. Алматы, 1984. – 70 б.
 3. Мусин Ж. Жер шоқтығы Көкшетау. Алматы, 1989. - 8-12 бб.
 4. «Коммунизм таңы» газеті. 1988. 14 маусым. № 71.
 5. Қазақтың мифтік әңгімелері. Алматы, 2002. - 97-127 бб.
 6. Мифологический словарь. М., 1990. С. 365.
 7. Приймак Д. Скалы и легенды Баянаула. Алма-Ата, 1974. С. 15.
 8. Потанин Г.Н. Очерки Северо-западной Монголии. Вып. 2. Материалы этнографические. СПб., 1881. С. 7.
 9. Тойшанұлы А. Түрік-моңғол мифологиясы. Алматы, 2009. – 47 б.

АҒАБЕКОВА Жазира Ағабекқызы
*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
«Шығыстану» кафедрасының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты*

ҚАЗАҚ ТОПОНИМИКАСЫНЫҢ АРАБ ТІЛДІК ҚАБАТЫ МЕН АРАБТАР

Кез-келген өркениетті қоғамда топонимдер саяси-ұлттық маңызға ие болады. Елдің шекарасын анықтауда, халықтың тарихын қалпына келтіруде топонимдік бірліктердің алатын орны үлкен. «Топонимдер белгілі бір дәуірде пайда болған, уақыт өтуі барысында тұлғасы, сондай-ақ мазмұны да өзгеріп, отырған халықтардың орын ауыстыруы, соғыстар, мәдени, экономикалық және тілдік қатынастар тәрізді нақты тарихи оқиғаларға байланысты таралып отырған» [1]. Топонимдер адамзат қоғамында пайда болып, халыққа қызмет етеді, оның когнитивті ауқымы кең. Халықтың тарихы мен жерінің географиялық орналасуына орай топонимдердің тілдік тұлғасы өзгеріп, ауысып кетуі заңды нәрсе. Бүгінгі күні топонимдерді тілдік аспектіде ғана қарамай, олардың пайда болуын, өзгеруін жан-жақты басқа ғылым салаларымен, атап айтқанда, тарих, география, этнография және этнология, социология, психология, экономикамен байланыстыра отырып зерттеу өзекті мәселердің бірі болып отыр. Бұл туралы профессор Б.В. Горнунг: «...топонимикамен айналысуға тарихшыға да, географқа да, этнографқа да құқық беріледі, бірақ тілдік әдістерді толық меңгеру шарты қойылады», - десе [2], Б.Бияров топонимика ғылымының қоғамдағы рөлін айта келіп, оның квазитарихи кезеңдерден, қоғамдағы әлеуметтік-саяси, экономикалық өзгерістерден тыс қала алмайтынын айтады [3].

Қазақ халқы өмір сүріп отырған жер бедерінің түрлері мен пішіндерінің әркелкілігі қазақ топонимикасының сөздік қорын байытуға негіз болуда.

Қазақстан Орталық Азияның қақ ортасында орналасқан. Осы жерді мекендеген ежелгі түркі халықтары өздерінің күнделікті өмір сүрген жерінің табиғи-географиялық ерекшелігіне икемделіп, шаруашылығын, тұрмысын және мәдениетін жасаған. Ауа райына сай көшіп-қонып өмір сүргенімен, халықтың көп бөлігінің ертеден-ақ отырықшы болғанын тарихи фактілер дәлелдейді. Бұл туралы тарихшы ғалым У. Х. Шәлекенов: «Қазақстанның археологиялық картасына» көз жіберсеңіз, Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісу өңірлерінің ортағасырлық қалалары антикалық дәуірдің соңғы кезеңінен бастап, ертедегі орта ғасырды толығымен өз ішіне алады. Біздіңше, ол қалалардың ішінде антикалық дәуірдің бел ортасында іргесі қаланған қоныстар да болған», - деп өз зерттеулерімен дәйектер келтіреді [4].

Қазақ топонимдері ежелден жер бетінің бедеріне, өзен-көлдердің терең-таяздығына, үлкенді-кішілігіне, жердің қазба байлықтарына, ол жерлердегі флора мен фаунаның түрлерінің болуына, тіпті сол жердегі тау-тастардың пішіндеріне байланысты беріліп отырған. Қазақ жерінің кеңдігі және географиялық жағынан түрлілігі топонимдік саланы тілдік жағынан байытқанымен, этностың ұлттық ойлауы мен психологиялық сананың біртектілігі, жер-суға атау бергенде, бірізділікке әкеледі. Бұл туралы ғалымдар пікірін саралай келе, В.А. Жучкевич «... Қазақстанның барлық аймағына тән бір ортақтық бар. Ол ортақтық барлық аймақта қазақ топонимдерінің бар болуы», - деп атап көрсетеді [5].

Қазақ топонимдерінің қалыптасуында араб халқы мен сол халық арқылы әлемге тараған Ислам дінінің рөлі үлкен. Ислам діні арқылы мұсылман мәдениетінің ортақ тіліне айналған араб тілі элементтері қазақ әдеби тілінің барлық саласына әсер етті. Тілдің лексикалық қорында молынан орын алған араб сөздері қазақ (түркі) тілінің ономастикалық саласын да қамтыды.

Топонимдерде ұлттық сана мен таным басым болады да, соның негізінде тілдік бірлік қалыптасады. Этнос тіліндегі сөздік қорға әсер етеді. Тілдің тазалығы немесе кірме сөздердің артуы, әлеуметтік лингвистикалық факторлар да осы топонимдерден көрініс табады. Отандық ономаст ғалымдар қазақ топонимдерінің тілдік қабатын түрлі тілдік қабаттарға бөліп қарастырады: ежелгі түркі, араб-парсы, монғол және орыс тілді қабаттар. Бірақ, осы тілдерден жасалынған топонимдік лексиканың тілімізде көрініс табуы түрлі болып отыр. Бір тілдерден қабылдаған топонимдік бірліктер тек тілдік деңгейлерде қалса, екінші бір тілден енген топонимдер халықтың мәдени, рухани, идеологиялық деңгейлерінде қалыптасқан. Басқа халықтың ұлттық мәдени құндылықтары мен стереотиптері топонимдер арқылы тілімізге енді. Академик Ә. Қайдар соңғы екі ғасырда қазақ топонимдерінің үштен бірі өзгергенін, ауыстырылғанын, не болмаса, жаңадан пайда болғанын айтады. «Басқа тілден енген топонимдердің табиғаты жасанды және тіліміз бен рухани болмысымыздан алшақ болатыны даусыз» [6].

Исламның енуімен келген араб тілдік қабат тілімізге діни ықпал арқасында еніп, кейбір топонимдік модельдердің компоненттері мен жер-су атауларының тұлғасы ретінде сақталып қалды. Араб тілінің іздерін некронимдерден, спелеонимдерден көбірек байқауға болады. Агронимдердің ішінде де оларды кездестіруге болады. Бірақ, жалпы тұрғыда алып қарағанда, араб тілінен келген кірме атаулары мен компоненттері ұлттық топонимиканың жүйеқұраушы әлеуетті қабат емес, фрагментарлы сипаттағы жеке элементтер арқылы ұлттық топонимиканың көне субстраты ретінде танылады [7]. Тіліміздегі араб тілінен енген топонимдік қабат толық зерттелген жоқ. Олардың лексемалық бейнесі сақталғанымен, семантикасында күдік келтіретін нысандар көп болады. Тіпті араб тілінен енген топонимдерді тұтынушаларға олардың шет тілінің сөзі екені білінбейді. Мысалы, «Шаян» елді-мекенінің атауы туралы «арабтың «таң шапағаты» деген сөзінен шығады деп пікір білдірген. Ал, енді бір ғалымымыз «Талғар», «Шардара», «Шарлақ», «Ленгір», «Астана», «Шымкент» атауларын араб-парсы элементтері арқылы жасалған, мағыналары көмескі деген пікірлер айтады [7].

Қазіргі Түркістан қаласының Шаухардан (араб деректерінде «Шавгар») кейінгі атауы - Иасы. Бұл ойконимді көптеген зерттеушілер осы өңірді мекендеген батыс түркі тайпаларының аты десе, Т.Жанұзақов: «Иасы көне түркі лексикалық қорында «jasi», «jazi» - «мидай жазық сар дала» деген сөзінен жасалған», - дейді [8]. Б.Бияров болса аталған ойконимді «араб тілінен енген атау», - деп көрсетеді [3]. Тілді білетін мамандар үшін араб тілінің төл сөзі екенін сыртқы формасынан немесе түбіріне қарап ажырату қиын емес.

Жалпы, қазақ тіл білімінде осы күндерге дейін «араб-парсы тілдері» деген ұғым қатар қолданылады. Бұлардың қатар қолданылуы қате түсініктен туған. Себебі, әдеби араб тілі – семит-хамит тілдер тобына жататын, 20 дан аса елдің мемлекеттік тілі ретінде саналатын, әлемде миллиондаған адамдар сөйлейтін тіл. Парсы тіліне келер болсақ, үнді-еуропа тілдік семьясы иран тобының оңтүстік-батыс тармағына жатады. Иран Ислам Республикасының ресми тілі. Орта ғасырларда әдеби тіл ретінде Иранмен шекаралас жатқан Ауғанстанға, Орталық Азияның кей өңірлеріне, Үндістан мен Әзербайжанға тарады. Парсы тілі бай жазба дәстүрге ие дүние жүзіндегі ежелгі тілдердің бірі. Бұл тілдегі жазба ескерткіштердің 2500 жылдан астам тарихы бар. Тілімізге араб-парсы элементтерінің енуінің өзі хронологиялық тұрғыдан да әрқилы болып келеді.

Топонимдердің араб тілді қабатының географиялық таралуы да әртүрлі. Оңтүстік облыстарда араб тілінен енген, ислам дінімен байланысты атаулар көбірек кездесе, солтүстік облыстарда бұл құбылыс өте төмен деңгейде.

Орта ғасырларда мұсылман-араб география ғалымдары жол, олардың бағыттары туралы алғашқы ғылымды жасады. Ислам өркениетінде батыс пен шығыстың арасында саудагерлер мен саяхатшылардың оңай араласуы, қажылыққа баратын адамдарға жағдай жасау, әлемдегі елдерді танып - білу мақсатында ғылыми зерттеулер жүргізілді. Орта ғасырдағы мұсылман – географ ғалымдардың жасаған саяхаттары мен солардың негізінде жазылған еңбектері осыған куә болады. Ислам авторларының еңбектерінің ерекшелігі олардың мазмұны мен жан-жақтылығында болды. Шығыстанушы В. В. Бартольд ислам өркениетінің дамуы өздерінің мемлекеті мен әскерді басқаруды тәртіпке келтіруден бастағандығын жазады. Олар жұмысты ұйымдастыруды байланысты реттеу мен жолдарды салудан және қайта жөндеуден бастады [6]. Омар ибн әл-Хаттаб заманында байланыс жұмысы жедел түрде алға жылжи бастаса, Омаядтар дәуірінде мемлекеттік деңгейде маңызды орын алатын бағыт болды.

Қазіргі қазақ жеріндегі ономастикалық бірліктердің орта ғасырлық үлгілерін зерттеуге араб саяхатшыларының еңбектері негіз бола алады. Әлемнің қолжазбаларды сақтайтын Германия, Франция, АҚШ, Түркиядағы ғылыми кітапханаларда түркі халықтарының тарихына қатысты еңбектердің көбісі аударылмай, өз зерттеушілерін күтіп отыр. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша елімізге сол жәдігерлеріміздің 5000-ға жуығы әкелініп, аударыла бастады. Енді солардың бірнешеуіне тоқталып өтейік.

Ибн Баттута (араб. أبو عبد الله محمد ابن بطوطة, толық аты-жөні Ибн Баттута Абу Абдаллах Мухаммед ибн Абдаллах аль-Лавати ат-Тандж). *خفة النظر في غرائب الأمصار وعجائب الأسفار* атты кітабымен белгілі.

Абу-ль-Касим Убайдаллах ибн Абдаллах ибн Хордадбех (парсыша ابوالقاسم ابوالفاسم) (Хурдазбих деп аталады).

Кұдама ибн Джафар. Араб географы, X ғасырда жазған "Китаб ал-харадж" еңбегінде Шаштан (Ташкенттен) Қытайға дейінгі аралықтағы географиялық нысандар туралы жазады. Алғашқы рет Мав (Арысь), Юран (Боролдай) и Баркуаб (Терс) өзендері туралы мағлұматтар береді. Абарджадж деген өзен, туралы да айтып өткен. Оның көптеген бұлақтары бар екенін, Қаратаудан Боралдай өзенімен қиып өтетінін айтады. Алғашқы рет Таразға жақын жердегі құм туралы сөз етеді. Бұл, біздің білуімізше, Мойынқұм болуы мүмкін. Географтың келтірген деректеріне қарағанда өзі саяхат жасаған сияқты.

Абу Али Ахмед Ибн-Омар Ибн-Русте. "әл-ә'лак ән-нәфиса" "Қымбат мұралар» атты еңбегінде тұңғыш рет Арал теңізі туралы айтады. Оны ерекше тұзды көл деп көрсетіп, Хорезм көлі деп атайды.

Ахмед ибн Фадлан – атақты араб саяхатшысы. X ғасырда Бағдаттан қазіргі Қазақстан жері арқылы өтіп, бұлғарлар жеріне дейін барған. Батыс Қазақстан жеріндегі бірнеше өзен туралы мағлұмат береді. Дзам (қазіргі – Ембі немесе Жем), Үзіл (Уил), Ерден (Қалдығайты), Уарыш (Өленті) арқылы керуендердің өтетінін суреттейді. Бұлардың барлығы қазіргі уақытта кішкене өзендер болғанымен, сол кездегі деректерге қарағанда, кешіп өтуге болмайтын үлкен өзендер қатарына жатады. Орал өзенін Джайх немесе Иайх деп аталатынын айтқан [9].

Ибн Фадлан Шалқар өзенінде керуен тоқтайтын аялдаманың болғаны туралы да мағлұмат береді. Осы өзен арқылы Каспий жағалауының ауа райына тоқталады.

Арабтар өз географиялық сипаттауларында Еуропаны, Азияның оңтүстік бөлігін, Солтүстік Африканы бейнеледі. Испаниядан бастап Түркістан жеріне дейінгі, Мауереннахр мен Жетісу және Шығыс Түркістан жерлерін, Ертіс пен Енисей өзендерінің аңғарларындағы елді-мекендердің барлығын тегіс аралап, халықтың мәдени-әлеуметтік өмірі мен жердің пайдалы қазбалары туралы толық мағлұматтар беріп отырды [7]. Араб саяхатшылары өндіріс, тіл, діни ілімдері туралы да сипатта-

ма жасады. Олар арабтардың ислам дінін таратуына дейінгі жүздеген жылдар тарихы бар мемлекеттерге саяхат жасап, көздерімен көрген нәрселерді жазып отырды.

Ұлы Жібек жолының бойындағы елдерді де зерттеумен айналысқан еңбектер де бар.

Араб географтарының еңбектерінің зерттеліп аударылғаны ІХ ғасырдағы Ибн Хордадбектің «Жолдар мен мемлекеттер туралы ғылым» атты еңбегі. Одан кейін Ибн Әл Факиха, Әл-Хамадани, Әл-Истахри, Ибн Хауқал, Әл-Мухадаси еңбектері жарыққа шықты. Классикалық географтардың мектебіне тән нәрсе шығарылған шығармалар әр уақытта карталармен қоса беріліп отырған. Карталар мен онда белгіленген сызбалар тапонимдік бірліктерді анықтауда маңызды рол атқарады. ХІІ ғасырда Абу Саъад Абд әл-Керима әс-Саманидің «Китап әл-Әнсап» (Генеалогия туралы кітап) еңбегі жарыққа шықты. Бұл еңбекте сол дәуірде өмір сүрген атақты мұсылмандардың әліпбилік ретпен тізімі беріледі. Осы тізімде берілген антропонимдердің бір бөлігі арабтың кісі атау дәстүріне орай аймақ, қала және басқа да географиялық нысанды көрсетеді. Әс-Самани осы географиялық атаулардың нақты дыбысталуын береді. Қазақстан мен Орталық Азия топонимдерінің Орта ғасырлық қоры біз үшін аса маңызды еңбек болып табылатын Якудтың «Муъджаам әл-Булдан» еңбегінде көптеп берілген. Сөздіктің материалдары алфавиттік тәртіппен орналасқан. Әрбір атаудан кейін оған жан-жақты түсінік берілген, атаулардың басқа да нұсқалары көрсетіледі. Кейде автор топонимдік бірліктердің этимологиясына да тоқталып өтеді. Сөздіктің көптеген мақалаларында мағызды мағлұматтар жатыр. Сөздікте қаланың пайда болған уақыты, оның халқы, басып алудың тарихы, аңыз әңгімелермен сол қаладан шыққан атақты ғалымдар туралы айтылады. Олардың ұстаздары мен шәкірттері туралы да мәліметтер енгізілген. Негізінен, еңбекте Якуд өзі болған елді мекендерді сипаттайды, сонымен қатар атаудың жалпы анықтамасын берген жерлері де кездеседі [11]. Якудтың сөздігінде Мәуеренахрға қатысты 500-ге жуық топонимдер бар. Араб саяхатшылары жазбаларының ерекшеліктері олар бір жазбадан алған мәліметтерді ешқандай өзгертпей алуға тырысқан. Жүріп өткен жерлеріндегі атауларды да естілуіне қарай өзгеріссіз жазған. Сондықтан да, Қазақстан мен Орталық Азия топонимдерін зерттеуде араб географтарының қолжазбаларының түпнұсқаларын пайдалану жемісті еңбек береді.

-
1. Мурзаев Э. М. Очерки топонимики. -М., 1974г. – 11 с.
 2. Бондалетов В.Д. Русская ономастика: Учебная пособие для студентов пед. институтов.-Москва:Просвещение, 1986. – 37 с.
 3. Бияров Б. Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері.-Алматы, 2012. -31 б.
 4. Шалекенов У.Х.-Баласағұни. Алматы:Қазақ университеті, 2009. – 11 б.
 5. Жучкевич В.А. Общая топонимика. –Минск, 1980. – 234 с.
 6. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы: Ана тілің, 1998. – 53 б.
 7. Рысберген Қ. Отаршылдық саясаттың ұлттық топонимиядағы кері әсері (бейұлттандыру үрдісі)// Әдеби тіл және қазақ тілінің өміршеңдігі. АкадемикР. Сыздықтың 80 жылдығына арналған ғылыми-теориялық конференция материалдары. –Алматы, 2005. – 25 б.
 8. Жанұзақов Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры. Алматы: Дайк-Пресс, 2007. 73 б.
 9. Крачковский И.Ю. Избранные сочинения. т. 4, Москва-Ленинград, 1957. – 231 с.
 10. Якут аль-Хамави. Муджам аль-булдан. –Бейрут, 2003.

ИЛЬЯСОВА Зибазұл Сүлейменқызы
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,
«Шығыстану» кафедрасының доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты

АРАБ ДЕРЕКТЕРІНДЕГІ ТҮРКІСТАН АТАУЫНЫҢ ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕСІ

Орта Азия Шығыс пен Батысты байланыстырған ең маңызды сауда-экономикалық және әскери-саяси коммуникацияларының қиылысындағы маңызды стратегиялық географиялық жағдайының арқасында әрдайым әлемнің ұлы державаларының үлкен назарына ие болды және бүкіл тарих кеңістік аралығында басқа жерлік жаулап алушылардың басып алушылық соғыстарының жиі құрбаны болып отырды. Олардың әрқайсысы ұзақ уақыт аралығында бұл өлкеге, басқа жаулап алушылармен қатар, өзінің ұлттық дәстүріне және тарихи-географиялық терминологиясына сүйене отырып, жазбаша дерек көздерінде бекітілген және қолдануда болған өз атауын беріп отырды.

Барлық орта азиялық аймақ атауларының ең ежелгісі – Тұран, оның негізі Орта Азияның ежелгі көшпенді және жартылай көшпенді халықтардың тайпалық атауын білдіретін тур этнонимі болып саналады. Б.з.д. I мыңжылдықтың басында турлар Иранның көгалдық иеліктерімен жауласқан ірі әскери-саяси бірлестік болды. Бұл этноним тұңғыш рет «Авестада» жазылған, кейіннен көне иран мифологиясында және орта парсылық діни және тарихи әдебиеттер мен құжаттарда, сонымен қатар орта ғасырлық парсы, араб-мұсылман және жергілікті орта азиялық тарихи-географиялық әдебиеттерде көрсетілген.

Сасанидтік патша Шапура I (242 — 272 жж. билік еткен) дәуірінде парсылардың арасында Тұран (Turan) атауымен бірге тараған және «турлар елі» мағынасына ұқсас Туристан (Turistan) атауы қолданысқа енді. Бұл елдің әміршісін Sasan-pan деп атаған, яғни «сақтар патшасы». III-IV ғғ. сасанидтік мөрлерде Тұран және Туристан атауларымен қатар балама ретінде Тургистан (Turgistan) атауы қолданылды. Кейінірек, эфталиттер (V ғ.) және түркілер (VI—VIII ғғ.) дәуірінде ол «түріктер елі» мағынасын білдіретін «Туркистан___» (немесе Түркістан) атауына өзгертілді. Тұран (trgn) топонимі ерте кушандық және ерте орта ғасырлық кезеңдегі Хорезм ақшаларында кездеседі. Түркістан атауы, яғни «түркітер елі», көне ирандықтардың түсінігінде Әмудария, Сырдария және Тарым өзендері территориясының географиялық аумағын қамтиды [1].

Тұран және Түркістан топонимдері секілді, тур және түрк этнонимдерін теңестіру, ең алдымен, исламға дейінгі және ислам кезеңіндегі иран тілді тарихи-географиялық, кейін араб-мұсылман және орта азиялық дәстүрлерде орын алды. Көне ирандықтар, әуелі, турлар деп орта азиялық түркілерді, сонымен қатар түркі тілді сақтар мен ғұндарды атады. VI—VII ғғ. бастап Тұран географиясының нақты көрінісі Әмударияның оңтүстік жерлері мен Түрік қағанаттың шекараларымен дәл келетін жерлерді алады. Түрік авторларымен XI ғ. Тұран патшасы Афрасиаб аты аңызға айналған түрк ханы Алып Ер Тоңғамен теңестірілді. Алып Ер есімі таулы Алтайдағы көне түрк руна жазуларында аталады. «Аяткар Зареран» парфян эпосында суреттелген хиониттер патшасы Арджаспаның тағдыры түркілердің бабасы Ашина туралы түрк аңызымен сәйкес келеді. Түрік немесе түрк этнонимі екі элементті (түр-к), екінші элементі «-к» жинақтық көпше түрдегі аффикс болып табылады, жалпы бұл сөз ирандық тұр-ан сөзімен бірдей түркі сөз тұлғасы болуы ықтимал.

Грек-македондық жаулап алушылар (б.з.д. IV ғ.) орта азиялық аймақты Ахеменидтік державаның бөлігі ретінде қарастырса, көне қытайлықтар (б.з.д. I-II ғғ.) «Батыс өлкенің» жалғасы, яғни бағынышты Шығыс Түркістан аймағы деп түсінді [2].

VII—VIII ғғ. арабтардың Орта Азияға келуімен «өзеннің ар жағында» мағынасын білдіретін «Мауереннахр» терминін қолданысқа енгізді. Орта ғасырларда кең етек алған бұл географиялық атаудың азырақ белгілі, бірақ сол мағынаны білдіретін парсы тіліндегі баламалары да болды - «Вараруд» және «Вараджайхун», алғашқыда (IX ғ., Тахиридтер кезінде) ирандық Хорасанның жалғасы ретінде, содан соң (IX—X ғғ., Саманидтер кезінде) құрамында Хорасан бар жеке әкімшілік бірлік ретінде, кейінірек (XI-XII ғғ., Караханидтер кезінде) араб халифатының құрамындағы Түркістанның бөлігі ретінде қарастырылды.

XIX ғ. Еуропалық ғылыми-тарихи дәстүрге араб атауы «Мауереннахрдың» латындық баламасы (аудармасы) болып табылатын жаңа термин «Трансоксания» немесе «Трансоксиана» қолданысқа енгізілді. Птоломейдің айтуына сәйкес, Окстның (Амудария) ар жағындағы Йаксарт өзенінің төменгі жағында, сол жақ жағалауында ариак халқы тұрды, түркі сөзінен алынған арийак (нарийак)- «өзеннің ар жағында». Дәл осы атаудан латынша «Трансоксиана» және арабша «Мавераннахр» топонимдері өзгертпей алынды.

Шығыстанушы Ә. Муминов «Орталық Азияның ұланғайыр территориясынан исламды ұстанған екі негізгі аймақты бөліп алуға болады: 1) Мауереннахр («Қос өзен аралығы», Трансоксания) – отырықшы аймақтағы ислам; 2) Түркістандағы (Сырдарияның шығысындағы мұсылман аймақтары) – көшпелі аймақтардағы ислам» [3, 109 б.] дей келіп, Орталық Азия тұрғындарын отырықшылар мен көшпелілер деп бөлу мәселеге айқындық бермейді, өйткені олардың арасында ешуақытта мызғымас шекара болған жоқ деп тұжырым жасайды. Шындығында бұл аймақ тұрғындары шаруашылығы, менталитеті, рухани мәдениеті бойынша бір-бірімен тығыз байланысты болуымен бірге олар бір-біріне экономикалық, мәдени тұрғыда тәуелді болды.

Сөйтіп, орта азиялық аймақ өзінің бүкіл тарихы аралығында әлденше рет басқа жердің басқыншыларының орынсыз шабуылына душар болды, соған байланысы әрқайсысы өз атауын беріп отырды. Орта азиялық тарихи-географиялық дәстүрге келетін болсақ, барлық атаулардан жергілікті халық арасында ең кең таралғандары «Түркістан» және «Мавераннахр».

«Тұран» және «Түристан» топонимдерінің кейінгі баламасы болып саналатын «Түркістан» топонимі алғаш рет жазба дәстүрінде б.з. VI—VII ғғ. дерек көздерінде кездеседі. Орта азиялық аймақ «Түркістан» б.з. 639 ж. Тұрфанда құрастырылған соғды мәліметтерінде кездеседі. «Түркістан» атауы бірнеше рет Тургистан (Turgistan) түрінде VI-VII ғғ. сасанидтік жазбаларда және Ираннан әкелінген VII ғ. Пехлевей мәтіні негізінде Үндістанда құрастырылған орта парсылық «Бундахишн» жазбалары ескерткішінде кездеседі. (Тұран және Түркістан топонимдері орта ғасырлық грузин дереккөздерінде, сонымен қатар Моисей Утийскийдің (VII ғ.) «Албан тарихында» жиі кездеседі). Жоғарыда аталған барлық деректердегі «Түркістан» атауы VI—VII ғғ. Түрік қағанатының құрамына кірген Орта Азияның барлық территориясын және оңтүстіктегі Бактрия – Тохаристан мен Үндістанның бір бөлігін айтқан. В.В.Бартольд «Түркістан» атауы, яғни «түркі елі», Әмударияның ар жағындағы түріктерге тиесілі барлық жерлер деп Сасанидтер кезінде алғаш рет қолданысқа енгізілді дейді [4].

Осыған байланысты, «Тұран» атауы, «Мавераннахр» атауынан өзгеше кейінгі баламасы «Түркістан» сияқты өзінің негізінде географиялық емес, этногеографиялық түсінікті қамтып, сонымен қоса белгілі саяси-құқықтық мағына білдіретінін атап өту керек. «Тұран» атауы алғаш рет өздерімен көрші, нақты және шынайы өмір сүрген

Орта Азиялық тайпалар мен халықтардың мемлекеттік құрылымын анықтау үшін ахеменидтік кезеңіне дейінгі ежелгі ирандықтарда қолданыла бастады.

Орталық Азияда пайда болған мемлекеттік құрылымдардың пайда болуымен «Тұран» деп ирандықтар, сасанидтер дәуірінде «Түркістан», ал түркілер дәуірінен бастап «Түркістан» деген атау пайда болды. Сондықтан осы топонимдер тек қана географиялық ұғым емес, нақты Орта Азия территориясында пайда болған мемлекеттік құрылымдармен байланысты деп негіздеуге болады және сол мемлекеттің бірі араб шапқыншылығына дейінгі Батыс Түрік қағанаты болды.

Араб шапқыншылығынан кейін «Түркістан» топонимі өзінің саяси-құқықтық мағынасын жойған жоқ. Тек бұрынғы географиялық жағдайда оның саяси шекарасы солтүстік және шығысқа қарай жылжып Араб халифатының шекарасына дейін кеңейіп, Қарлұқ және Ұйғыр қағантының шекарасымен шектесті. VIII-X ғғ. араб-мұсылман тарихшылары мен географтарының және түркі тілді авторлардың еңбектерінде «Түркістан» атауы қолданыла бастады. Арабтар «Түркістан» атауының кең мағынасына түрік тілінде сөйлейтін халықтарыды емес, сондай-ақ, моңғолдар, түнгүстер, тибеттер және қытайлықтардың жерін де қосқан [5].

Бұрын Батыс Түрік қағанатына қараған Орталық Азияның оңтүстік аймақтары ирандық Хорасанның құрмына кіріп, «Мауреннахр» атауын алады, яғни араб тілінен аударғанда «өзеннің арғы жағы». Арабтар Орта Азиядғы отырықшы түріктердің жерлерін «өзеннің арғы жағы» деп атаған. Әл-Фергани «Хорасан» ұғымына бүкіл Орта Азия территориясын, Жетісу және Талас аңғарларын жатқызған [6].

Осы атауларға байланысты араб, парсы, түрік әдебиеттеріндегі мәліметтерге тоқталсақ. Түркістан, түркілер елі атауларына байланысты ортағасырлық араб тілді тарихи-географиялық еңбектерде мынандай деректер кездеседі. Бұл атауды араб авторларының арасында алғашқылардың бірі болып Ибн Хордадбех (IX ғ.) «Түркілер елі: тоғызғұздар олардың облысы түріктер еліндегі ең үлкені, олар Қытаймен (Син), Тибетпен және қарлұқтармен шектеседі және «Мервтен екі жол шығады бірі Шашқа және түркі еліне, келесісі Балх пен Тохаристанға апарады [6, 21 б.] деген мазмұнда қолданады. Әл-Якубидің (IX ғ.) еңбектерінде бұл ұғым «Барлық түркі елдері Хорасан және Седжестанмен шектеседі. Ал Түркістанда түркілер бірнеше халықтар мен мемлекеттерге бөлінеді...[7] - деп одан да нақтылана түседі. XIII ғ. араб тілді автор Йақұт әл-Хамауидің «Мұ джам әл-булдан» еңбегінде: «Түркістан барлық-түркілер мекенінің атауы» - деген алғашқы сөйлеммен бұл ұғымға барынша әмбебап анықтама береді [8, 28-30 бб.].

Түркістан тарихи-жағрафиялық аймағы Амудариядан солтүстікке қарай бағытталған. Бұл аймақтар, бұдан кейін, әйгілі араб тарихшысы ат-Табаридің (IX ғ.) шығармаларында да орын алып, онда Окс (Амудария) өзені түркілер мен парсылардың арасындағы шекара ретінде белгіленген дей келіп, академик Б. Көмеков «VI ғ. тарихи сахнаға көне түркілердің келуімен және олардың Орталық Азияға саяси билігінің таралуына байланысты «турлар» ұғымы «түркіге», ал «Тұран» Түркістанға, яғни түркілер елі деген жеке ұғымға ие болды» деген қорытынды жасайды [9].

Ал Махмұд Қашқари (XI ғ.) дерегі бойынша: «Кейбіреулер бүкіл Мауараннахрды түркі елі деп есептейді. Ол Янкенттен басталады ...Қазір бүтін Түрк қалаларының шекарасы «بِسْكَوْن» Abisgun: Абісғұн (Каспий) – теңізін айналып, Рүм өлкесінен және «اوزجند» Өзгенттен Шынға (Қытайға) дейін созылады. Ұзындығы бес мың фарсах, ені үш мың фарсах; барлығы сегіз мың фарсах» [10, 209-210 бб.] - деп баяндайды.

Бүгінгі күннің міндеті халқымыздың ежелгі тарихи, мәдени және рухани әлемінің терең тамырларын анықтап, оларды қопара зерттеп, философиялық тұрғыдан біртұтас жүйеленген ұлттық тарихымызды жасап шығу. Қазақ халқының әлемдік өркениетке өзіндік болмысымен енуіне мүмкіндік беретін, ілгері дамуымызға тұғыр болатын ұлттық санамыздың ұстанымды ерекшеліктерін саралау, демек этномәдени тәлім-тәрбиені ұйымдастыру, ұлттық дәстүрді тарату, ұлттық рухқа үйрету, тарихи үлгіні үйрену бүгінгі күннің басты міндеті.

-
1. Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңы, 11шілде 1997.
 2. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2005. – 193 б.
 3. *Левшин. А.И.* Описание киргиз-казачих или киргиз- кайсахских орди степей.
 4. *Әуезов. М.* 50 томдық, 4-том, Алматы, 2001. 17-18 бб.
 5. *Назарбаев Н.Ә.* Сындарлы он жыл. – Алматы: Атамұра, 2003. 2-3 б.

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНА ОРТАҚ МӘДЕНИ, ТІЛДІК ПАРАЛЛЕЛЬДЕР

Түркі тілдерінің дамуы сол тілдерде сөйлейтін туыстас халықтардың өткен тарихымен тығыз байланысты. Орта Азия мен Қазақстан, Орталық Азия, Шығыс және Оңтүстік Сібір, Еділ-Жайық бойларын мекен еткен көшпелі халықтардың тұрмысындағы, шаруашылығындағы, салт-дәстүріндегі ұқсастықтары мен өзіндік ерекшеліктері олардың сөйлеу тіліне де әсер еткені белгілі. Себебі, осы территорияда мекен еткен қазақ, қарақалпақ, өзбек, қырғыз, татар-башқұрт т.б. түркі халықтары мемлекеттік дәрежеге толық ие болғанға дейін біраз тарихи кезеңдерді бірге өткізді. Бұған дәлел ретінде, қазақтың «Өзбек – өрістес ел, Қырғыз – қоныстас ел, Қарақалпақ – қарындас ел, Түрікпен – тамырлас ел, Татар-башқұрт – тағдырлас ел» деген мәтелін келтіруге болады.

Қазақ, қарақалпақ, қырғыз жұртшылығының ұлт ретінде қалыптасу тарихы, орыстардың отарлығындағы дәуірі, одан соң тәуелсіздігін (қазақ, қырғыз) алған жылдары бірге өтіп келеді. Қарақалпақтар да, қырғыздар да қазақпен көршілес орналасып, олардың тұрмыс-салты, өнері, дәстүрі, танымы, діни сенімі ұқсас болумен қатар айырмашылығы да жоқ емес. Сондықтан да бір-бірімен еш қиындықсыз ұғысатын бұл халықтардың этномәдени ерекшелігі қызықты.

Ұлттық дәстүр белгілі бір заманның нақты тарихи жағдайларына сай қалыптасып, өзінің даму процесінде жиі өзгерістерге ұшырап отырады. Бұған экономикалық, саяси-әлеуметтік, идеологиялық факторлар көп әсер етеді. Қазақ, қарақалпақ, қырғыз халықтары басқа халықтар секілді өздерінің көпғасырлық тарихында, айналысқан шаруашылығы мен қоғамға сай даму процесінде атадан балаға мұра болып өткен салт-дәстүр, әдет-ғұрып, дүниетаным мен наным-сенімдерді қалыптастырды. Ұлттық дәстүрдің қалыптасуында бұл халықтардың этникалық және мәдени байланыстары ерекше орын алады. Бұлардың өзара және басқа көршілес халықтармен (өзбек, тәжік, түркімен, орыс) этникалық қарым-қатынасының, мәдени байланысының арқасында заттық және рухани мәдениеттің жергілікті тұрмыстық формасы құрылды.

Мысалы, киіз үйдің құрылу тәртібімен таныстыра отырып, оларға қатысты атаулар мен тілдік бірліктерді беруде үш халықтың дүниетанымы, наным-сенімі, әдет-ғұрпынан дәйектемелер келтіру арқылы көптеген мәдени, тарихи, тілдік параллельдерді байқауға болады. Мұның өзі тарихи-мәдени мұрамыздың ортақтығын аңғартатыны даусыз. Киіз үйдің құрылымына жататын негізгі бөлшектер (ағаш сүйектері, киіз жабындылары, шиі, бау-шулары) оны тұтынатын халықтардың барлығында бірдей болып келеді.

Қазақ киіз үйінің және оған қатысты атаулардың өзіне тән жергілікті нұсқалары бар. Олардың сыртқы бейнесіне кең байтақ елдің табиғи жағдайларының сан алуандығы да, шаруашылық ерекшеліктері де, сондай-ақ қазақ халқының рулық-тайпалық құрамы да көп әсер еткен жоқ. Сонымен қатар қазақ халқы мен өзге түркі халықтарының киіз үйі және оған қатысты атаулары негізінен ортақ сипатта болып, олардың ішінара айырымдық белгілері де орын алғаны белгілі. Осы фактіні жіті зерттеу мақсатында қазақ халқына генеологиялық, территориялық жағынан жақын келетін қарақалпақ пен қырғыз халықтарының тіліндегі киіз үйге қатысты атаулардың, одан туындаған тілдік бірліктердің (лексикологиялық, фразеологиялық,

паремиологиялық) өзара ұқсастығы мен ерекшелігін лексика-семантикалық бағытта қарастырамыз.

Когнитивтік тіл білімінің құрылу кезеңінде (1956-1970 жж.) «концепт» термині «ұғым» терминімен қатар қолданылып жүрді. Бұл мәселені ғалым Н.Уәли былай тұжырымдайды: «ұғым мен концептінің мағынасы тепе-тең емес. Ұғым белгілі бір объектінің танылған аса мәнді белгілерінің жиынтығы болса, концепт мазмұн межесі жағынан объект туралы барлық білімнің жиынтығы, ал тұрпат жеке тұрғысынан тілдік бірліктердің (лексикалық, фразеологиялық, паремиологиялық т.б.), құралдардың жиынтығы болып табылатын ментальды, ұлттық ерекшеліктерді танытатын құрылым. Концепт болатын лексикалық бірліктердің саны шектеулі, кез келген атау сөз, мысалы, одағай, модаль сөздер, еліктеуіштер концепт бола бермейді. Белгілі бір мәдениет үшін ақиқат дүниедегі ерекше мәні бар құбылыс қана концепт болуы мүмкін» [3]. Яғни, ұғым құрылымынан гөрі концепт құрылымының аясы едәуір кең. Ұғым мәнді, мазмұнды белгілерден ғана тұрады, ал концепт болса, ақиқат дүние туралы таным, әсер, эмоция, ойды қамтиды.

Ал концептінің қалыптасуына құндылықтар жүйесі, салт-дәстүрлер, халық шығармашылығы, өнері, сезімдік және өмірлік тәжірибесі, дін сияқты қарапайым философияның бірқатар факторлары әсер етеді. Сонымен қатар, концептілер «адам мен ғаламның аралығын жалғайтын өз алдына бір мәдени қабат» құрады [4].

Әрбір ұлт тілдің, әрі белгілі бір мәдениеттің ұстанушысы ретінде танылады. Сол тіл ол үшін мәдениет пен айналадағы ақиқатты тану құралы ғана емес, сол мәдениетті ұстанатын адамның ойлау жүйесі, көрінетін өзгеше бет бейнесі болады. Яғни тіл, сол тілде сөйлейтін халықтың мәдени ұлттық ділін көрсетеді.

Тілдің когнитивті бірліктерінде мәдени ақпарат төрт тәсіл арқылы байқалады. Олар – мәдени сема, мәдени ая, мәдени концепт, мәдени коннотация [5]. Ал ұлттық мәдени концепт – ұлттың рухани және материалдық мәдени құндылығының қадір-қасиетін санада ақпараттармен жүйеленген тілдік бірліктер арқылы ерекшелеп көрсететін концепт түрі болып табылады.

Қандай да бір концептіні талдау барысында ұлттық мәдениеттің ақиқат дүниедегі орнын, оның даму қалпын тани түсетініміз белгілі. Тіліміздегі этномәдени концептінің негізгі көрсеткіші ретінде, ұлттық дүниетанымда ерекше орын алатын, киіз үйдің шаңырақ, есік, босаға, табалдырық сияқты негізгі элементтерін көрсете аламыз. Киіз үйге қатысты бұл атаулар қазіргі қазақ тілінде кездесетін тұрақты оралымдарда «киіз үйдің негізгі құрылымдық элементтері» деген бастапқы мағыналық сипатпен қатар, ерекше ұлттық мәдени ақпараттарды да білдіреді. Сол себептен киіз үйдің құрылымдық элементтерін когнитивті тұрғыда қарастыру барысында, шаңырақ, есік, босаға, табалдырық ұғымдарын өзара танымдық аспектіде зерделей келе, оларды жеке-жеке этномәдени концепт деп қабылдаймыз. Шаңырақ, есік, босаға, табалдырық ұғымдарының концептілік деңгейі халқымыздың тарихынан, дүниетанымынан, этикетінен, әдет-ғұрпынан мол хабар беретін шаңырақ құру, (өз алдына жеке үй болу, отбасын құру), қара шаңырақ (үлкен үйдің иесі), есік көрген (бұрын тұрмыста болған қыз), босағадан озбау (әдеп сақтау), табалдырық аттау // босаға аттау (келін болып түсу) т.б. когнитивтерінен байқалады.

Шаңырақ қазақ халқының күнделікті тіршілігінде, мәдени өмірінде ерекше орынға ие болуымен қатар, ол ұлттық санамызда сан түрлі танылып, тілімізде де өзіндік көрінісін тауып келеді. Негізінен, тілдік ұжым шаңырақты ең алдымен киіз үйдің құрылымдық бөлігі ретінде қабылдап, одан соң ақиқат дүниені, қоршаған ортаны тану арқылы оған жақын мағыналармен байланыстырып танымдық, тілдік тұрғыда интерпретациялайды.

Шаңырақ ұғымы ең алдымен, өзінің тарихи болмысының түрлі қасиеттері негізінде мәдени концепті жасауға қатысады. Сондай-ақ шаңырақ лексемасы-

на қатысты тіліміздегі тұрақты тіркестерді және көркем мәтіндер мен мерзімді басылымдардағы қолданыстарды саралай келіп, қазақ дүниетанымындағы шаңырақ мәдени концептісін бірнеше микроконцептіге бөліп қарауға болатынын байқадық. Олар: 1) «Шаңырақ – баспана»; 2) «Шаңырақ – отбасы»; 3) «Шаңырақ – кіші әлем»; 4) «Шаңырақ – обсерватория».

«Шаңырақ – обсерватория» микроконцептісі. Киіз үйді жыл он екі ай пана еткен көшпенді халық шаңырақ арқылы аспан әлемін тамашалап, астрономиялық тұрғыда зерделеп, уақыттың жылжуын, жыл мезгілдерін айыруын, күн мен айдың қозғалысын, көптеген жұлдыздардың туатын және бататын кездерін және олардың көрінетін орындарын жақсы білген. Мәселен, Үркер шоқжұлдызы арқылы жыл мезгілдерін анықтап отыратын халқымыздың танымы бойынша, ашық шаңырақтан (яғни, аспанның қақ ортасынан) Үркер көрінсе, қыстың басталғанын, ал қараңғы түсерде жерге таяу (төменнен) көрінсе, жаз мезгілінің басталғанын аңғартады. Бұған дәлел ретінде халық аузында жүретін мына өлең сөздерін келтіруге болады: Үркер үйден көрінсе, Үш ай тоқсан қысың бар. Үркер іңірде жамбасқа келсе, Жаз шықпағанда несі бар.

Ал, шаңырақ арқылы жұлдыздардың Темірқазықты айналып қозғалғанына қарай түнгі уақытты айыруға, және шаңырақтан киіз үйдің ішіне «Х» белгісі тәрізді түскен көлеңкесі бойынша күндізгі уақытты ажыратуға мүмкіндік туады. Сондай-ақ, М.С.Мұқановтың пікірінше, шаңырақ киіз үйдегі сағат іспеттес болған. Оның күлдіреуіштері минуттарды белгілеп тұратын сағаттың бағыттарына ұқсайды. Үйдің түгін шығатын шеңберіне жарық түскенде әйелдер сиыр сауады, ал күннің сәулесі төрдегі төсектің ортасына келгенде түскі уақыттың болғанын білдіреді және т.с.с. [8].

Сонымен халық танымында шаңырақ – тарихымызды, тұрмыс-салтымызды дәріптейтін баспананың құрылымдық бөлшегі ғана емес, ол – отбасының, кең мағынада Отанның татулығын, ауызбіршілігін, бақытын, білдіретін символдық таңба, әлемнің шексіздігін бейнелейтін заттық көшірме, аспан әлеміндегі геофизикалық құбылыстарды бақылайтын астрономиялық құрал деп ұғынылады.

Әрбір халықтың сөйлеу тіліне көңіл бөліп, оның мазмұн-межесіне ой жүгіртетін болсақ, ол халықтардың өткен тарихы, дүниетанымы, әдет-ғұрпы, салт-санасы тілдерінде сақталған. Қазақ, қарақалпақ, қырғыз халықтарының сөздік қорында мұндай сөздер лексиканың қомақты бір бөлігін құрайды. Осы халықтардың киіз үй атаулары мен оның ұлттық дүниетанымы мен әдет-ғұрып негізінде қалыптасқан тілдік бірліктері сөздік қорларында өзіндік із қалдырған. Үйдің есігі босаға, табалдырық, маңдайша, жарма есіктердің құрамынан тұрғандықтан, есікке қатысты лексикологиялық, фразеологиялық, паремиологиялық бірліктердің оның құрамындағы бөлшектердің атауларымен (босаға, табалдырық) де ауысып бір мағынада қолдана береді.

Үш тілдегі есік, босаға, табалдырық сөздерінің түсіндірме сөздіктердегі дефиницияларын саралай келгенде, «жаңа өмір», «үй», «тәуелділік» тәрізді ортақ семалары анықталды.

Есікке байланысты туындаған тілдік бірліктер көбінесе адамның өмірінде жасайтын алғашқы қадамдарға, оларды алда күтіп тұрған жаңа ситуацияларға және тағы да басқа жағдайларға қатысты болып келеді.

Табалдырық аттау || босаға аттау.

Киіз үйдің құрылымдық бөлшектеріне қатысты тілдік бірліктердің этнолингвистикалық табиғатына талдау жасау арқылы мәдениетаралық үдерістерді топтап қарастырамыз.

Ерін сыйлаған есікте қалмайды. Қазақ ер азаматты қадірлеген халық. Ер адам – отбасының тіреуіші, елінің сүйеніші, қорғаушысы ретінде сипатталады.

Ал әйел оның ақылшысы, әрі күтушісі. «Жақсы әйел жарының жақсысын асырар, жаманын жасырар» немесе «жақсы әйел ерінің есіктегі басын төрге сүйрейді» деген мақалдарға сай іс жасайтын әйелдің ері әрқашанда ел-жұртқа сыйлы, туған-туысқанға мақтаныш болады. Сол себептен, қазақ халқы ер азаматтың әрбір жетістігі үшін оның жанындағы әйелін қадірлейді.

Еркекке сенгенше, Екі босағаға сен || қырғызша – әрте ишенгенче, эки босогоңо ишен. 1. Еркек – мал табушы, ал әйелі сол малды орын-орнына жаратып ұқсатушы. Бірақ ер кісіге үміт артып отыра бермей, отбасының бірлігін сақтап, өз шаруанды жаса, өзің де әрекет ет; 2. ауыс. Еркектен қадір жоқ, өз әрекетінді өзің жаса деген феминистік көзқарасқа бағыттайтын әйелдерге арналған кеңес.

Жақсы адамның босағасы тар болса да кеңмен тең. Жақсы жігіттің атағы бір тайпалы елмен тең. Адамның жақсы бір қасиеті – кеңпейілділік. Кеңпейілді адам келген қонақтың көңілін дәулетті үйі, кең жайылған дастарханымен емес, шын адал ниетімен табады. Сол себептен атам қазақ «Жаманның төрінде болғанша, Жақсының босағасында бол» деп те жатады. Жігіттің туған елі үшін жасаған ерлігі мен игі ісі, сол елдің бүкіл атақ-даңқымен пара-пар. Сондай-ақ, қазақ келін тәрбиесіне қатты көңіл бөлген халық. “Келіннің аяғынан, қойшыны ңтаяғынан” деген марал осыған байланысты айтылса керек. Келін баланы үйге алғаш кіргеннен бастап, ырым сөздермен қарсы алады. Соның бірі, табалдырықты || босағаны оң аяғыңмен атта – жаңадан түсіп жатқан келінге күйеу жігіттің үйіне кірер алдында айтылатын сөз. Мысалы, Бұрынғы басы бос, еркін қыз енді қалыңдық болған уақытта, жаңа өмірдің табалдырығынан мықтап аттаған соң, жаңа үйдің мүшесі, жаңа елге тиісті адам болған соң, соның ауысқан жаңа өміріне арнап айтылатын өлең (М.Әуезов). Бұл тіркес жас келіннің оң аяғымен кіруі арқылы сол үйге жақсылық алып келеді деген халқымыздың сенімінен туындаған.

Төр төбесінде отырып, Теріс сөйлегеннен без, Есік алдында отырып, Ерсі сөйлегеннен без. 1. Төрте отырған ақсақалдар әрқашанда жастарға өсиет айтып, баталы сөз арнап отырады. Оның қарама-қарсысында (яғни есіктің тұсында) отырған жастар сұраққа жауап бергенде болмаса, негізінен үлкендердің сөзін тыңдайды. Бұл халқымыздың жазылмаған заңдылығы, этикеті. Қазақ – билердің кесіміне тоқтаған, ақсақалдардың дуалы сөзіне құлақ түрген халық. Осындай халықтық этикетпен ұрпақ тәрбиеленіп келеді. Сол себептен қазақ халқы төртедегі ақсақалдардың сөзі түзу, оны тыңдайтын жастардың болуын барлық заманда да қалаған. 2. ауыс. Қазақ қауымы сөйлеген сөзге ерекше мән берген халық. Бір ауыз сөзден адамның ой пайымын аңғарып, оның сөз саптауынан ортада алатын орнын байқап отырған. Сондықтан ер адам қандай ортада болмасын әдептілікпен сөйлегені абзал.

-
1. *Сарыбаев Ш., Нақысбеков О.* Қазақ тілінің аймақтық лексикасы. – Алматы: Ғылым, 1989. – 192 б.
 2. *Омарбекұлы С.* Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 312 б.
 3. *Уәли Н.* Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: Фил. ғыл. д-ры дис.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 44 б.
 4. *Арутюнова Н.Д.* Введение // Логический анализ языка. Ментальные действия. – М.: Наука, 1993. – 3 с.
 5. *Маслова В.А.* Лингвокультурология. – М.: Академия, 2001. – 54 с.
 6. *Ислам А.* Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама): Фил. ғыл. д-ры дис.: 10.02.02. – Алматы, 2004. – 340 б.
 7. *Радлов В.В.* Из Сибири (страницы дневника). – М.: Наука, 1989. – 749 с.
 8. *Муканов М.С.* Жилище и жизнеобеспечение этноса // Известия НАН РК. Серия общественных наук. – 1994. – №1 (193), январь-февраль. С. 3-11.
 9. *Кубрякова Е.С.* Номинативный аспект речевой деятельности. М.: Наука, 1986. – 156 с.
 10. *Жанұзақ Т.* Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 524 бет.
 11. *Қасиманов С.* Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 240 б.
 12. *Қайдар Ә.Т.* Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). – Алматы: Тоғанай Т, 2004. – 560 бет.

АХМЕТОВ Қадыр Әбілжанұлы
Еуразия гуманитарлық институтының проректоры
тарих ғылымдарының докторы, профессор

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ҮРДІСТЕР **(тарихи талдау)**

XX ғасырдың 20-30 жылдары КСРО-ның барлық аймақтарында жүргізілген «мәдени революция» саясатының нәтижесінде Қазақстанда да кеңестік мәдениет жасауда іргелі шаралар іске асырылып, жаңа қоғамның рухани өмірінде елеулі өзгерістер болды. Олар, қоғамның саяси басшысы болған - большевиктер партиясының кеңес мәдениетін жасауға бағытталған тұжырымдамасының негізінде жүргізіліп отырған.

Кеңес өкіметінің халықтың әлеуметтік жағдайын, мәдени деңгейін көтеруге бағытталған қызметі 20-шы жылдары оң нәтижелерін бергенін де айтуымыз керек. Әсіресе, халық ағарту, әдебиет, өнер, денсаулық сақтау салаларында едәуір алға басушылықтар болды. 30-шы жылдардың аяғына қарай жаппай сауатсыздық негізінен жойылды, жалпы білім беретін мектептер жұмыс істеді, алғашқы жоғарғы оқу орындары пайда болды, мәдени-ағарту мекемелері жүйесі құрылды. Осы істердің барлығы жергілікті ұлт өкілдерінің белсене қатыстырылуымен жүргізіледі. Оның үстіне мемлекеттік органдар мен шаруашылық мекемелеріне ұлттық кадрларды тарту жергіліктендіру (коренизация) науқанының да оң әсері болды.

Бірақ, жаңа қоғам орнату барысында, 20-шы жылдардың аяғынан бастап, Кеңес өкіметі өлкедегі әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси өзгерістерге «жедел қарқын» беруге аса көңіл бөліп, осы істерде ұлттық ерекшеліктері мен өмірдің нақты тарихи жағдайларын елемеуге айналды. Нәтижесінде, әлеуметтік-экономикалық салаларда жасалған революциялық өзгерістер ұлттың трагедиясына әкеліп соқты, халықтың наразылығын туғызды [1]. Жүздеген жылдар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылығы, тіршілікқамы, мәдениеті қысқа уақыттың ішінде түбегейлі өзгеріске ұшырауға тиіс болуы қазақ халқы үшін қасіретке айналды.

Жоғарыда көрсетілгендей, 20-шы жылдың аяғынан бізге «социализмнің сталиндік моделі» деген атпен белгілі тарихи кезең басталды. Сөйтіп, аз уақытқа созылған эволюциялық кезең тоталитарлық жүйеге ауысты.

Бұл жүйенің өмір сүруі басқаны айтпағанда, ұлттық сана мен мәдениетке зор нұқсан келтірді. 30-шы жылдардың басы мен аяғында жүргізілген саяси репрессиялардың кесірінен ұлттық интеллигенция құрбан болды.

20-шы жылдардың екінші жартысынан бастап мәдениеттің шеңберін тарылттып, құрсау бола бастаған таптық көзқарас, идеологиялық, партиялық мазмұн-талап, кейін 30-жылдардың басынан билеп төстеген социалистік реализм сияқты бұлжымас догмаларға айналды. Мұның себебі, шындығына келгенде, адамның ақыл-ойының бәрін революция ісіне бағындырып, халық санасын бір бағытта ұстау талабынан шыққаны белгілі. Осыған байланысты қарастырылып отырған кезеңде партиялық идеология тарапынан көркем өнерге де, әдебиетке де нұқта салынып, тек бірыңғай сарында, бір бағытта жасалсын, жазылсын деген қатаң нұсқаулар беріліп отырды. Өйткені, ол кезде басқаша ой, бағыт революция идеясын, Кеңес өкіметін әлсіретеді, оның түпкі, пролетарлық мақсатына нұқсан келтіреді деп түсіндірілді. Осындай көзқарастың нәтижесінде мәдениет, оның ішінде әдебиет пен өнер өзінің жалпы адамзаттық, дүниежүзілік ізгілік мән-мағынасынан айырыла бастады. Оның үстіне, солақай таптық саясаттың әрекетінен халықтың ертеден социомәдени ядросы, діңгегі болып келген - дінге қарсы шабуыл ұйымдастырылды. Ғасырлар бойы

қалыптасқан рухани сананың осы түрі адамдарды рухани және адамгершілік жағынан қалыптастыратын, әрі халықты халық ететін қасиетінен еріксіз ажыратылып, оның орнына саяси тәрбие беретін және оны қадағалайтын мекемелер жүйесімен алмастырылды. Осы замандағы кездесетін рухани жұтаңдықтың да себептерін, біздің ойымызша, сол кезеңнен іздеу қажет сияқты.

Сөйтіп, 30-шы жылдары Қазақстан «түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениет» жасау жолында, бір жағынан КСРО көлемінде тоталитарлық идеология орнатпақ болған бірыңғай интернационалдық мәдени кеңістікке бет түзеді. Ал, екінші жағынан, осындай мәдени саладағы жеделдете дамудың нәтижесінде халық өткен тарихынан, төл мәдениетінен, рухани болмысынан алшақтауға бағытталған шараларға тап болды. Тек қана араб жазуынан қол үзу, байырғы алфавиттен айырылу ғана емес, сонымен бірге, Кеңес одағын мекендеген түрік тілдес халықтардың ортақ рухани байланысын, дәстүрлі ойлау жүйесін өзгертуге бағытталған құбылыс еді. Әрине, революциялық жолмен жұртшылықты жұмылдыру арқылы жаңа сауаттылық енгізуге, заводтар мен фабрикалар салуға, колхоздар ұйымдастыруға болатын шығар, бірақ осы әдістермен мәдениетте, рухани салада түбегейлі өзгерістер жасау арқылы адамдардың дәстүрлі дүниетанымын өзгертіп, жаңа дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар енгізу, ақыры, тарих талқысына түскеніне куә болып отырған жоқпыз ба? Бұл теріс саясаттың түп тамыры мәдени революцияның таптық идеологияға негізделген тұжырымдамасында (концепциясында) жатыр еді. Осылайша, Кеңес дәуірінде бұрынғы шет аймақтардың мәдени деңгейін көтеріп, Одақ көлемінде «кеңес мәдениеті» деген жаңа ұғымды қалыптастыруға бағытталған саясат, әр халықтың мәдени дамуындағы бостандық пен еріктілік принциптерін бұрмалап, дүниежүзілік мәдениеттің даму үрдістерінен шет қалдырды.

Қазіргі кезеңдегі тәуелсіз Қазақстанның мәдени дамуында, қалай дегенмен де, Кеңес дәуірінде қалыптасқан мәдениеттің оң нәтижелері мемлекетіміздің рухани өмірінің негізін жасап отыр. Кезінде қалыптасқан халыққа білім беру, ғылым, әдебиет пен өнер егемен елдің болашақ даму үрдісіне сай жаңа белеске шығып, дүниежүзілік өркениеттің құрамдас бөлігі болуы тиіс.

Осы тұрғыдан қарастырғанда тәуелсіз Қазақстанның рухани өмірі қазіргі заманғы жалпы мәдениеттің дамуының белгілі екі үлгісінің заңдылықтарына - ғаламдық және ұлттық - тікелей қатысты болмақ.

Мәдениеттануда екі үрдіс те бір-біріне қарама-қайшы қойылмай мойындалған. Бірақ кезінде іс жүзінде кең көлемде интернационалдық бірыңғай Кеңес мәдениетін жасау ғана негізінен іске асырылғандығын жоғарыда көрсетіп кеттік. Енді міне, Одақ тарағаннан бері бұрынғы одақтас республикаларда өткендегі мәдени саясатқа қарсылық ретінде екінші үрдіс белең алуда, яғни әр ел өзімен-өзі, мәдени жағынан бөлектенуге, томаға-тұйықтыққа бағыт алды.

Адамзат үшінші мыңжылдыққа аяқ басқандағы басты үрдістердің бірі - елдер арасындағы экономикалық және саяси жағынан жақындау сияқты ғаламдық процесстер. Бұл үрдістен мәдениет те тыс қала алмайтыны түсінікті. Әр халықтың мәдениеті жеке дарақұбылыс болыптабылғанымен, адамзаттың жалпы планетарлық өркениетінен де бөлектене алмайды. Сонымен қатар, мәдениет ұлттық бастауларынсыз өз ерекшеліктерінен айырылып, өміршеңдігін жоғалтады. Кез келген халықтың ерекше қасиеттерімен қатар өзіндік, қайталанбас белгілері, төл тарихы мен мәдениеті бар. Ендеше адамзат тарихының өзі қайталанбас жеке халықтардың іс-әрекетінен құралады. Ал мәдениет болса, жалпы айтсақ, осы іс-әрекеттердің жиынтығы [2]. Академик Н.И. Конрад оны қысқаша былайша тұжырымдайды: «Смысл исторических событий, составляющих, казалось бы, принадлежность только истории одного народа, в полной мере открывается лишь через общую историю человечества» [3].

Осы айтылған ойлар тұрғысынан қарайтын болсақ, еліміздің қазіргі тәуелсіздік заманындағы рухани жаңару кезеңінде де келелі мәселелердің қоғам алдында тұруы заңды құбылыс. Тәуелсіздіктің жиырма жылы ішінде рухани өмірімізде оң өзгерістердің болғандығы жайлы баспасөзде, көпшілік ақпарат құралдарында жазылып та, айтылып та жүр.

Сонымен бірге, соңғы онжылдықтар кезеңінде мәдени салада бұрын-соңды болмаған өзгерістер басталды. Кеңес заманының алғашқы жылдарында мәдениет білім беру, ағарту саласымен анықталған болса, кейінгі кезде, жаппай бұқаралық коммуникация құралдарының дамуымен, мәдениет саласының шеңбері білім беру, ағарту салаларынан асып, кеңейе түсті. Қазіргі кезеңде, адамның мәдениеттегі орны – мектептен, университеттен, үлкен көрермендер залынан басталып, интернетпен аяқталады. Дәстүрлі мәдениеттің мекемелері – театрлар, кітапханалар, музейлер, көрмелер т.б. көп жағдайда өзгерді, басқа түрге еніп, келетін халықпен басқаша қатынас орнатуға кірісті. Сөйтіп, қазіргі мәдениеттің, белгілі дәрежеде «рухани өзгерістің» легіне айналып, коммерциялық сипат ала бастаған сыңы бар. Бұл туралы да айтылып та, жазылып та жүр.

Мәдениет қазіргі таңда, өкіметтің идеологиялық қысымынан, мемлекеттік цензурадан құтылды. Әдебиет пен өнердегі таптық және партиялық тұрғыдан суреттеу, баяндау, көрсету, талдау сияқты принциптерді сақтау дегендер бүтін ұмытылды. Шығармашылық қызметтің барлық түрі толықтай еркіндік алды. Бұл өзгерістердің мәдени сала үшін маңызы өте зор еді. Сонымен бірге, шығармашылық бостандығымен қатар, қазіргі қоғамдағы мәдениеттің рөлінің өзгеруіне байланысты, мәдениет туындыларының эстетикалық және моральдық сапасы, олардың жаппай тұтынушыларға қолжетімділігі сияқты т.б. мәселелер туындай бастады. Осы жағдайдың бәрі қазіргі кезеңдегі мәдениет пен мемлекеттің арақатынасынан туындайтын мәселелер. Кезінде, мәдениет кеңестік мемлекеттің тұтастай шылауында болып, тек бір идеологияға қызмет еткені туралы, сөйтіп, көп жағдайда өзінің ұлттық болмысынан айырыла жаздағаны туралы жоғарыда жаздық. Ендігі жерде мемлекеттің мәдениетті дамытудағы рөлі мен орны қалай болуы керек деген сұрақ тағы да туындайды.

Нарық заманында мәдениет мемлекеттен тек экономикалық жағынан ғана тәуелді, оған қаржылық жағынан мемлекет көмек көрсетіп отыруы қажет деген пікір көпшіліктің ойында. Оның дәлелі ретінде мәдениет қайраткерлерінің мемлекетке өздерінің мәдени жобаларын, бастамаларын қаржыландыруды сұраған үндеулерін айтуға болады. Мәдениетке қаржы бөлінсе болды, бәрі орнына келеді деген пікір де бар. Шындығына келсек, мәдениеттің дамуына қаржы бөлінуі маңызды фактор болып табылады. Бірақ мемлекеттің рөлі осымен аяқтала ма? Мемлекет тарапынан жеткілікті қаржы бөлінгеннің өзінде ол, ең алдымен, бірінші кезекте қайда жұмсалыуы керек? Мемлекет өзінің мәдениет саласындағы саясатында қандай басылымдылықтарды басшылыққа алуы қажет деген сұрақтар туындайды.

Нарықтық экономика кезеңінде мәдениет қайраткерлері шығармашылық бостандығы жағдайында өз туындыларын өз қаражатына жасап, нарықта өздері сатып, мәдениет туындыларын тауарға айналдырады. Немесе, биліктен тәуелсіз бола отырып, белгілі бір жекеменшік компаниялар мен фирмалардың берген тапсырмаларын орындайды. Қалыптасқан осындай жағдайда кейбір суреткерлер өзінің өнерін қалың көпшіліктің сұранысына лайықтай бастайды. Сөйтіп, тек сұранысқа ғана негізделген, көркемдік жағынан әлсіз туындылар пайда болып, таратылады. Осылайша, көпшіліктің, бұқараның мәдениеті пайда болады. Бұл - мәдениеттің нарықтық экономикаға тәуелділігінің бір белгісі ретіндегі құбылыс. Мәдениеттің осы бағыттағы коммерциялануы мен қалың көпшіліктің сұранысына ие болуына оның демократиялануы деп бағалаушылар да баршылық. Сондықтан,

демократияның мәдениетке кең бостандық беруі, оның идеялық, моральдық және эстетикалық деңгейін төмендетіп жібереді деген пікір де бар. Ойшыл-философ Ницшенің және басқа ойшылдардың пікірінше, нағыз мәдениеттің үлгілері демократтық емес, аристократтық, элитарлық, таңдаулыларға ғана арналған болуы керек. [4]. Мәдениеттің үздік туындылары демократиялық қоғам жағдайында емес, керісінше, мәселен, Ресей қоғамында монархия, самодержавие билігі кезінде, ал қазақ қоғамында отаршылдық, немесе тоталитарлық заманында туған жоқ па?!

Осы тұрғыдан қарастырғанда, мемлекет нарықтық экономикаға негізделген демократиялық қоғамда «жоғарғы дәрежедегі», элитарлық мәдениетке қамқорлық жасау керек. Ал, бұқаралық мәдениет өзін-өзі қаржыландыру арқылы өзінше өмір сүруге қабілетті екендігін қазіргі өмірдің өзі көрсетіп те отыр. (Мысалы, Ресейдегі Дарья Донцованың детективтік шығармалары т.б.).

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан Республикасында ұлттық мәдениетті қолдауға, оның үздік ескерткіштерін қорғауға, оның тарихи бастауларын зерделеуге, сөйтіп, қазіргі қоғамның мәдени-рухани дәрежесін көтеруге бағытталған маңызды шара - «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы» еді. Бағдарламаны жүзеге асыру 2004 жылдан басталып, 2011 жылға дейін жүргізілді. Мұндай үлкен жобаны іске асыруды ТМД елдерінің ішінде алғаш бастаған Қазақстан болатын. Мемлекеттік бағдарламаны қаржыландыру тек бюджеттің есебінен ғана жүргізілгендігін айта кету керек.

Ендігі бастысы, қазіргі кезеңдегі рухани саланың дамуы, болашағы қандай бағытта болмақ деген сауалға жауап іздеу. Бұл әрине, бір мақала аясында таратып айтылатын мәселе емес.

Дегенмен мәдениеттің болашақ бағдары туралы бірер ой қозғайтын болсақ.

Қазақстан өзінің тарихи дамуында посттоталитарлық кезеңді басынан өткеріп отыр. Сондықтан да бұл кезеңнің басты мақсаты - өткен заманның тоталитарлық санасынан арылып, жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген мәдениеттің эволюциялық даму жолына түсу. Мәдениеттанудың белгілі теоретигі, көрнекті ғалым Ю.М. Лотманның соңғы «Культура и взрыв» атты кітабында көрсетілгендей, бұрынғы кеңес мәдениеті орыс мәдениетінің бинарлық мәдени жүйесіне негізделген еді. Оны былай түсіндіреді: «идеалом бинарных систем являются полное уничтожение всего уже существующего как запятнанного неисправимыми пороками. В бинарных. системах взрыв охватывает всю толщу быта. Беспощадность этого эксперимента проявляется не сразу. Первоначально он привлекает наиболее максималистические слои общества поэзией мгновенного построения «новой земли и нового неба», своим радикализмом. Цена, которую приходится платить за утопии обнаруживается лишь на следующем этапе» [5]. Осы себепті ғалым, мәдениеттің бұл жүйесінен бас тартып, мәдениеттің тернарлық түріне (үштік немесе өзінің құрылымы жағынан үш негіздегі) өтуді ұсынады. Мәдениеттің бұл түрі батыс өркениетіне тән құбылыс болатын. «Тернарные структуры сохраняют определенные ценности предшествующего периода, перемещая их из периферии в центр системы. Тернарная система стремится приспособить идеал к реальности, бинарная - осуществить на практике неосуществимый идеал» - деп жазады Ю.М. Лотман [6].

Осы теориялық ой-тұжырымдарға бой алдырып отырған себебіміз, егемен мемлекетіміздің мәдени саладағы саясатында ұлттық түр-сипатпен қатар, дүниежүзілік өркениеттің де алдыңғы қатарлы идеялары, үлгілері ескеріліп отырылуы қажет деген ниеттен туындайды.

Міне, сондықтан да, қоғамымыз мәдени құрылыс практикасынан жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген, жалпы ұлттық мүддеге сай келетін мәдени өмірдің үлгісіне (моделіне) өтуі қажет. Бұл ретте, кеңес заманындағы мәдени саладағы

қайта құрулардың оң тәжірибелерін де ескеруді айта кеткен жөн. Қысқа мерзімде мемлекет пен қоғамның білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларындағы оң істері, рухани өмірдің басты бағыттарын анықтап, қаржы ресурстарымен қамтамасыз етуді өткен тарих тәжірибесінен айқын көруге болады.

Тарих тағылымы, сонымен қатар бүгінгі қоғамға әміршілдік жүйеге арқа сүйеп, мәдени салада ой бостандығына тыйым салып, қатаң цензура орнатқан, ұлт зиялыларын қуғын-сүргінге ұшыратқан өткен қоғамның тоталитарлық саясатын қайталамауды ескертеді. Осы ретте, бұрынғы қалыптасқан догматизмге негізделген, максималистік ойлау жүйесінен эволюциялық санаға өтудің біз сияқты көп ұлтты, көп конфессиялы мемлекет үшін маңызы ерекше болмақ. Оны Ю. Лотманның мына ескертуі айқындай түскен: «Коренное изменение в отношениях Восточной и Западной Европы, происходящее на наших глазах, дает, может быть, возможность перейти на общеевропейскую тернарную систему и отказаться от идеала разрушать «старый мир до основания, а затем» на его развалинах строить новый. Пропустить эту возможность было бы исторической катастрофой» [7].

Бұл ойлардан тек Еуропа мәдениетін тура қайталау қажет деген ұғым тумауы керек. Мәселе әлемдік мәдени-тарихи дамудың нәтижесінде Қазақстанға беріліп отырған тарихи мүмкіншілікті толық пайдаланып, ХХІ ғ. алдыңғы қатарлы экономикасы мен мәдениеті бар өркениетті мемлекет құру туралы болып отыр.

-
1. Омарбеков Т. 20-30-жылдардағы Қазақстан қасіреті. - Алматы: Санат, 1997. - 142 б.
 2. Культурология. - М., 1995. - 360 с. (90).
 3. Конрад Н.И. Запад и Восток. - М.: Наука, 1972. - 519 с. (454).
 4. Қараңыз: Личность. Культура. Общество. 2009. Вып. 1 (№: №: 46-47), С. .81.
 5. Лотман Ю.М. Культура и взрыв. В кн.: Семиосфера. -Спб.: Искусство. Спб., 2000. - 704 с. (142).
 6. Сонда, 142 б.
 7. Сонда 148 б.

ПРОБЛЕМЫ МУЗЕЙНОГО ДЕЛА КАЗАХСТАНА И ПУТИ РЕШЕНИЯ

Казахстан, как независимое суверенное государство, существует более двадцати лет и признан мировым сообществом. За это время значительно изменилась жизнь общества, отношение к историко-культурным ценностям. Выросло поколение граждан Казахстана, не знающих, что такое комсомол, партсъезд, БАМ, но испытывающих огромный интерес к истории и культуре своего народа. Удовлетворить эту общественную потребность на должном профессиональном уровне и призваны музейные учреждения республики. К сожалению, созданные в прежние годы экспозиции устарели и не соответствуют требованиям сегодняшнего дня. Большинство из них односторонне отображают исторические процессы, замалчивают многие проблемы, противоречия и трудности, имевшие место в прошлом, не освещают деятельность ряда крупных исторических личностей. Это связано с тем, что музейные учреждения не разработали свои концепции применительно к новой социально-политической ориентации, не смогли отойти от навязанных в советский период схем, штампов и готовых методических рекомендаций [1]. Все это требует творческого осмысления и изменения подходов в формировании экспозиции музеев с учетом достижений науки, а также процессов, происходящих в общественно-политической и культурной жизни государства, совершенствования научно-исследовательской, культурно-массовой и популяризаторской деятельности музейных учреждений [2]. В современных условиях, следовало бы повысить заинтересованность отдельных промышленных предприятий республики, например, выпускающих нестандартное оборудование и технические средства для экспозиции и фондохранилищ музеев, путем льготного налогообложения. Особое внимание должно уделяться вопросам технического оснащения музеев и музейных комплексов путем повсеместного внедрения персональных компьютеров, создания системы взаимосвязанных банков данных, использования аудиовизуальных средств, голограмм и т.п.

С учетом того, что будет реализовываться государственная программа «Возрождение исторических центров Великого шелкового пути», а также другие программы по возрождению историко-культурного наследия и в целях развития индустрии туризма в нашей стране, необходимо ускорить работы по идентификации исторических объектов на казахстанском участке Великого шелкового пути, с присвоением им международной эмблемы. Требуют также ускорения вопросы создания соответствующих инфраструктур для развития туристических маршрутов на всей протяженности нашего участка пути, кстати, самому протяженному (1700 км) и богатейшему в плане истории и культуры, создание на их базе музейных объектов самого различного профиля. К сожалению, отсутствуют у нас пока совместные программы и кооперации между уже сложившимися в республике музейными и туристическими комплексами, хотя во всем мире они действуют рука об руку и способствуют взаимному развитию. Это особенно важно сейчас, после обретения Казахстаном независимости и всевозрастающего интереса в мире к нашей стране.

Жизнь требует коренного пересмотра деятельности музеев Казахстана с учетом интеграционных процессов, происходящих в мировой музейной практике. Разработка и осуществление совместных проектов в области исследовательской, собирательской и научно-информационной работы, участие в международных форумах музеев, организация обменных выставок с ведущими музеями стран ближнего

и дальнего зарубежья, стажировка и обмен специалистами, ускорит, на наш взгляд, продвижение нашей республики к достижениям мировой культуры.

Основными принципами финансирования музейного дела должны быть его многовариантность с учетом некоммерческой природы музейного учреждения и невозможности его самокупаемости. Источниками финансирования музейного дела являются, прежде всего, государственное финансирование, осуществляемое за счет бюджетных средств, внебюджетные средства, полученные в результате собственной деятельности музеев, а также другие источники, в частности, полученные в результате благотворительных акций или дарения от юридических и физических лиц. Сложившаяся в настоящее время практика государственного финансирования сведена к простому перераспределению средств и направлена на поддержку существующей сети музейных учреждений без учета специфики регионов и рыночных реалий, что особенно затрудняет их работу в условиях снижения объемов бюджетного финансирования.

В целях оптимизации финансирования и организации экономики музейного дела представляется целесообразным превратить поступающие из бюджета ассигнования в лимит финансовых ресурсов, сосредотачивая их в специальных фондах развития музеев, образуемых при Государственном органе Республики Казахстан по сохранению и развитию музейного фонда и музеев, а также его органов на местах и музейных учреждениях со статусом «Национальный», которые должны быть открыты для всех видов добровольных отчислений и пожертвований на развитие музеев: от предприятий, учреждений, общественных организаций, отдельных граждан, что не противоречит, в целом, Закону Республики Казахстан «О культуре», предусматривающему создание фондов развития, осуществляющих свою деятельность в соответствии с действующим законодательством республики.

Источником доходов мемориальных, литературно-мемориальных и других музеев творчества может быть закрепление за ними права на гонорар от выпуска произведений классиков литературы, компенсирующего определенную часть расходов музеев. Доходная часть бюджета музеев должна также пополняться за счет пожертвований и членских взносов обществ «Друзей музея», которые, внося определенные суммы в фонд музея, пользуются льготами при его посещении, получают персональные приглашения на выставки и другие мероприятия.

Финансирование должно строиться на принципах и основе комплексного и целевого подхода, что предусматривает: дополнительное финансирование срочных и долгосрочных целевых программ, выдвигаемых на конкурсной основе с контрактной системой привлечения исполнителей; освобождение от уплаты налогов со всех видов хозяйственной деятельности организаций и учреждений музейного комплекса, а все полученные в результате доходы направлять в фонды развития музеев; освобождение от налога предприятия, объединения и организации, направляющие свои финансовые и материальные ресурсы на развитие музеев в размере затраченных ими сумм, а по суммам, направленным на указанные цели в регионы с низким уровнем социально-экономического развития и признанными экологически неблагополучными, в удвоенном размере; освобождение от налогообложения благотворительных средств перечисляемых в фонды развития музеев, а также предприятий и организации, осуществляющих строительство музеев, выставочных залов, а также производство нестандартной мебели и оборудования для экспозиции и фондов. Таким образом, в целях привлечения дополнительных источников финансирования, следует внедрить в практику гибкую модель налогообложения в музейной сфере. Подобная практика активно используется в различных странах мира и позволяет стимулировать деятельность музеев, обеспечивает перетекание капитала коммерческих структур в музейный комплекс, дает возможность повы-

шения уровня оплаты труда работников музейной сферы. Требуется своего развития и различные формы филантропических пожертвований и меценатства.

Как уже отмечалось деятельность учреждений требует совершенствования, а отношение к музейной сфере – коренного пересмотра. В свете нового мышления, она представляется одной из важнейших факторов гуманизации общества, восстановления в нем утраченных нравственных идеалов и духовных ценностей. Это особенно актуально сейчас, когда во всех сферах общественно-политической жизни происходят радикальные перемены, проводится линия четкого разграничения компетенции республики и регионов, децентрализации и передачи на места целого ряда управленческих функций, усиления самостоятельности и ответственности регионов в экономике, социальном и культурном развитии, охране окружающей среды. В этих условиях деятельность республиканских и местных органов власти в музейной сфере должна быть подчинена решению двуединой задачи: обеспечение рационального использования, комплексного и эффективного развития музейных объектов и совершенствованию в них уровня культурного обслуживания населения; углублению специфических форм и национальных особенностей развития музейного комплекса на соответствующей территории республики. В сфере культуры в целом и музейной, в частности, следует закрепить права населения на пользование их достижениями, которое должно быть обеспечено установлением нормативов – гарантий. Необходимо одновременно установить ответственность органов власти за реализацию программ развития в музейной сфере, как перед населением регионов, так и перед вышестоящими органами.

Следует практиковать размещение на конкурсной основе в музейных учреждениях социально-творческих заказов на проведение выставок, декад, дней культуры, фестивалей, смотров и других видов творческих мероприятий, работ и услуг. При проектировании и строительстве музейных комплексов необходимо предусматривать в них зоны отдыха посетителей, залы для демонстрации кино и организации концертов, вечеров и встреч. При этом не следует забывать об оборудовании музеев специальными подъездами, проходами и лифтами для людей в инвалидных колясках.

Государственному органу Республики Казахстан по сохранению и развитию Музейного фонда и музеев в целях совершенствования музейного дела в республике следует решить вопросы создания системы подготовки, переподготовки и повышения квалификации музейных специалистов, центры по реставрации и воссозданию движимых памятников истории и культуры.

В целях повышения престижа музейной профессии, при назначении на руководящие должности в музейных учреждениях, необходимо соблюдать принцип конкурсного отбора и назначения. На основе Кодекса профессиональной этики Международного совета музеев (ИКОМ), следует разработать Кодекс профессиональной этики музейного работника Казахстана, который должен соблюдаться всеми музейными работниками и музеями, независимо от их ведомственной принадлежности и форм собственности.

Назревшая острая необходимость в издании специального журнала - печатного органа музейных работников Казахстана, освещающего актуальные проблемы музейного дела в республике благополучно разрешена, с мая 2002 г. выходит журнал «Музеи Казахстана».

Требуется совершенствования законодательная и нормативная база музейных учреждений, необходимо проработать вопросы признания и присоединения Республики Казахстан к существующим международным Конвенциям и договорам, регламентирующим деятельность музеев на международном уровне.

Мировая практика показывает, что развитие музеев идет по пути превращения их в комплексные культурно-исторические и досуговые центры. Это существенным

образом изменяет подход к организации музейного пространства, здесь имеются в виду и экспозиции, и выставки, и рекреационная зона, зоны отдыха и т.д. Это также диктует необходимость новых форм работы с посетителями, организацию процесса их пребывания в музее. Музей, как воспитательно-образовательное учреждение и культурно-развлекательная организация одновременно, становится сложным организмом с разветвленной сетью различных современных служб, призванных обеспечивать удовлетворение широкого спектра интеллектуальных запросов общества [3].

Общественное предназначение музея сегодня может быть сформулировано следующим образом. Музей – это культурно-исторический и досуговый центр, хранящий культурно-историческое наследие народа, пропагандирующий среди посетителей, на основе новейших музейно-педагогических, рекреационных, информационных технологий, казахстанский патриотизм, способствующий сохранению и обогащению исторической памяти общества, формированию исторического самосознания [4]. Музей является хранилищем, но не просто ценных предметов, а духовных ценностей – памяти народа в виде ее материализованных культурных форм. Форма является символом души экспоната, т.е. положительного чувственно воспринимаемого потенциала времени в виде его эталонного образа. Если музейную ценность воспринимать как высшее духовное проявление, а внешний облик предмета – как материализованную форму, то каждый музейный образ и музей в целом (как общественное явление) воспринимаются как символ души культуры той или иной эпохи или народа [5].

Многообразие связей музея и общества дает основание рассматривать музей в качестве информационной системы, направленной на передачу информации специфическими средствами. Музей представляет собой научно-исследовательское учреждение, поскольку создает источниковую базу для исследований. Он вводит в научный оборот фонд музейных предметов, занимаясь изысканиями, основанными на их изучении. В то же время музей выступает и как научно-просветительное, образовательное учреждение, ибо, демонстрируя музейные собрания в соответствии с определенной научной концепцией, он распространяет знания, удовлетворяет культурные запросы общества. Соответственно, деятельность музея направлена на организацию комплектования, хранения, изучения и экспонирования музейных предметов использования их в научных, образовательных и воспитательных целях [6].

Особенность современного музея заключается в том, что он рассматривается как феномен культуры, как «механизм межпоколенной коммуникации». Сущность музея – быть «посредником» между обществом и его культурой, между культурой прошлого и культурой настоящего, а не конкретное содержание музейной деятельности, обусловленное социальным заказом времени. Музей может рассматриваться сегодня как состояние души общества, и именно музею необходимо направить все усилия на восстановление утраченной культуры, чего так не хватает в современном мире. В нынешнее нелегкое время музеи воплощают стабильность, несмотря на то, что жизнь становится все более безличностной, когда людям приходится напоминать, что они не могут существовать без общества, без своей истории, культуры, искусства, без всего того, что есть и что можно познать в музее. Усилия музеев направлены на поиск сотрудничества между учреждениями культуры и образования. Это может дать новый импульс развитию общественной жизни. Развитие музейной деятельности в современной ситуации есть развитие культуры, окружающей человека постоянно и содействующей его совершенствованию, всемерному раскрытию его талантов, дарований и способностей [7].

Конкретная программа практических мер, направленная на модернизацию и совершенствование деятельности музеев РК:

- В сфере обеспечения законодательной базы музейной деятельности:

1. Разработать Проект Закона РК «О музеях и музейной деятельности» и войти с предложениями о его принятии Парламентом республики.

2. Разработать предложения с учетом соответствующего международного опыта, по внесению изменений в закон «О налогах и других обязательных платежах в бюджет», предусматривающих льготное налогообложение музейных учреждений и спонсорских организаций (система предоставления налоговых льгот в качестве стимулятора для роста пожертвований в пользу музеев и других объектов культуры).

3. Замена устаревшего и разработка нового пакета всех нормативных документов, регламентирующих условия и порядок функционирования музеев республики различных уровней и ведомственной принадлежности.

- В целях совершенствования системы управления и координации музейной деятельности:

1. Создать реально действующий Центр по научно-методическому обеспечению и координации деятельности музеев республики.

2. Оказать финансовую поддержку и создать необходимые условия для нормального функционирования вновь организованного Национального Комитета Международного Совета музеев (ИКОМ) (выделение 2-3 штатных единиц, помещения, технических средств и др.).

- В сфере внедрения новых подходов и технологий в управлении и организации деятельности музеев:

1. Провести семинар для руководителей музеев республики, посвященный новым технологиям в области управления (менеджмент) и ведения собственного механизма хозяйствования (маркетинг) с приглашением зарубежных и отечественных специалистов.

2. Изучить зарубежный опыт в области современных методов управления и организации музейной деятельности и внести конкретные предложения по их использованию в практике работы музеев республики.

3. Ввести в штатные структуры крупных музеев республики (центральные, областные) руководящие должностные единицы, отвечающие за маркетинг стратегию, проводимую учреждением (заместитель директора).

4. Изучить и обобщить соответствующий опыт, накопленный музеями республики в области маркетинга и получения собственных (внебюджетных) источников дохода (спонсорства, гранты, фандрейзинг, издательская деятельность) и распространить его в специально выпущенном информационном бюллетене.

- В целях преобразования и повышения эффективности основных направлений музейной деятельности:

Высшее дизайнерское образование в Азербайджане имеет более чем тридцатилетнюю историю. Интеграция страны в мировое сообщество, а также изменение международной системы разделения труда и некоторые другие факторы расставили совершенно новые акценты и в области проектной практики, и в области дизайнерского образования.

Современную ситуацию можно охарактеризовать эффектом резонанса: на переходные проблемы азербайджанского общества наложились глобальные цивилизационные сдвиги, в результате которых Азербайджан столкнулся с системой отношений информационного общества и господствующей в нем культурой постмодернизма. Именно поэтому на протяжении прошлых двух десятилетий таким драматизмом были окрашены поиски национальной идеи и стратегии устойчивого развития.

Уровень общегосударственных приоритетов предполагает подключение отраслевых концепций развития, среди которых одно из важнейших мест занимает национальная педагогическая концепция, а в ее рамках приоритеты и программа развития дизайнерского образования. Прежде всего необходимо определить ценности, на которые опираются цели и задачи национального дизайнерского образования.

Исходя из этого, развитие дизайна и дизайнерского образования с необходимостью должно ориентироваться на этнокультурную самоидентификацию нации при условии плавного вхождения всех национальных институтов в мировое культурное и информационное пространство. Переводя эту общую культурологическую формулировку на язык конкретных практических задач дизайнерского сообщества, можно сказать, что в современных условиях мирового рынка важнейшей задачей азербайджанского дизайна является создание отвечающей международным стандартам торговой марки «Маде ин Азербайджан».

Дальнейший процесс определения приоритетов художественно-конструкторского образования выходит на уровень выяснения вопроса о том, что представляет собой объект проектирования для азербайджанской школы дизайна. Любая национальная школа дизайна складывается вокруг своего объекта проектирования. Под национальной школой следует понимать всю совокупность институтов дизайна – проектных, образовательных, организационных, информационных и т.д. Как показывает история мирового дизайна, на лидирующие позиции выходила та национальная школа, которая оказывалась способной генерировать продуктивные идеи в отношении объекта проектирования, обеспечивая их созвучие самым общим цивилизационным процессам. Вместе с тем, одним из решающих моментов признания статуса национальной школы международным дизайнерским сообществом является способность придать избранному объекту проектирования неповторимую эстетическую и культурную окраску, основанную на ценностях и традициях данного общества.

Таким образом, избирая в качестве объекта проектирования отдельный предмет, предмет в его взаимосвязях с окружающей средой или синтетическую среду как таковую – а именно эти стадии эволюции объекта проектирования известны истории дизайна – очень важно найти органичную данной культуре идею, которая

предопределяет истинность процесса, методов и результатов национальной ипостаси проектного мышления. Излишне говорить, что в своей основе весь этот комплекс представлений формируется в период профессионального обучения.

Однако в условиях постмодернистской культуры, заметно распространившей свое влияние и в Азербайджане, профессиональные ориентиры очень часто оказываются размытыми, как, впрочем и многие другие аспекты социального бытия. Происходит это в силу господства принципов множественности, нонииерархии, в результате смещения внимания с центра на границы, определяющих постмодернистскую культурную парадигму. Наблюдается «разжижение» не только культурной среды, но и культурного сознания. Участь «разжижения» постигла и объект проектирования, и саму фигуру специалиста, занятого художественным конструированием. Так, например, появилась новая профессия – аэродизайнер, создающий скульптуры из воздушных шаров.

Выявление приоритетов – процесс, по определению предполагающий построение иерархии, кристаллизацию всего важного, необходимого. Обозначая национальные приоритеты дизайнерского образования, надо сразу же избавиться от всяческих иллюзий. Ясно, например, что такие области промышленности, как авиастроение, автомобилестроение, кораблестроение и даже большинство отраслей приборостроения вряд ли получат развитие в Азербайджане в обозримом будущем. Вместе с тем, в международном разделении труда Азербайджан может и должен занять достойное место в области производства оборудования нефтедобывающей промышленности. Сфера промышленного дизайна должна учитывать также сугубо внутренние запросы потребительского рынка в Азербайджане, к которым относятся прежде всего производство кондиционеров, холодильников, посуды, одежды, довольно широкого спектра предметов массового потребления и продуктов питания. Азербайджан способен также наращивать экспорт чая, консервированных фруктов и овощей, продуктов виноделия, табака, текстиля и т.д. Наконец, строительный бум последнего десятилетия обострил проблему гармоничного развития среды обитания от масштабов городского организма до интерьера жилой квартиры.

Все перечисленные факторы естественным образом определяют номенклатуру специальностей, по которым необходимо вести подготовку студентов-дизайнеров. Дизайн городской среды и ее элементов, интерьера и оборудования, промышленных изделий и упаковки, одежды и аксессуаров – таким видится обязательный список дизайнерских специальностей в высших учебных заведениях Азербайджана на ближайшие годы. И если задача создания национальной торговой марки будет действительно воспринята профессионалами и всем обществом всерьез, то особое место в названном списке займет специальность, предполагающая подготовку дизайнеров в области рекламы и полиграфии.

Дизайнерское образование в Азербайджане уже сейчас представляет собой довольно пеструю палитру проектных специализаций. На художественно-промышленном факультете Государственной Академии Художеств, архитектурном факультете Архитектурно-строительного университета, факультете дизайна Западного университета и некоторых других негосударственных вузах осуществляется подготовка студентов по специальностям промышленная и компьютерная графика, дизайн интерьера, оборудования и одежды, ландшафтный и архитектурный дизайн и т.д. Как и в любой другой стране мира, постоянно растущий перечень дизайнерских специальностей отражает факт расширения территории дизайна в информационном обществе.

Господствующая в современной культуре постмодернистская парадигма изменила представление о мире вещей и методах работы дизайнера. Важный признак художественного мышления постмодерна – смещение внимания с центра на

границы, когда искусство перестает интересоваться созданием содержания и переключается даже не на форму, а на оформление, занимаясь очерчиванием, оконтуриванием культурного пространства. Любому явлению, любому предмету оно придает «товарный вид». Поэтому центральным видом искусства в постмодернистской парадигме является дизайн. Художник, все более превращающийся в дизайнера, видит свою задачу в том, чтобы очертить границы места, где произойдет, вернее, где возможно событие. Граница, а вместе с ней пограничное состояние, становится главным объектом дискурса дизайнера.

Культура постмодерна не создает и не развивает, а сохраняет и оформляет. Постмодернистская парадигма изменяет отношение к художественному наследию, ведь именно оно становится объектом цитирования в постмодерне. Здесь сосредоточена сущность постмодерна – тайна языка и перевода. И дизайн к этой тайне имеет прямое отношение. Известный американский дизайнер и педагог Виктор Папанек очень точно заметил, что «дизайнер оказывается единственным, кто может разговаривать на разных профессиональных языках; его подготовка позволяет ему взять на себя роль «переводчика» в команде» [4, с. 61]. Мы бы внесли важную поправку в рассуждения В. Папанека. Дизайнер не говорит на разных профессиональных языках. Язык его профессии является универсальным, выступает метаязыком по отношению ко всем остальным. Это визуальный язык, язык зримых образов. Он обращает нас к самой важной задаче, нет – цели, на которую должна быть направлена подготовка дизайнеров в высшей школе. Эта цель – обучение визуальному языку.

Профессиональное владение навыками зрительного восприятия, методами создания и воплощения зрительных образов предполагает освоение «литературного» визуального языка. Для этого, наряду с занятиями по проектированию и моделированию, необходимо изучение исторических, теоретических, методологических проблем дизайна, визуальной культуры в целом.

Уже в 1990-е сформировался комплекс историко-теоретических дисциплин, в число которых входят «История дизайна», «История искусства по специальности», «История и методология дизайна», «Основы методики дизайна», «Актуальные проблемы современного дизайна», «Визуальная информация», «Семиотика архитектуры, дизайна и искусства», «Фундаментальные основы формообразования» и некоторые другие. Круг задач перечисленных лекционных курсов достаточно широк.

Первая группа предметов имеет сутобо историческую ориентацию. Эти дисциплины направлены на создание у студентов систематических представлений об этапах развития отечественного и зарубежного дизайна, основных стилистических тенденциях мирового дизайна, его разновидностях и авторитетных школах. Хронологически последовательное изложение исторического материала предполагает рассмотрение творчества ведущих мастеров этого вида искусства, анализ отдельных произведений дизайна.

Вторая группа предполагает формирование теоретических и проектно-методических основ профессионального мышления студентов. В задачи дисциплин второй группы входит ознакомление студентов с терминологией, методикой, базовыми категориями дизайна, а также освоение конкретных навыков в области стратегии и тактики художественного проектирования при определении объекта, целей, средств и методов проектного процесса. Здесь метод преподавания основан на последовательном изложении основных проблемных блоков творческой практики современного дизайна, в ходе которого предлагаются апробированные в мировом дизайне методы предпроектного и проектного анализа, ставятся задачи по определению потребительских свойств предметно-пространственной среды.

Наконец, в третью группу входят такие предметы, как «Визуальная информация», «Семиотика архитектуры, дизайна и искусства» и др., которые вводятся в

учебный план в зависимости от факультета или конкретной специальности обучения. Дисциплины этой группы могут углублять профилизацию обучения и вводиться иногда в бакалавратуре, иногда в магистратуре. Но, надо полагать, одной общей чертой они все-таки обладают. Все они посвящены наиболее общим закономерностям развития и приемам анализа визуальной культуры.

Серьезным препятствием на пути освоения данного комплекса знаний является неопределенность в вопросе о том, какую функцию стремится закрепить за дизайнерской деятельностью общество. От кого, какую роль отводит оно дизайну, зависит не только престиж дизайнерской профессии. Будет ли это лишь функция обслуживания или же общество увидит в дизайне и его методах локомотив развития экономики, как это было в США периода «великой депрессии», в послевоенной Германии и Японии? Выбор той или иной модели позволит определить параметры объекта и субъекта проектирования, на которые ориентируется дизайнерское образование.

1. *Абдрасилова Г.С.* Тенденции развития региональной архитектуры и градостроительства Казахстана. Автореф. доктора архитектуры. – Алматы, 2010.

2. *Лабруст П.Ф.А.* Цит. по: Баку постепенно показывает свою мощь и силу// Газета «Зеркало», № 188, 13 октября 2012.

3. *Папанек В.* Дизайн для реального мира. – М., 2004.

ФИЛЬМ «ШАЛ» КАК ОТРАЖЕНИЕ КУЛЬТУРЫ КАЗАХОВ

Фильм «Шал» Ермека Турсунова, вышедший недавно в прокат, как-то сразу все расставил по своим местам. В любой сфере культуры есть лидер, за которым все идет – не в плане организаторском, а в плане творчества. Таким лидером нации в 1960-годы был Олжас Сулейменов. В казахстанском кинематографе постволновской формации этот лидер никак не определялся. После фильма «Шал» стало понятно, что это Ермек Турсунов. Потому что эта картина создавалась о народе и для народа. Картина настолько глубокая и серьезная, что не было желания сесть и быстро написать про нее. Она входит в тебя, как осознание своего национального бытия, своих корней и силы казахского народа.

Так случилось, что несколько дней спустя после показа, будучи в гостях, мы спонтанно начали обсуждать фильм «Шал», и, наверное, впервые так единодушно было мнение о фильме, как о большом явлении в казахском кино. Причем высказывались очень уважаемые люди – Мурат Ауэзов, Сейдахмет Куттыкадам, Альмира Наурзбаева, Сафар Абдулло, Алим Сабитов. Друг другу пересказывали наиболее понравившиеся эпизоды, обсуждая детали и разделяя общий подъем от того, что, наконец, появилась картина, достойно представляющая культуру и мировоззрение казахов.

«Шал» - это программная картина, которая относится к разряду таких фильмов, которые формируют понятие нации. К таким фильмам относятся «Земля отцов» Шакиена Айманова, «Меня зовут Кожа» Абдуллы Карсакбаева, «Кыз-Жибек» Султана Ходжикова. Сразу после просмотра мы разговорились с известным ученым-иранистом, профессором филологии Сафаром Абдулло, который уже лет двадцать живет в Казахстане. Он сказал: «За все эти годы, что я здесь живу, я ни видел ничего подобного». И я с ним согласилась. Моя реакция на фильм была настолько эмоциональна, что я сразу не могла для себя сформулировать, чем мне понравилась картина. Всем. Редко такое случается, когда у тебя нет никаких претензий к фильму, когда ты принимаешь все – от начала до конца, и более того, эти полтора часа просмотра меняют тебя.

На самом деле очень трудно словами описать, о чем картина. Хотя очень просто пересказать сюжетную фабулу. Старик решает отогнать на зимовье десяток своих овец. По дороге, попав в туман, сбивается с пути, и несколько дней бродит один в степи, преследуемый стаей волков. Его чудом спасают, когда он уже на грани между жизнью и смертью. Но пересказывать сюжет этого фильма, все равно, что пересказывать повесть Эрнеста Хемингуэя «Старик и море»: старик поймал рыбу, на нее начали нападать акулы, в конце концов, акулы съели рыбу, а старик чудом остался жив. Но Нобелевскую премию дали Хемингуэю не за фабулу, а за то, какими смыслами наполнено это произведение.

Так вот, разговор о смыслах, о тех мыслях, которые возникают по ходу просмотра картины. Действие происходит сегодня, и к основной фабульной линии – старика и внука добавляется история трех охотников, которые приезжают в степь, чтобы поохотиться на волков. В самом начале фильма они просят старика указать им дорогу, но тот отказывается с ними ехать, потому что не время для охоты на волков, они выводят потомство. Но трое городских мужчин - на огромном джипе, с суперсовременным оборудованием - даже не хотят слушать старика. Они же «хозяева мира», и им не ведомы никакие другие законы, в том числе законы природы, кроме тех, что они устанавливают сами.

По ходу фильма старик, преследуемый волками, плутая в тумане, наталкивается то на труп одного охотника, то другого, а в конце находит третьего, забившегося в упавшую с неба ступень космической ракеты, израненного и находящегося в состоянии шока. Ни суперсовременные ружья, ни джип, ни навигаторы не спасли

их от мести волков, потому они начали истреблять их потомство. Простая и ясная метафора современной цивилизации – природа мстит человеку за то, что он отказывается жить по ее законам.

Сильный эпизод: когда старик понимает, что он кружит в степи по одним и тем же местам, он падает на колени и обращается к небу с молитвой: «За что? Что он такого сделал, что не может выйти из этого круга. И просит всевышнего открыть ему верный путь, за что обещает, что будет, возможно, в него верить. В следующее мгновение раздаётся звонок мобильного телефона – он бежит на этот звук, а это оказывается телефон одного из убитых охотников. Но ему этот телефон бесполезен, он не может им пользоваться. Однако он хоронит охотника в снегу, и сверху кладет его телефон – тоже символ нашей цивилизации, без телефона мы не можем ни минуты, но и представляем из себя не более, чем просто владельцами мобилника.

Старику в отличие от охотников не нужны инструменты цивилизации, он живет в согласии с природой и с уважением к ней. Как отметил М.М. Ауэзов на спонтанном обсуждении картины, это одна из немногих современных кинокартин, в которых воспроизводится органичное для казахов «тенгрианское» восприятие мира.

Надо сказать, что старик сыгран потрясающе! Тем более это удивительно, что роль его исполнил непрофессиональный актер Ерболат Тогузаков, но как он сыграл! Это казахский «Король Лир»! Столько в нем страсти, мудрости, заботы о «королевстве» - о своей земле и о своих потомках. Ключевой диалог происходит, когда они сидят с выжившим охотником у костра, и старик говорит, что хочет своего внука отдать в Йельский университет – «Должно быть «народный» - говорит старик, от слова «ел». И что смысл жизни – вырастить детей, дать им образование, воспитать ребенка так, чтобы стал человеком.

Одно из безусловных достоинств этой картины, по мнению М.М. Ауэзова, показ мужского национального казахского характера – в быту весельчак, чудаки и, отчасти, клоун, «в час суровых испытаний» становящийся борцом, воином, героем.

Те, кто посмотрел картину, по-разному размышляет о смысле картины: кто-то говорит, что картина о выживании, кто-то о том, что человек и природы неразделимы. Все верно. Но последний план фильма – когда волчица уходит с волчонком, добавляет еще один смысл: каждое живое существо на земле борется за свое потомство. В этом и есть смысл жизни. По сути, об этом же картина «Келин» - только там на передний план выведена женщина, здесь – мужчина. Шал – старик, как столп нации, и его внук – как продолжение рода.

Картина, безусловно, тенгрианская, потому что старик и волк – показаны как два «вожака» одного рода – дети природы. И в кульминационной сцене старик, оказавшись один на один с волком, демонстрирует свою нестигаемую силу человеческого духа. И волк отступает, прощает старика за его неразумных сородичей. Очень точный монтаж в фильме – старик с внуком уходят в одну сторону, волк с волчонком – в другую. И в природе вновь наступает гармония.

Если в картине «Келин» у меня были какие-то претензии к автору – некоторая театральность в игре актеров, несовершенный монтаж, длинноты, то здесь все сделано на высочайшем профессиональном уровне. Картина держит тебя в напряжении каждую минуту, каждую секунду. Поэтому, отнюдь не будет преувеличением сказать, что все зрители из зала вышли потрясенные. И с чувством особой гордости за то, что такая картина сделана не японцем, не корейцем, не американцем или французом, а казахстанским режиссером. И еще раз повторяю – это картина для казахов и о казахах.

Конечно, хотелось бы, чтобы фильм «Шал» Еркека Турсунова был отобран и показан на одном из ведущих мировых кинофестивалей. Он, безусловно, этого достоин. Но и без этих внешних маркеров можно говорить о фильме, как о явлении культуры, и радоваться не только за Еркека, но и за весь казахстанский кинематограф. Потому что картина «Шал» не только вызывает уважение к себе, как нации, но и заставляет помнить о главном – мы есть только тогда, когда есть наше продолжение.

БАҚ ЖӘНЕ САЯСАТ

Бүгінгі күні Қазақстан демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Демократиялық даму - Қазақстанның өрелі, ерікті таңдауы. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Даму стратегиясын ұлттық-мемлекеттік ерекшеліктерімізді, саяси тарихымыз бен мәдениетіміздің өзіндік сипаттарын, кеңестік жүйеден қалған стереотиптерді, этникалық дәстүрлерімізді, өркениеттік-мәдениеттік аямызды түгел ескере отырып өзіміз анықтауымыз қажет»[1], - деп анықтауы бекер емес.

Артта қалған жылдар ішінде кешенді зерттеу мен талдауды талап ететін саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени салаларда көшелі өзгерістер болғаны мәлім. Тәуелсіздігімізді алған сәттен ескі жүйенің орнына жаңа саяси-экономикалық құндылықтарды қалыптастыру, ұлттық дәстүрді жаңғырту сияқты күрделі үдерістерді бастан өткердік.

XX ғасырдың 90 жылдарында басталған өзгерістер қоғамның барлық саласын қамтып, жаңа саяси құрылымдарды дүниеге әкелді. Әсіресе, мемлекеттік басқарудағы, саяси жүйедегі трансформация, партиялық және сайлау жүйелеріндегі, ақпараттық кеңістіктегі ілгерілеулер, Конституцияның қабылдануы сияқты саяси үдерістерді назардан тыс қалдыру мүмкін емес.

Демократиялық қоғам құруда, демократиялық құндылықтарды қалыптастырып, оны кеңінен таратуда ақпарат пен бұқаралық ақпарат құралдарының орны зор. Қазақстан тәуелсіздігі жылдарында қоғамымыздағы көптеген мәселелерге қатысты ұстанымдар, көзқарастар түбірімен өзгерді. Солардың қатарында демократияның өзегі азаматтардың саяси өмірге қатысуы, ақпарат мәні, оны тарату мәселелеріне де қатысты көзқарастың қайта қаралғанын айтуымыз керек. Саяси белсенділікті арттыруға ықпал ететін тетіктердің арасынан біз ақпаратты, оны жеткізуші бұқаралық ақпарат құралдарының ролін ерекше атар едік. Себебі, бүгінгі күні қоғам өмірінде ақпарат мәні зор. Шамасы, «мәліметі мол адам - жер-жаһанның иесі» деп бекерден-бекер айтылмаса керек. Ақпарат адамдар санасына, азаматтық позициясын анықтауға, азаматтық және саяси белсенділігіне, өмір сүруіне, тұрмысы мен демалысына шешуші тұрғыдан ықпал етуде.

Заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға, оны таратуға, Қазақстанның 1995ж. қабылданған Конституциясы бойынша, әрбір адам құқылы. Сондықтан, осы әрбір қазақстандық азамат құқын жүзеге асыруда бұқаралық ақпарат құралдарының орны ерекше. Бүгінде тек экономикалық және қаржылық қызметте ғана емес, сонымен бірге саяси белсенділік те ақпараттық және байланыс технологияларын пайдаланудан тікелей тәуелділігін тәжірибенің өзі дәлелдеуде. Бұл XXI, жоғарғы технологиялар ғасырының жемісі. Бұқаралық ақпарат құралдарының қандай түрінің болмасын саясаттануын байқамау мүмкін емес, әрі олардың саясаттағы ролін біржақты бағаламау керек. Ол күрделі де, көпқырлы институт деуімізге толық негіз бар. Себебі, ол тұрғындарды елде және нақты шетелдерде болып жатқан оқиғалар мен құбылыстар туралы ақпаратпен қамтамасыз ету үшін сан-алуан ұйымдар мен элементтерден құралады. Егер осы ақпараттық құбылысты қарапайым ақпаратты жинау, оны аздап өңдеу, техникалық құралдар көмегімен оны жеткізу, адамдардың оны қабылдауы және жеткізген ақпарат негізінде олардың іс-әрекетке көшуі сияқты схема бойынша жүреді десек, онда ешқандай мәселе де туындамаған болар еді. БАҚ-ты күрделендіретін, оның маңызды функция-

ны, қоғамды саясаттандыру мен тұрғындардың саяси сауаттылығын көтеруді орындауында. Адам мұндай ақпараттық ағымда субъекті де, объекті де болып табылады. Мысалы, еліміздегі қай телеарнаны алып қарасаңыз да, күнделікті саяси шолуларынан басқа, арнайы саяси сараптамалық бағдарламалары бар. Айта кетер болсақ, «Қазақстан»-арнасының «Апта-kz», «Хабар» арнасының «Жеті күн» апталық сараптамасы, Коммерциялық телеарнаның «Портрет недели» бағдарламасы. Бұқаралық ақпарат құралдары саяси шолулар, саяси талдаулардан басқа өз оқырмандары, өз көрермендері мен өз тыңдаушыларымен тікелей байланыс арқылы қоғамдық пікірді қалыптастыруға тырысады. Мысалы, кейбір басылымдар өзекті мәселелер бойынша тұрғындарға сауалдар қою арқылы қоғамдық пікірді анықтауды жүзеге асырады. Соның ішінде, «Айқын», «Литер», «Қазақ әдебиеті» газеттерінің бір мәселе төңірегінде бірнеше көзқарасты қатар беруін, «Алаш айнасы» газетінің «Иә» және «Жоқ» рубрикасын айтып кетуімізге болады.

Екінші жағынан, бұқаралық ақпарат құралдарынан халықтың саяси шығармашылығы негізінде белсенділігі көрініс табады. Сөзімізге кезіндегі «31»-арнаның «Еркін сөз», «Хабар» арнасының «Жетпіс жеті күн», Коммерциялық телеарнаның «Куклы» бағдарламалары дәлел бола алады. Өкінішке орай, бұл хабарлардың ғұмыры ұзақ болған жоқ.

Сонымен, бұқаралық ақпарат құралдары, қандай түрі болмасын, мемлекет пен қоғам арасындағы ақпараттық байланысты орнатушы тиімді каналға айналып отыр. Қалай десек те, кез келген адам ақпаратты не теледидар, не газет арқылы алады. Соңғы кезде тағы бір ақпарат алу көзі қалыптасуда. Ол - интернет, бірақ ол барлық жерде бірдей қолжетімді емес. Сөз еркіндігі деңгейі, ақпаратты және оны қоғамда тарату мүмкіндігі ашық жолмен жүзеге асырылуда, яғни ақпаратты тарату демократияландырылуда.

Қазақстандағы ақпаратты таратуды демократияландырудың бір белгісі - мемлекеттік, мемлекеттік емес, қоғамдық бұқаралық ақпарат құралдарының қатар өмір сүруі. Мемлекеттік емес БАҚ дамуына жаңа жол ашқан «Нарықтық қатынастарға өту кезеңіндегі БАҚ қорғау туралы» 1992 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы болып табылады.

Келесі мәліметтер ақпараттық кеңістіктегі түбегейлі өзгерістерді көрсетері анық. 1991 жылы Қазақстанда жаңа 735 газет пен журналдар, оның ішінде 250- ы - қазақ тілінде, 395-ы – орыс тілінде, 4-і ұйғыр, 5-і өзбек, 2-і неміс, 2-і кәрей тілінде шыға бастаған еді.

Ал бүгінгі күні Қазақстанда БАҚ - 2 727, оның ішінде 2 494 – баспа бұқаралық ақпарат құралдары (1 662 – газеттер, 832 – журналдар еншісінде), 233 – электронды бұқаралық ақпарат құралдары қызмет жасап отыр. Ресми статистика еліміздегі баспа БАҚ-тың басым екендігін көрсетеді. Олардың 328 (20%) мемлекеттік, 1 334 (80%) – мемлекеттік емес газеттер. Сонымен бірге, 449-ы – қазақ тілінде, 602-і – орыс тілінде, 490-ы – қазақ және орыс тілдерінде, 121-і – қазақ, орыс және басқа тілдерде шығады [2]. Телерадио компанияларды меншік тұрғысынан жіктер болсақ, мемлекеттік емес компаниялардың саны басым. 2001 жылы, яғни 11 жыл бұрын республикада 1300 БАҚ, ал олардың 70% мемлекеттік емес меншікте болған. 1991-2012 жылдар аралығында баспа БАҚ-тың саны 735-тен 2 494-ке дейін өскен.

Ақпараттық кеңістіктегі сандық өзгерістер сапалық жетістіктермен қатар жүруде. Мемлекеттік және мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдарының бір-бірінен айырмашылығы тек меншіктік тұрғыдан ғана емес, сонымен бірге ақпаратты тарату әдіс-тәсілдерінде дер едік. Соның бір көрінісі - мемлекеттік емес, тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарының халық алдына таңдау мүмкіндігін беруі. Таңдау мүмкіндігі саяси үдерістерге тек біржақты көзқарасты, біржақты пікірді берумен шектелмей, балама пікірді де қатар беріп отыру арқылы жүзеге асырылу-

да. Мұндай балама пікірлерді беру арқылы ақпаратты жеткізу халыққа ой-түрткі де бола алады. Ақпарат таза, сол қалпында қабылданып, басшылыққа алынбайды, керісінше, ол ой елегінен өткізіліп, адамдардың жаңа, шығармашылық түрін қалыптастыруға ықпал етеді. Мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық пікірді қалыптастырудағы негізгі реттеуші ролін атқаруға талаптануда. Мысалы, 2011 жылғы 16 желтоқсанда Жаңаөзенде орын алған жағдайға байланысты мәліметтер мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кеңінен таратылды. Ал, мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары болса халыққа ақпаратты ресми тұрғыдан ғана жеткізіп отырады.

Дегенмен, еліміздегі тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарының санына қарамастан, олардың халықты шынайы да әділ ақпаратпен қамтамасыз ету мүмкіндіктері шектеулі. Мұны біз кейбір бұқаралық ақпарат құралдарының заңды, заңсыз жолдармен қудалануынан көруімізге болады. Мысалы, газет офисін өртеу, газет, теледидар тілшілерін қорқыту, үркіту тәсілдерін қолдану. Бұл жағдайды социологиялық зерттеулер нәтижесі де дәлелдейді. Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдарының әртүрлі саяси көзқарастарды жеткізуде сауалнамаға қатысқан респонденттердің 54% еркін емес, тек 33% еркін деп есептейді. Яғни, өкімет тұрғысынан ақпарат мазмұнын реттеуге ұмтылушылық бар екенін көрсеткен [3].

Бұқаралық ақпарат құралдары азаматтардың саяси белсенділігін арттыру мақсатында, әсіресе, сайлау науқанында кеңінен пайдаланылуда. Бұған дәлел - президенттік (1999, 2005, 2011 жж.) және парламенттік (1999, 2004, 2007, 2012) сайлау науқандарында бұқаралық ақпарат құралдарының атқарған ролі ерекше. Айта кеткен жөн, баспа БАҚ-пен қатар электрондық БАҚ-та кеңінен қолданылды.

Әрине, БАҚ пен билік арасындағы өркениетті қарым-қатынасты қалыптастыруға жасалған талпыныстарды жоққа шығара алмаймыз, бірақ БАҚ туралы заңды қабылдаудың ұзаққа созылуының өзі-ақ оның сипатының өзгергенін дәлелдейді. Бүгінгі күні бұқаралық ақпарат құралдары мен билік арасындағы қарым-қатынас біржақты қалыптасып отыр. Себебі, билік институттары мәселені әлімжеттілік тұрғысынан шешуге тырысып отыр дер едік. Кейбір басылымдар мен телеарналардың, сонымен бірге журналистердің қудалауға ұшырауы ойлантарлық жәйт. БАҚ бақылау жасаудың кең тарап отырған тәсілінің бірі – мемлекеттік тапсырыс беру. Осы негізде ақпаратты таратудағы жаңа кезең туралы да айтуымызға болады. Жоғарыда көрсетілген қысым мен шектеулерге қарамастан, тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары саяси үдеріске ықпал етуге ат салысудан бас тартпай отыр.

Тағы бір үлкен мәселе – азаматтардың сөз еркіндігі мен ақпарат алу құқығына байланысты. Конституция бойынша Қазақстанның әрбір азаматы сөз еркіндігі мен ақпарат ала алу құқығына ие. Сөз еркіндігі кез-келген демократиялық қоғам негізі болып табылатындығы белгілі. Әрі еркін ойлайтын, шығармашылық адамның дамуының алғы шарты. Сөз еркіндігі тек оң қабылданатын ақпаратқа, мәліметке байланысты ғана емес, сонымен бірге билікті қобалжытатын ақпараттарға да қатысты болуы тиіс. Мінеки, осы міндетті жүзеге асыру бұқаралық ақпарат құралдарының еншісінде. Бүгінде бұқаралық ақпарат құралдарында халықты толғандырып жүрген өзекті мәселелер бойынша ашық пікір таластар, пікір-сайыстар ұйымдастыру кеңінен тарап отыр. Мысалы, «Қазақстан» телеарнасындағы «Өзекжарды», «Алаң», КТК телеарнасындағы «Астарлы ақиқат» хабарлары өзекті мәселелер бойынша сан-алуан пікірлерді ашық талқылау арқылы халыққа ой-түрткі бола алады. Пікір сайысқа қатысушылардың әр қайсысы сөз құдіретінің көмегімен халықты өзіне сендіруге тырысады. Ақпарат таза, сол қалпында қабылданып, басшылыққа алынбайды, керісінше, ол ой елегінен өткізіліп адамдардың жаңа, шығармашылық түрін қалыптастыруға, азаматтардың саяси белсенділігін арттыруға да ықпал етері сөзсіз. Әрине, еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдарының қызмет сипаты мен мазмұнына

ресейлік ақпараттық кеңістіктің ықпалы зор екені де байқалады. Бұған дәлел - арнайы сарапшылар арасында жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижелері. Өлемдік жаңалықтарды қандай жолмен аласыз? - деген сұраққа сарапшылардың 43% - ресейлік баспа БАҚ, 19% - халықаралық электронды БАҚ, 17% - ресейлік сайттарды, 17% - ресейлік электронды БАҚ, 16% - шетелдік сайттарды көрсеткен. Тек 10% - қазақстандық сайттарды, 9% - қазақстандық электронды БАҚ, 4% - халықаралық баспа БАҚ, 4% - қазақстандық баспа БАҚ деп көрсеткен [4].

Қорытындылайтын болсақ, еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдарындағы ақпарат сапасы мен шынайылығы көңіл толарлық деп айту қиын. Себебі, саяси ақпарат пен жаңалықтарды таратуда әлі күнге дейін біржақты, сыңар ақпарат беру үстемдік етіп отыр. Ал халықты шынайы, әділ ақпаратпен қамтамасыз ету бұқаралық ақпарат құралдарының тәуелсіз, еркін қызметі жағдайында ғана мүмкін.

Дегенмен, тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары Қазақстан азаматтарының саяси белсенділігін арттыруда өзіндік рөл атқарып отыр деген қорытындыға келеміз. Бұқаралық ақпарат құралдары тек кіріс көзіне айналмай, жеке, әрі тәуелсіз қоғамдық институт ретінде қалыптасуы қажет. Тек сонда ғана ақпаратты таратудағы бостандық туралы айта аламыз.

-
1. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. Алматы: Өнер, 1996. 272 б.
 2. Медиа Право в странах Центральной Азии /Казахстан/ // ©Электронный ресурс©. – Режим доступа: <http://medialaw.asia/>
 3. Национальный опрос избирателей Казахстана. Опрос провело Агентство БРИФ Центральная Азия. Алматы, 2004 г. С. 64.
 4. Конкурентоспособность СМИ Казахстана // ©Электронный ресурс©. – Режим доступа: <http://slideshare.net/KazakhstanPressC>

АДАМНЫҢ МӘДЕНИ ӘЛЕУМЕТТЕНУ ҮРДІСІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН МЕДИАМӘДЕНИЕТІНІҢ РӨЛІ

Медиамадениет - баспа, теледидар, кинематография, видео және компьютерлік арналар арқылы бүкіл әлем бойынша шапшаң дамуда. Адамзаттың қоршаған әлемді, оның әлеуметтік, интеллектуалдық, құндылықтық, көркемдік және психологиялық қырларының қалыптасып танудағы кешенді құралы бола отырып, оның қоғамдағы рөлі бұрын соңды болмаған қарқынмен өсуде. Әлеуметтену адамның заманауи қоғамдағы өмір сүруге үйрену тәжірибесін білдіреді. Ол индивидтің өз бойына «басқаларға маңыздырақ» қатынас жасау барысында ортақ құндылықты «таңдауы», яғни жалпыға ортақ ұстанымдарының интериоризациясымен байланысты. Сонымен қатар әлеуметтенумен бірге әлеуметтік бақылау, әлеуметтік теңдікті орнатудағы екі негізгі құралына қатысты. Э.Гидденс әлеуметтендіруді «соған сәйкес жас жеткіншектер әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды сіңіретін әлеуметтік үдеріс» ретінде анықтайды; «бұл үдерісте олардың тұлға ретінде қалыптасуы өтеді. Әлеуметтендіру үдерістері тұлғаның жастық кезеңінде айрықша маңызды болғанына қарамастан, олар оның өмірінің өн бойында жүріп отырады. Ешбір адам оның әсерінсіз басқа адамдармен қоян-қолтық өмір сүре алмайды, бұл тұлғаның мінез-құлқына оның өмірлік кезеңінің барлық сатыларында ықпал етіп отырады» [1].

Заманауи түсінікте алатын болсақ, мәдени әлеуметтендіру қоғамның тұрақты беріліп келе жатқан және тұлғаның өзінің өмір бойы әлеуметтік институттар (коммуникация құралы ретінде тіл, ойын әрекеті, білім беру, БАҚ) арқылы меңгеретін үдерісі, мәдени құндылықтар, нормалар, ережелер, реалийлер мен мәдениет идеалдары, мәдени қажеттіліктер өнімдері мен мүдделер, қондырғылар, өмірлік бағдарлар, этномәдени дербестік, сауықты ұйымдастыру, көркемдік бағалаулар - қорытындысында тұлғаға аталған қоғамның мәдениет кеңістігінде қолдануға мүмкіндік беретін әлемнің мәдени бейнесінің қалыптасуы.

Соңғы онжылдықта қазақстандық медиамадениеттің аясы коммуникацияның жаһандық жүйелерінің қалыптасуы ұстындарының әсерімен айтарлықтай түрленді. Телекөрініс, компьютер, Интернет, ұялы телефон ширек ғасырдың ішінде қазақстандықтардың маңызды бір бөлігіне қолжетімді болып қана қойған жоқ, сонымен қатар күнделікті өмірге, күнделікті әлеуметтік және мәдени тәжірибеге енгізілді.

Қазақстандық медиааймақта, жаһандық медиааймақтағы сияқты, кітап оқу мәдениетін ығыстырып шығарған экрандық мәдениетке басымдылық берілді. Қазақстанда кабельді және сандық телекөрініс қарқынды дамып келеді, сонымен қатар Интернетті де осы санатқа жатқызуға мүмкіндік бар. Заманауи ақпараттық технологиялар ақпараттық нарықта кеңінен кәдеге жаратылып келеді. Ұлттық ТВ мен радиобекеттер ұлттық жерсеріктік жүйе арқылы хабарлар таратады. 2002 жылы Caspionet (Eutelsat операторы) жерсеріктік арнасы жасалды. Республиканың барлық аумағына кабельді және жерсеріктік арналар арқылы BBC, CNN, Deutsche Welle, «Бостандық радиобекеттері», Польша арнасы Polonia, Ресейлік және басқа да теле- және радиоарналардың бағдарламалары тарайды.

Қазіргі таңда Қазақстан медиамадениетінің адамның мәдени әлеуметтендірілуіне әсер етуде өзіндік ерекшелігі бар. Ол 130-дан астам ұлт пен ұлыстарды біріктіреді. Елімізде ғұмыр кешіп жатқан 11 ұлт пен ұлыстың тілінде газеттер мен журналдар жарық көреді, теле және радиобағдарламалар

хабар таратады. Белгілі бір тарихи жағдайлар мен оқиғаларға, сонымен қатар тұрғындар мөлшеріндегі қалыптасқан тепе-теңдікпен байланысты Қазақстандағы медиамәдениетінде қостілділікке (қазақ және орыс тілді) және екі жетекші діни бағыттардың – «қазақтардың дәстүрлі исламы» (сунниттік мазхабқа негізделген ислам діні, тәңіршілдік және сопылық) мен православ христиандығының толерантты тұрғыда өмір кешуіне басымдылық берілген.

Заманауи Қазақстанның медиаортасы қоғамдық сананы, рухани және материалды мәдениетті, саясатты, экономиканы, әлеуметтік институттарды – адамның әлеуметтендірілуіне әсер ететін барлық нәрсені қамтиды. Қазақстандық медиакеңістікте жаһандық және жалпыұлттық медиаорта бірігеді. Қазіргі қазақстандық жаңашылдықтың ерекшеліктері медиамәдениеттің қызметін жаңа медиаортаның шоғырландырушысы ретінде күшейту болып табылады.

БАҚ әрекетінің және Қазақстан Республикасының ақпараттық нарығының қолданылуының негізі Қазақстан Республикасының Конституциясы болып табылады. Ол сөз бостандығы мен шығармашылық еркіндігіне кепілдік береді, цензураға тыйым салады, кез келген, заңмен тыйым салынбаған тәсілмен ақпаратты еркін алуға және таратуға әрбір адамның құқығын қалыптастырады, идеологиялық және саяси алуандықты мойындайды.

Қазіргі таңда Қазақстанда 80%-дан астам БАҚ мемлекеттік емес болып табылады. Либералдандыру мен нарықтық реформалар БАҚ-тардың саңдық та сапалық та тұрғыдан өсуіне әкелді. Қазақстан бүгінде БАҚ-тың дамуы қарқыны бойынша Орталық Азия мен Кавказ елінің көпшілігінің алдын орайды. Қазақстанның медиалық инфрақұрылымдарды дамыту жөніндегі көшбасшылығы туралы елдегі жыл сайын өткізілетін Еуразиялық медиа-форум дәлел бола алады.

Қазақстан Республикасында 8 248 бұқаралық ақпараттық құралдары (2 513 БАҚ белсенді түрде қызмет етуде), 212 электрондық бұқаралық ақпарат құралдары тіркелген, 2 392 шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары тарайды, сонымен қатар KZ доменінде 9000-нан астам домендік атау тіркелген. БАҚ-тың 85 пайызы үкіметтік емес болып табылады [2].

Мемлекеттік басылымдар жергілікті әкімшіліктердің (биліктің атқарушы органдары) және мәслихаттардың (биліктің өкілетті органдары) қолдауымен елдің барлық аймақтарында шығып келеді. Астана мен Алматыда бірнеше мемлекеттік республикалық газеттер мен журналдар басылып шығады, республикалық мемлекеттік телекөрініс және радиобекеттер хабар таратады.

Қазақстанда жарық көретін бұқаралық ақпарат құралдарының ширегіне жуығы республикалық болып табылады. Республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының басым көпшілігі қоғамдық-саяси басылым сипатын ұстанады, яғни іс жүзінде барлық тақырыптарды қамтитын әмбебап басылымдар ретінде көрініс табады, республикада 20 кеңінен танымал іскерлік басылымдар қызмет етеді (газеттер мен журналдар).

Қазақстанда, ресми мәліметтер бойынша, 10 ақпарат агенттіктері, 2970 тіркелген бұқаралық ақпарат құралдары, оның ішінде 200-ден астамы – электрондық ақпарат көздері қызмет етеді. Орталық Азия, Орта Шығыс, Еуропа және Солтүстік Африка елдері аумақтарына хабар таратуды жүзеге асыратын «Caspionet» жерсеріктік телеарнасы бар. Елімізде хабар тарату қызметін жеткізетін отандық және шетелдік электрондық БАҚ-тардың кабельді және эфирлік-кабельді телекөрініс желісінің 80 операторы қызмет атқарады, олардың ішіндегі ең ірілері «Алма-ТВ» (елдің 13 қаласына тарайды), «Қазақпараттелеком», «Секател» және «Қазорталық-ТВ» (5 қалаға тарайды), «КВК» (4 қалаға).

Республикада иелері қаржылық-өнеркәсіптік топтар, немесе ірі бизнесмендер болып табылатын бірнеше ірі медиа-холдингтер қызмет етеді. Холдингке сонымен


қатар мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары («Арна медиа» холдингі – «Хабар», «Ел Арна», «Қазақстан», Caspionet телеарналары, «Қазақ радиосы», «Хабар», «Шалқар» радиобекеттері, «Казахстанская правда», «Егемен Қазақстан» газеттері, «Казинформ» ақпараттық агенттіктері және т.б.), сонымен қатар үкіметтегі «Нұр Отан» партиясы билейтін масс-медиа біріктірілген («Астана» телеарнасы, NS және РДВ радиобекеттері, «Айқын», «Литер», «Түркістан» және т.б. газеттер). Басқа холдингтер ресми құрылым болып табылмайды.

Қазақстандағы республика тұрғындарының жартысына жуығын қамтитын эфирлік телеарналар саны 10-нан аз (мемлекеттік телеарналар «Хабар», «Қазақстан» және «Ел Арна», «Асыл арна», жекеше КТК, НТК, «СТВ», («Жетінші арна», «Астана» және 31 арна). Олардың, шамамен алғанда, жартысы Астанадан, қалғандары Алматыдан хабар таратады. Елдегі мемлекеттік тіл қазақ тілі болып табылса да, орыс тілі ресми тіл болып есептеледі және қазақ тілімен тең қолданылады. Алайда, Алматы қалысының «Ақпарат және талдау орталығының» мәліметтеріне сүйене отырып, кейбір екі тілде шығартын баспаларға назар аударатын болсақ (1 кестеде), орыс тілді оқырмандардың сұранысының басымдылығы байқалады [3].

Кесте 1

Баспа медиасы

Баспа атауы	Мезгілі мен нөмірі	Тілі	Саны	Пайызы %
1) «Алматы Ақшамы»	09.08.2011 / № 92 06.08.2011 / № 97	Қазақ	12 810	2.84
2) «Вечерний Алматы»	25.08.2011 / № 99 25.08.2011 / № 105	Орыс	10 292	2.28
3) «Алматы Ақшамы»		Қазақ	10 305	32.08
4) «Вечерний Алматы»		Орыс	21 820	67.92



Қазақстан медиаортасы елдің демократияға «транзитінің» маңызды ұстыны болып табылады. Қазақстанның бірегей ақпараттық кеңістігінің қалыптасуы, масс-медияның қарқынды дамуы (баспасөз, сонымен қатар электронды: кабельді және жерсеріктік ТВ, видео, сандық кино және телекөрініс, компьютерлік арналар, Интернет желісі, CD-ROM-дар, DVD, ұялы байланыс, электрондық пошта) қоғамның саяси және экономикалық дамуына әсер ететін көптеген әлеуметтік үдерістердің үдеткішіне айналды.

Адамның мәдени әлеуметтендірілуімен тікелей байланысты оның құқығының тақырыбы мемлекеттік тапсырыстарды орындайтын жетекші республикалық телеарналардың ақпараттық-сараптамалық, интерактивті бағдарламаларында кеңінен насихатталды. Бұл төңіректе айрықша атап өтуге тұрарлығы, «Хабар» телеарнасындағы «Жеті күн», «Бетпе бет»; «Қазақстан» РТРК-дағы «Айна-апта», «Назар»; «31 арна» телеарнасындағы «Жеке көзқарас», «Назар шоғыры»; «Рахат» телеарнасындағы «Апта панорамасы»; «Астана қаласының телекөрінісі» арнасындағы «Үлкен рейтинг».

Қазақстандықтар үшін телекөрініс ақпараттың негізгі қайнаркөзі болып табылады. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан әлеуметтік зерттеулер институтының тапсырысы бойынша, «Орталық Азия» әлеуметтік және маркетингтік зерттеулердің бизнес ақпарат Орталығы 2007 жылы жүргізген «Қазақстан Республикасының саяси жаңаруы динамикасының негізгі бағыттары мен деңгейі» атты республикалық социологиялық зерттеудің мәліметтеріне сәйкес, тұрғындар үшін телекөрініс (63%) үлкен сенімге ие болған, әрі қарай радио (56%) және қоғамдық-саяси газеттер мен журналдар (53%) орын алған. Сәйкесінше, Интернетке қатысты сенімнің ең төменгі деңгейі байқалған (46%).

Қазақстанның жас жеткіншектер ортасында, сәйкесінше, жастардың мәдени әлеуметтендірілуіне телекөріністің «Суперстар-KZ», «Фабрика звезд», «X фактор» сияқты реалити-шоулары үлкен дүмпу тудырды, ол әрбір жас жеткіншекке осы сайыстарға, сонымен бірге барынша табысты өнер көрсеткен әншіге дауыс беруге мүмкіндік тудырды. Бұл бойынша әншілер өнер көрсеткен кезде міндетті түрде қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі әндерді орындады.

Қазақстандық медиамәдениетте үйреншіктілікке деген қызығушылық артып келеді: үйреншікті өмір, әдеттегі білім, кәдуілгі сана-сезім, үйреншікті сөйлеу, адамның дағдылы мінез-құлқы, қарапайым өмір сүру мәдениеті. Бұл әлеуметтік шындық енді объективті жүзеге асырылатын құрылымдар ретінде және санадан тәуелсіз жүзеге асырылатын үдерістер ретінде ғана ұғынылмайтындығын, сонымен қатар осы оқиғалардың субъективті толқыныстары, оларды үйреншікті түсіну және құрылымдау ретінде түсіндіретінін білдіреді. Адамның коммуникативті әрекеті оның қозғалысының, ұдайы өзгерісінің, жаңа коммуникативті байланыстардың – басқа құрылымдарда жасау, ыдырату және қайтадан жасау жолын үздіксіз жүзеге асыру жайттарының маңызды болып тұрған кезінде қалыптасу, үдерістік жазықтығында көрінеді.

Қазақстан Республикасындағы ресми жарияланған жастардың әлеуметтендірілуінің стратегиялық бағдары – жаңа ұрпақ өкілінің адамдардың инновациялық, шығармашылық ойлау түрімен, дамыған дүниетанымдық мәдениетпен, әлемге қатысты этикалық тұрғыдан жауапкершіліктегі жоғарғы білікті кәсіби мамандармен қалыптасуы. Бұл үдеріске қазақстандық медиамәдениеттің айнасы және мәдени жаһандану мен сол сияқты мәдени жерсіндірудің де жетекшісі болып табылатын масс-медиа маңызды үлес қосты. Масс-медиа қоғам мен мемлекеттің, социум мен биліктің арасындағы делдал ретінде қызмет атқарады.

Қазақстан Республикасында, ретімен алғанда, тұрғындардың 14%-ы Интернеттің пайдаланушылары болып табылады. Интернет-пайдаланушылар мөлшерінің артуымен интернет-басылымдардың да санының артуы байқалады. Бұл бойынша олардың көбісі қоғамдық-саяси сипатта болғанына қарамастан, ақпараттық-сауықтыру бағытын ұстанады.

Сонымен қатар баспасөз басылымдарының интернет-нұсқалары да (мәселен, «Время», «Литер» газеттері) танымал болып табылады. 5 және одан да жоғары жылдар бойы әрекет ететін және Қазақстандағы, әрі шетелдегі жағдайлар туралы жаңалықтар мен сараптамалық материалдарды жинақтаумен, таратумен айналысатын интернет-қайнаркөздердің де танымалдығы айтарлықтай ұлғайды.

Қазақстандықтардың өскелең ұрпағы компьютерлік сауықтар мен компьютерлік қызметтерді: электронды ойындарды, E-mail бойынша хабарламаларды алу мен жіберуді, желімен қарым-қатынас жасауды, виртуальды дүкендерде тауарларды сатып алу мен сатуды, желінің әртүрлі сайттарында орналасқан жарнамаларды және тағы да басқаларды белсенді түрде игеріп келеді.

Қазақстандық медиапайдаланушы – қазақстандық медиаорта жағдайындағы мәдени әлеуметтендірудің нәтижесі болып табылатын барлық қазақстандықтарды осылай атауды ұсынамыз, - олар өздерінің күнделікті өмірлерінде телекөрініс пен Интернеттің жаһандық желілеріне тәуелді және қазақстандық зияткерлік әлеуметтік желілерге атсалысады.

Киберкеңістік шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдаланушыларға есептелген әлеуметтендіру үлгілерін С.В. Бондаренко ұсынады, оның еңбегінде әлеуметтендіру үдерісі «пайдаланушылардың тұлғааралық коммуникацияны, әлеуметтік навигацияны және компьютерлік желідегі мінез-құлық ережелерін, сонымен қатар нақты виртуальды желілік бірлестіктер мен тұтасымен алғанда, киберкеңістіктің әлеуметтік қауымдастығында қолданылатын әлеуметтік қағидаларды, құндылықтар мен рольдік талаптарды игеруін» ұйғарады [4].

Инфоәлеуметтендірудің маңызы бұл құбылыстың екі жақты үдеріс екендігінен тұрады, ол өзіне, бір жағынан, өзі үшін маңызды ақпараттық тәжірибені тұлғаның ақпараттық кеңістікке (ақпараттық инфрақұрылымға), ақпараттық байланыстар жүйесіне араласумен игеруін қосып алса; екінші жағынан, тұлғаның ақпараттық байланыстар жүйесін дербес ақпараттық қызмет, ақпараттық кеңістікке белсенді қосылу есебінен ақпараттық байланыстар жүйесін белсенді жаңғырту үдерісін қосып алады. Басқаша айтқанда, тұлға жай ғана ақпараттық тәжірибені меңгеріп қана қоймайды, сонымен қатар оны дербес құндылығына, қондырғысына, бағдарына, жекеше ақпараттық мәдениетіне айналдырады.

Киберкеңістіктің әлеуметтік шындығындағы біріншілік әлеуметтендіру үдерісі екі сатыға бөлінеді: түпнегіздік (архетиптік) және құралдық-танымдық. Түпнегіздік саты әлеуметтік мифтердің қолданылуымен байланысты олардың қабылдануы негізінде тұлғадағы киберкеңістіктің субъективті шындығының қалыптасуы ретінде ұғынылады, мұнда әлеуметтендіру агенті ретінде құрбы-құрдастар, ата-аналар, сәйкес келетін оқу пәндерінің мұғалімдері көрініс табады. Аталмыш сатыда пайдаланушының киберкеңістіктің әлеуметтік қағидаларымен бастапқы таныстығы және желілік этиканың негізгі үн-сырларын меңгеру жүзеге асырылады.

5. *Тульчинский Г.Л.* Менеджмент в сфере культуры. – СПб.: Лань, 2001.
6. Материалы сайта <http://www.stat.kz>
7. По материалам журнала «Маркетинг в России и за рубежом». Подписка за 2006 год.
8. *Долгин А.* Фонд «Прагматика культуры» на сайтах GlobalRus.ru или polit.ru
9. Пригожин И.И. Политика – вершина шоу-бизнеса. – М.: ООО «Алкигамма», 2001.
10. *Наурызбаева З.* Стратегические приоритеты культурного развития РК // Рух-Мирас. Алматы, 2004. – № 2.
11. Смотреть работы: Радиожурналистика // Материалы конференции «Изучение радиоаудитории: возможности и перспективы». – Минск, 2010; Маркетинговые исследования Радио «Орфей» и др.

ҚАЗАНДАҒЫ ҚАЗАҚ КІТАПТАРЫН ЗЕРТТЕУ МЕН ИГЕРУ

Қазақ кітаптары ұлттың құнды құрамы болып табылады. Кітаптың Қазақстан тарихын, оның әдеби, мәдени өмірін зерттеуде маңызы зор. Қазақстанның біртіндеп Ресейге қосылуына дейін ел арасына бірлі-жарым араб, парсы, шағатай тілдерінде шыққан кітаптар тарады. Қазақ тілінде кітап бастыру ісі Ресейге қосылғаннан кейін XIX ғасырдан басталды. Төңкеріске дейінгі қазақ зиялыларының кітаптары – халқымыздың мәдени мұрасының аса маңызды бір бөлігі, бастау бұлағы, оны зерттеп игеру – бүгінгі кемелді рухани өмір-тіршілігіміздегі төл міндет.

Алғашқы қазақ кітаптары Санкт-Петербургте, Қазанда, Орынборда, Омбыда, Ташкентте басылып шықты. Көбінесе Қазан университетінің Каримовтар мен Хусайыновтар баспаларынан шығып тұрған. Қазақ кітаптарының тарихы 1807 жылы Қазан гимназиясының баспаханасында жарық көрген "Сейфілмәлік" кітабынан басталады [1]. Шығыс сюжетінен алынған бұл дастан революцияға дейін ең көп басылған кітап. 1831 жылы Қазанда "Иғланнама", 1840 жылы "Қисса-и-Шәкір-Шәкірат", падишаһ һашим балалары, 1848 жылы "Хатымтай жомарт", 1857 жылы "Мансұр - ул халлаж" атты кітаптар басылған [2]. Қазақстанда жазу реформасы оншақты жылдың көлемінде (1929-1940 жж.) екі рет жүзеге асырылды: 1929 жылға дейін қолданылған араб графикасынан латынға, 1929-1940 жылдары қолданылған латын графикасынан кириллицаға көшірілді. Араб графикасымен басылған 1841-1932 жылдар аралығын қамтитын қазақ кітаптарының саны – 1500, латын графикасымен басылған 1926-1941 жылдар аралығын қамтитын қазақ кітаптарының саны – 3500 аталым [3].

Ана тілімізде қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде жарық көрген кітаптарды іздеп-тауып, бір жүйеге келтіруде татар тарихшысы Әбрар Каримуллин ұлттық баспамыз да, төл баспаханамыз да жоқ кезде қазақ тілінде ұзын-саны 509 кітап жарық көргенін және оның 431-і татар баспаханаларында басылғанын айтады [4]. Әбрар Каримуллин қазақ тіліндегі тұңғыш кітап 1831 жылы жарық көрген дейді. Ол ойын 1971 жылы "Жұлдыз" журналында жарық көрген "Қазанда жатқан қазыналарыңыздан" атты мақаласында тарқатып айтады. Алайда бұл мақаламен толық танысудың мүмкіндігі болмады. 146-149 беттерге жарияланған мақаланың барлық данасында 147-148 беттері жартылып тасталынған екен. Оның себебін сол кездегі баспасөз комитетінің хатшысы болған Алтынбек Қасенұлынан сұрағанымда: "М.Жұмабаев" деген фамилия жазылғаны үшін 179057 таралыммен жарық көрген "Жұлдыз" журналының сол беттерін алғашқы сүйінші данадан соң (сигнальный экземпляр) жоғары орындағылар жыртықызып тастатқанына өзі куә былайша баяндайды: «Маған «өзің шешімін тап» деп тапсырма берілген соң, баспаханаға келіп, Каримуллиннің мақаласын толық оқып шықтым. Айтарлықтай мол мағлұматтар да алдым (дегенмен сол кездегі саясат белгілі ғой, ең болмаса 1 данасын да сақтай алмадық). Ары-бері ойланып, осы «М.Жұмабаев» деген бетті жыртып тастасам қалай болар екен дедім. Шындығында, оншалықты біліне бермейді екен. Сонымен, қанша жерден қиналсақ да, осылай істеуге мәжбүр болдық» дейді. Міне, кеңес өкіметінің цензуралық саясаты.

1971 жылғы «Жұлдыз» журналындағы Ә. Каримуллиннің мақаласына (147-148 беттерінсіз) сілтеме жасайын, қай жерінен мақаланың үзілгенін өздеріңіз байқарсыздар (егер байқалып жатса):

"Қазақ баспасөзінің туу тарихы, даму жолдары өз алдына әңгіме етерлік, келелі тақырып. Бұл мәселе жайлы осыдан жеті жыл бұрын Х. Бекхожиннің "Қазақ баспасөзінің даму жолдары" атты кітабы, 1948 жылы Н. Сәбитовтің "Қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші" жарық көрді. Әрине бұлар да қазақ баспасөзі жайлы деректер толық қамтылды, өткен-кеткені түгел жиналып зерттелді

деп авторлар да айтқан емес, біз де олай дей алмаймыз. Сондықтан да қазақ баспасөзі жайлы еңбектерде қарастырылмай қалған кей бір мәселелер хақында сөз қозғауды орынды көрдік.

Қазақ баспасөзінің тарихы дегенде тұңғыш кітап қашан шықты, қайда шықты деген сауалдар туады. Бұған үзілді-кесілді жауап беру қиын, дегенмен әзірге қолда бар деректерге сүйенсек, “Иғланама Қырғыз халқына” деген кітапты тұңғыш деп атар едік. Бұл кітаптың шығуы туралы қысқаша мәлімет былай: кітап 1831 жылы Қазан Университетінің баспасында жарық көрді. Бұл жылдары қазақ сахарасында оба ауруының дендеп, кісі өлімінің көбейіп бара жатқан кезі еді. Осы індетке қарсы қолданылатын шараның бірі – аурудың зардабын түсіндіріп, одан сақтандыру, емдеу шараларын көрсету болды. Оны, әрине, әр үйге, әр ауылға барып лекция оқу арқылы жүзеге асыру қиын еді. Сондықтан Орынбор округінің генерал-губернаторы Сухтелин баспасөз арқылы таратуды жөн деп тауып, сол кездегі мұсылман баспасының орталығы болған Қазан баспаханаларына заказ берген. Арап хариімімен басылған осы кітаптың бір данасы күні бүгінге дейін Татар АССР-ның Мемлекеттік Орталық архивінде сақтаулы тұр (ЦА ТАССР, фонд, 92, оп, 1. 3530).

Қазақ өлкесін басқарудың, сұлтандары мен қазақша хат-хабар алмасудың қиындығы Сухтелинді араб хариіпін алдырып, Орынборда әскери баспахананың ішінен бөлімше ашуга мәжбүр еткен. Сүйтіп Москваның Лазарев институтынан салмағы 13 пуд, 26 фунт араб шрифті әкелінген. Әріп теруші болып Неплюев әскери училищесінің курсанты сол училищенің оқытушысы бірнеше шығыс тілдерінде оқулық жазған ғалым Мірсалық Бекчуриннің баласы Мухамедкерем Бекчурин белгіленген.

Әскери баспахананың араб бөлімшесінің тырнақалды кітабы орыс, қазақ тілдерінде шыққан “Орынбор жолбойы қазақтарының жергілікті және дистанциялық бастықтарына нұсқау” атты кітап болған. Алайда бұдан кейін Орынбор баспасы қазақ тілінде кітап шығармай, тек генерал-губернатордың жарлықтарын ғана жариялап отырады да, кітап бастыруға Қазан баспасынан заказ береді. Мәселен, Мірсалық Бекчуриннің “Араб, парсы, татар тілдерін Бұхарлықтар мен Башқұрт, Қырғыз және Түркістан тұрғындарының, сондай-ақ орыс-парсы, татар сөздерін пайдалану арқылы оқыту туралы әуелгі нұсқаша” аталған кітабының 1359 жылы Қазан баспасынан шығу фактісінің өзі біздің әлгі ойымызды дәлелдесе керек.

Аталмыш кітапта қазақ текстері болғандықтан, және қазақ фольклорынан көптеген материалдар енгендіктен, бұл кітапты да қазақ баспасөзінің тарихына жатқызамыз. Орынбор шекара комиссиясының тілмәші Ильминскийдің орыс-қырғыз бұратана мектебіне арналған “Самоучитель русской грамоты для киргиз” оқулығы да Қазан баспасынан бірінші рет 1861 жылы, екінші рет 1874 жылы жарық көрген. Осы автордың 1861-62 жылы Қазан университетінің ғылыми жазбаларында, “Қырғыз тілін үйренушілерге көмекші материалы” жарияланып, кейін ол жеке кітапша болып шығады. Ильминскийдің қазақ тілі мен әдебиетінің үлкен қамқоры болғаны бұрыннан айтылып жүр. Сол шындықты біз мына фактіден де айқынырақ көреміз. Ол 1862 жылы Қазан университетінің баспаханасынан қазақтың халық эпосы “Ер Тарғынды” бастырып шығарады. Бұл эпосты Ильминский көзінің тірісінде Қазанда өз қаржысына төрт рет бастырған (1871, 1876, 1879, 1883), ал ол қайтыс болған соң “Ер Тарғынды” үш рет 1893, 1899, 1913 жылдары татар нащриятшысы Шамсудин Хусаинов қайта бастырған. Сонымен Семейдегі “Жәрдем” баспаханасы Таһир Жомартбаевтың “Қыз көрелік” романын, ал Қазан баспасы Көлбай Тоғысовтың үш бөлімді “Надандық құрбаны” пьесасын 3000 дана етіп 1915 жылы жариялады.

Қазақ тілінде кітап шығуының келесі бір пайдалы жағы деп қазақ әдебиетінің татар жазушыларына, татар әдебиетіне еткен әсерін де айтпай кетуге болмайды. Татар оқырмандарының қазақтың бай ауыз әдебиетімен таныс болуы, тіпті, татар жазушыларының қазақ тақырыбына шығарма жазуы Қазан, Уфа басқаларында қазақ кітаптарының шығарылуының арқасы дер едік. А. Тоқай, Ф. Ибрагимов, Ш. Камал, Ф. Амирханов, М. Ғафурилер қазақ әдебиетін насихаттап қана қойған жоқ. Олар әрі қазақ тақырыбына қалам тербеген жазушы да болды. Татар әдебиетшілері жинаған кейбір әдеби шығармалар қазірдің өзінде Қазан университетінің ғылыми кітапханасында

сақтаулы түр. Татар әдебиетшілері жинаған ауыз әдебиеті материалдарының ішінде бірен-саран кітап болып шыққандары да бар. Айталық, ұзақ жылдар бойы Омбы уезінде қазақтар арасында болған татар әдебиетшісі Хамидулла Садуақасов 1915 жылы “Халық мұңы қазақ тілінде” атты жинақ бастырып, оған халық ақындарының шығармаларын топтаған. З. Каримов Мақыш Далтаевпен бірігіп фольклорлық нұсқаларды “Қазақша айна” (1913) деген атпен жариялатқан. Нақ осы кітаппен мазмұндас “Кітапха-и жұрнағи яхуд шиерлар мажмуғаси” (1910) аталған жинақты Бекмухаммед Хусаинов, “Қазақ өлеңдері” кітабын Мухаммед Бекметов жариялатқан болатын. Бұл аталғандармен қатар татар тіліне аударылған жинақтардан Гильман Саттаров жинап бастырған “Қазақ шиерлари” (1909), Мақыш Қалтаевтың “Қазақ ах-валенан” (1907), Заріф Ақсақидің “Бұлбұл құсын” (1910, 1911) атау лазым.

Қазан баспаларынан өмірге жолдама алған кітаптар баршылық. Соның көбі дерлік сақталған. Алайда сақталмай қалған бір кітапты да атай кету жөн. Ол – татар нашриятшысы Ш. Хусаинов шығартқан “Васыят нама” (Қазан, Коковин баспаханасы). Патша әкімшіліктері қазақ халқына тізесін батырды деген сарын бар деп “айып” тағып бұл кітапты цензура басып тастаған” (Ц.ГИАЛ. фонд 777. Оп.27. д. 312. лл. 2-5). Жүсіп Көбеевтің “Бірлікте көп жасаған бір ғанибет” (1907) атты өлеңдер жинағы да “Васыят Наменің” кебін киіп авторына үкім жариялаған болатын. Бірақ қуаныштысы сол, Кубеевтің мекені белгісіз болып үкім орындалмай қалған-ды. Жұмағазы Темірәлиевтің өлеңдер жинағы, “Өз пікірім бұл яки ішкі ордалықтардың қазіргі замандағы жағдайымыз” атты (1912) кітабында орыс “Қырғыз жерін басып алды” деп “жала” жабылып “орыстарға діни де, экономикалық та тұрғыдан қарсы” үгіттеді деген “кінә” қойылған.

Әрине, мұндай “кедергілер” кітап шығару ісін тежей алған жоқ. Низамеддин Сағадов, Сәдуақас Сейфуллин, Мұхаммади Садық Еңсеұлы, Арғынбай Ысқақи, Байбатыр Ержанов және басқалардың шығармалары көптеп шығарылып жатты. Бір ескертетін мәселе – біз тек көркем әдеби кітаптар туралы деректер келтірдік. Ал тарих, тіл, есеп сабағы және басқа салалардан шыққан кітаптардан Қазан архивтері мен кітап қоймаларында жатқан дүниелер өз алдына бір төбе” [5].

Міне, жоғарыдағы мақалада татар кітаптанушысы Әбрар Каримуллин қазақ кітабы 1831 жылы жарық көрді дейді. Ал қазақ кітаптанушыларының зерттеуі бойынша: 1807 жылы жарыққа шыққан 115-беттік шағатай тілінде жазылған “Сейфүлмәлік”. Оған қазақ кітабының тарихын зерттеуші Ш. Елеукеңовтің мына жазбалары дәлел: “қазір бізге мәлім алғашқы қазақ баспа кітаптары “Сейфіл-Мәлік” қиссасы (1807), тағы да басқа фольклорлық шығармалар”. Негізі, қазақтың алғашқы кітабы мынау еді деп дәл айту үшін ұзақ зерттеу жұмысы қажет. Ал қазақ кітабының тарихын зерттеуді алғаш қолға алған Ш. Жиреншин қазан төңкерісіне дейін қазақ тілінде мыңға жуық кітап шыққанын, қазақ баспасөзінің тұңғышы “Түркістан уәлаятының газеті” 1870 жылы шықса, қазақ тіліндегі алғаш кітаптар ХІХ ғасырдың басында бой көрсете бастады [6] деген мәлімет айтады.

Қазіргі кезде көнеден бастау алған отандық кітап мәселесін көтеретін, жоғын түгендейтін, насихаттайтын ірі мәдени және ғылыми орталықтар ашылса, онда қазақ кітаптарының жан-жақты дамуына жол ашық болары сөзсіз. ХХІ ғасырда да кітап - әлемнің өміршісі болмақ. Адамзат кітап арқылы ғана бақытқа жетпек. Сондықтан қазақ кітаптарының мәдени маңызын көтеруде зерделі ғылыми зерттеулер аса қажет-ақ.

1. Сүбханбердина Ү., Сейфуллина Д. Қазақ кітабының шежіресі. (1807–1917 ж). – Алматы: Рауан, 1996.– 241 б.

2 kk.wikipedia.org/wiki/Қазақ_кітаптары

3. www.nlrk.kz/page.php?page_id=1037&lang=2

4. Каримуллин А.Г. Книги и люди. – Казань: Татарское книжное изд., 1985. – 304 с.

5. Каримуллин Ә. Қазанда жатқан қазыналарыңыздан // Жұлдыз. – 1971. – №8. –146–149 бб.

6. Жиреншин Ә.М. Қазақ кітаптары тарихынан. – Алматы: Қазақстан, 1971. – 172 б.

ШАҢБАЕВА Арайлым Нұрдығұлқызы
Мәдениеттану мамандығы бойынша
әлеуметтік – гуманитарлық пәндер магистрі

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ - ӨРКЕНИЕТТІК ӨЛШЕМ НЕГІЗІ

Өркениет - әлі күнге дейін өз мәресіне жетпеген, илеуі қанбаған, бірақ көптеген сан-саладағы оқымыстылардың қызығушылығын туғызып отырған өзекті мәселелердің бірі. Өркениет тарихы сонау заманнан басталып, сабақтаса қалыптасып келе жатыр. «Өркениет» ұғымы ғылыми айналымға XVIII ғасырда француз ағартушыларының ықпалымен енді де, ақыл-ой мен әділеттілікке негізделген қоғам мағынасын берді. Өркениеттің даму өзгерістерінің шапшаң көбеюі - қоғамдық және жеке болмыс пен сана, әлеуметтік-экономикалық, рухани дамумен сипатталады. Өркениет - бүгінгі таңның өмір сүру формасы екені анық. Өркениеттік өлшем негіздерінің бірі – бұқаралық ақпарат құралдары. Идеологиялық негіз қандай елде болсын ақпарат жүйесі арқылы жүзеге асады.

Қоғамның саяси сферасын модернизациялауда, саяси шешімдердің электоратқа жеткізілуінде, азаматтардың бүгінгі өзгерістер талабына сәйкес саяси санасы мен мәдениетін қалыптастыруға көмектесетін құрал – бұқаралық ақпарат құралдары. Өркениеттілік бұқаралық ақпарат құралдарының дамуымен және бостандығымен белгіленеді. Сондықтан елді демократияландыру үрдістері ақпараттық даму үрдістеріне тікелей тәуелді бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамның дамуында және оның саяси институттар қатарында айрықша орны бар, атқаратын қызметі жағынан ол саясатқа өте жақын, қоғамның даму бейнесін айнадағыдай көрсетіп отыруды мақсат тұтады.

Қазіргі таңдағы қоғамдық, саяси – экономикалық ахуалдың адам факторынан, рухани дамуымыздан аса қажетсініп отырған өзекті мәселелердің бірі – ұлттық идеология. Ішкі саяси тұрақтылықты қалыптастыру – мемлекет қауіпсіздігінің кепілі. Оның көп факторлары бар. Бұл тұрғыда бұқаралық ақпарат құралдарының алатын орны ерекше. Еліміздің Конституциясында: «Бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті» [1] деп атап көрсетілсе, Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары» туралы заңында оның мерзімді баспасөз басылымы радио және теледидар бағдарламасы, киноқұжаттама, дыбыс бейне жазбасы және бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз жария таратудың басқа да нысаны [2] болып табылатыны айқындалды.

Қазақстан Республикасы өз Тәуелсіздігін жариялаған сәттен бері бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық пікір қалыптастырудың қуатты қаруына айналып келеді. Ал, нақтылай айтсақ, ел егемендігі мен Тәуелсіздігі жолындағы саяси күресте, әсіресе, қазақ басылымдарының тарихи рөлі ерекше. Осы мәселеге айрықша көңіл бөлген Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Біздің бұқаралық ақпарат құралдарының республика мүдделерін қорғай білуі, дүние жүзілік саяси аренада өзінің ақпараттық кеңістігін құруды үйренулері қажет. Республикадан тыс жерлерде оқырманға жол табу керек, оның үстіне біздің өзіміздің сыртқы және ішкі саяси қадамдарымызды айшықты көрсетер негіздер жеткілікті» [3] деп атап айтқаны белгілі.

Жетпіс жылдан астам уақыт бойына дара идеологияның құрсауында болған халыққа жаңа түрпатты мемлекет құрудың өзектілігі мен қажеттілігі тұрасында насихат айту, иландыру жұмысын жүргізу айтуға ғана жеңіл болғанымен, іс жүзінде оңай шаруа емес. Осынау тарихи миссияны атқару республикалық бұқаралық ақпарат құралдарына жүктеледі. Оны жүзеге асыру үшін, оқырмандар аудито-

риясын еліктіру үшін саяси әдіс-тәсілдерді ұтқырлықпен қолдану қажеттігі сөзсіз. Қоғамдық ой-сана үрдісінде әділ айтылып жүргендей, бұқаралық ақпарат құралдары шын мәнінде «төртінші билік» тұтқасына айнала бастағаны жасырын емес. Себебі, бүгінгі таңда бұқаралық ақпарат құралдары «адамның санасына, қоғамның саяси жүйесіне ықпал етудің аса күшті құралы» екені мәлім.

Бүгінгі таңда әлемдік ақпараттық кеңістіктің жаһандасуы мен ұлттық ақпараттық кеңістіктің қауіпсіздігі күн тәртібіне ерекше қойылып отырған кезеңде, бұл, әрине, мемлекеттік саясаттың өзекті мәселесі болып қалатыны сөзсіз. Осы мәселені шешу жолында бұқаралық ақпарат құралдары нендей ізденістерге барады?

Осы мәселелердің бәрі жаңадан қалыптасып, орын жайып келе жатқан ұлттық идеологияның жеке-жеке арналары. Дәуір талабына, уақыт рухына сай жаңа тұрпатты идеологияны қазақтық патриотизмді қалыптастырудың жаңа міндеттері белгіленері күмәнсіз. Олай болса, ақпараттық алмасудың мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін үйлестіріп отыру қажет.

Бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамның саяси жүйесіне әсері, оның арақатынастары мәселелері, сондай-ақ, ақпараттық кеңістіктің қауіпсіздігі тақырыптары әлемдік саясаттану мен әлеуметтанудың негізгі нысандарының біріне айналып, ол бірқатар зерттеушілердің еңбектерінің өзегі болғаны белгілі. Сөйтіп, қоғам дамуының терең мәнді өзгерістерін, ақпараттық үрдісін бейнелейтін, оның ішкі мазмұнын ашатын жаңа концепциялар мен ғылыми тұжырымдар жасала бастады. Осы ретте Д. Беллдің «Буырқанып құрсауланған қоғам әлеуметтік болжам тәжірибесі», З. Бзежинскийдің «Ұлы шахмат тақтасы», М.Кастельстің «Ақпараттық дәуір, экономика, қоғам және мәдениет», Э.Тоффлердің «Биліктің метаморфозасы» деп аталатын еңбектері мәселелерді саясаттану тұрғысынан көтеруді ерекшеледі. Бұл еңбектерде ақпараттық саясаттың саяси ғылымдағы алар орны айқындалып, оның қоғамды жаңғыртудағы рөліне мән беріледі. Электорат санасына әсер етудегі, жалпы қоғамдық пікір қалыптастырудағы бұқаралық ақпарат құралдарының атқарып отырған жұмысына, оның келешегіне барлау жасалынды. Ақпараттық қоғам тұжырымдамасына сәйкес, Е. Масуд, Д. Белла және А. Тоффлер ақпарат және ақпараттық жүйенің болашақтағы ролінің күшейетіндігін және мемлекеттік биліктің сапалы ең маңызды саяси құралы екендігін анықтаған еді.

Сондай-ақ ақпараттық қоғамның тірегі және оның қозғаушы күші, онсыз қоғамның пайда болуы да, дамуы да мүмкін емес.

Қазақстан - әлемдік өркениет дамуының құрамдас бір бөлігі болса, оның саяси өміріндегі бұқаралық ақпарат құралдарының да алар орны ерекше екені мәлім. Ақпараттану процесі барысында Қазақстан өзге елдер арасында әсіресе Орта Азия мемлекеттерінің ішінде, олардағы халық саны біздегіден әлдеқайда артық болса да, жетекші рөлді иеленіп келеді.

Ел президенті Н.Ә.Назарбаев ақпарат және ақпараттық дербестік туралы өз еңбегінде былай деді: «Азаттыққа, Қазақстан аумағының тұтастығына, нақтылы экономикалық, әскери, ақпараттық дербестікке қол жеткізу дегеніміз мейлінше күрделі және ұзақ уақытқа созылатын, сондай-ақ ұлттың ерекше қажыр-қайратын қажет ететін үрдіс екенін сезіну әрбір қазақ үшін әліппелік ақиқат».

Қоғамда қоғамның саяси, экономикалық және әлеуметтік саласын ақпаратпен қамтамасыз етіп, дамытып отыратын бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттық қызметі.

Олай болса, ақпараттық қызмет дегеніміз не? Оның қандай түрлері бар? Ақпараттық қызметтің мәні неде? Бұқаралық ақпарат құралдарының ұлттық идеологияны қалыптастыруда қандай орын алады? - деген мәселені шешу маңызды. Көптеген зерттеушілер ақпараттық қызметке қоғамда қоғам мүшелері мен билік

орындарына қажетті ақпараттар беріп, таратып отыратын адам баласының қоғамдағы демократиялық процестер мен нарықтық экономикаға деген саяси ой-пікірлерін дамытуға көмектесетін арнайы қызмет жүйесін жатқызады.

Ал қоғамда ақпарат берумен газет, радио, теледидар, журнал және сондай-ақ ғылым мен әкімшілік қызметтері айналысады.

Сонымен қатар еліміздің қазіргі ХХІ ғасырға аяқ басқан ақпараттық даму ғасырында ақпарат құралдарының түрі бұрынғыдан да күрделеніп, дами түсуде. Ақпарат құралдарының қатары бұрынғы көпшілікке арналған анықтамалар және кино, ғылым мен техниканың соңғы жетістіктері кабельді спутник байланыс, видеоұнтаспа, компьютер және оның түрлері мен Интернет жүйелері арқылы толықты. Бүгінгі өркениетті елдердегі бұқаралық ақпарат құралдары сөз, ой, шығармашылық бостандығы бойынша қалыптасқан түрлі саяси ой-пікірлер ақпарат құралдарының түрлі нысандарында жария етілетін немесе таратылатын қызметі заң арқылы реттелетін үздіксіз жария таратудың нысаны болып табылады.

Ал енді бұқаралық ақпарат құралдарының мәніне тоқталайық. Бұқаралық ақпарат құралдары қазіргі өркениетті елдердің бәрінде де үлкен саяси күш болып саналады. Яғни, елдің елдігін, тәуелсіздігін мемлекетіміздің мемлекеттік деңгейде көтерілу бейнесін және оның даму жолдарын және оның нысанын анықтап, елін біріктіретін мықты күш - ұлттық идеологиясын халыққа жариялап, реттеп отырады. Басқа елдер болса сол елдің саяси және экономикалық немесе басқа салалардағы ерекшеліктерін, дамуын тек осы бұқаралық ақпарат құралдары ғана белгілеп бағалай алады.

Ғаламдық ақпараттық жүйе өркениетті әлеуметтік өмірді бір-бірімен біріктіріп, толықтырып, мемлекеттерді өзара байланыстырады.

Қазақстан Республикасы 1990 жылы 25 желтоқсандағы «Мемлекеттік егемендік» туралы декларациясында демократиялық жолды таңдап алғанын бүкіл әлемге паш етті.

Әлемде демократияның 500-ге жуық түрі бар десек, оның әлем елдерінің көпшілігі мойындаған бірыңғай анықтамасы жоқ. Әр елдің тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрпына, тарихи ерекшеліктеріне, салт-дәстүріне байланысты демократия сан түрлі рең алады.

Ұлттық идеология – демократиясыз, демократия – ұлттық идеологиясыз өмірге бейімделуі мүмкін емес, олар тіпті шиеленісте болғанымен де бір-бірімен біте қайнасып жатады.

Бұқаралық ақпарат құралдары – демократиялық процестерді қалыптастыратын бірден-бір күш. Ол қоғамның ауа-райын, қоғамдық пікірді де реттеп отырады. Бұқаралық ақпарат құралдарының арқасында біз Тәуелсіздіктің он жеті жылы ішінде қоғамдағы өз бағытымызды айқындап алдық. Тарихымызды білдік, тіліміз дами бастады.

Қазақстан Республикасы өз даму жолында саяси-экономикалық өзгерістерді бастан кешіргенін ескерсек, бұл бұқаралық ақпарат құралдарында көрініс тапқаны анық. Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін, оның алдында да сан алуан қандай даму жолын таңдаймыз деген заңды сауалдың тұрғаны белгілі. Осыны жете түсінген мемлекетімізде егемендік тек жария етіліп қана қоймай, аз уақыт ішінде соған дәлел боларлық біраз батыл, шешуші қадамдар жасалып, демократиялық тұрғыдағы заңдар қабылданды («Қазақстан Республикасының Конституциясы», «Тілдер туралы», «Бұқаралық ақпарат құралдары» туралы заңдар).

Сонымен қатар қазіргі кезеңде бұқаралық ақпарат құралдары қоғамның рухани өлшемі ғана емес, демократиялық қоғамның да маңызды саласы.

Демократияландыру үрдістерін ынталандыратын да, демократиялық ой-жүйені қалыптастыратын да, демократия мәдениетіне тәрбиелейтін де бұқаралық

ақпарат құралдары. Демократия үрдістері - сөз бостандығы, пікір алуандығы, көппартиялық, меншік қатынастары - демократиялық қоғамның ақпарат құралдарындағы басты құндылықтары. Демократияның мәні қоғамның барлық мүшелерінің тең құқылығы мен азаттығының сақталуы десек, онда демократияның ажырағысыз бөлігі – сөз бостандығының қорғалуы осы азаттықтың шынайылығының көрінісі шығар.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасы демократиялық даму жолын анықтап, әлемдік аренада өзіне лайықты орын алған дербес ел. Осы қиындығы мен қызығы мол кезеңде, бір саяси құрылымнан екіншісіне өту жолында саналуан қиыншылықтардың болғаны белгілі. Бірақ біз ауызбіршілікке, татулыққа жетелейтін идеологиямыздың арқасында шыға білдік. Біздің бағымызға қарай, басқалармен салыстырғанда Егемендігімізді алып, қарқынды даму үстіндеміз. Мұны қазақ ұлты ғасырлар бойы ата-баба арманы мен азаттық жолындағы көп жылғы күресінің өтеуі. Осылайша, ата - тарихымыз, ана тіліміз, дініміз, діліміз қаз-қаз тұрып, «қазақ» деген атаудың бойына қан жүгіріп, жан кірді. Осындай аз мерзім ішінде Қазақстан үшін, оның халқы үшін аса маңызды да мағыналы оқиғаларды ой елегінен өткізіп, оқырмандарға жеткізуде, дұрыс қоғамдық пікір туғызуда – бұқаралық ақпарат құралдары үлкен рол атқарады. Егемендік жылдары жаңа саяси ахуалға, ашық нарықтық қатынастарға алып келді, әрі дүниежүзілік экономикалық интеграцияға жол ашты. Соның нәтижесінде сөз бостандығы, іс-қимыл еркіндігі сияқты демократиялық ұғымдар берік орнығып, оның заңды құқықтық негіздері қаланды [2].

Қазақстан қоғамының демократиялануы барысында қоғамда жариялыққа жол ашылып, бұқаралық ақпарат құралдарының беделі өсіп, конституциялық тұрғыда азаматтарға сөз бостандығы беріліп, цензураға тиым салынды. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарының пікір алуандығы қалыптасты және оған байланысты ашылмай жатқан жабық мәселелерді айту тәсілі пікір алуандығы нәтижесінде өмірге ене бастады. Бір жағынан, бұл ашу тәсілі ретінде қоғамға енді. Сонымен қатар, демократияның нәтижесінде бұқаралық ақпарат құралдары көбейіп, өз құқығын пайдаланып, шерін тарқатам деушілерге өз ақпарат кеңістіктерін жарыса ұсынуда.

Қазақстан егемендігінің тұсында осындай түбегейлі өзгерістерге тұспа-тұс келген болса, ал оның бұқаралық ақпарат құралдарынан көрініс таппауы, дамуына ықпал етпеуі мүмкін емес.

Бұқаралық ақпарат құралдары - қоғам өмірінің айнасы десек, ал қазақ тілді ақпарат құралдары қазақ ұлтының мүдделері мен өмірлік мәселелерін көтеріп жүрген бірден-бір сала. Қазақ халқының мүддесін қорғау дегеніміз, ұлттар арасына жік салу емес, керісінше, мемлекет атын иемденіп отырған этностың бай тарихын, мәдениетін, тілін білу арқылы ұлттарды рухани байыту, халықтар достығын нығайту болып табылады. Ал осы бағыттағы бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы қаншалықты екендігі белгілі. Қазіргі қазақ баспасөзі ұлттық мәдениетті қорғауға, ата салт - дәстүрімізді сақтауды уағыздауға, халық санасын оятып, мемлекеттің болашағын, ұлт мүддесінің мәселелерін жан-жақты қорғауға, демократиялық мәдениетті қалыптастыруға зор үлес қосып отырған ерекше күш. Яғни бұқаралық ақпарат құралдары – ұлттық идеологияны елім, жұртым деген халқына тарататын басты, әрі өте қажет құрал.

Мемлекетіміздің даму құрылымының өзгеруіне, қоғамымыздағы саяси және әлеуметтік жағдайлардың күрделенуіне байланысты бұқаралық ақпарат құралдарының мазмұны да өзгереді.

Демократияның басты құндылығы - демократиялық қоғам құру немесе оны қалыптастыру. Демократиялық қоғамды құру, бұл, әрине, жаңа қоғамдық құрылымдарды құрумен қатар адам санасын өзгерту немесе жаңа қоғамдық сананы қалыптастыру болып табылады. Қоғамдық сананы қалыптастыру тек бұқаралық

ақпарат құралдары арқылы жүзеге асатыны рас. Сана – бұл адам баласының философиялық, диалектикалық даму құбылысы, яғни сана адам миы мен оның қызметінің жемісі.

Сана тек қана адам миының жемісі деуге де болмайды, сонымен қатар ол күрделі материалдық дүниенің ұзақ уақыт дамуының да нәтижесі деп түсінген жөн. Оған жету үшін әлем неше ықылым заманды бастан өткізді деп атап көрсетеді философия ғылымының ғалымдары Д.Кішібеков пен Ұ.Сыдықов.

Сонымен қатар сананың қазіргі кезде дамуы жаңа ақпараттық технологиялардың дамуымен және білім саласын жаппай компьютерлендірумен және осы компьютерде арақашықтық оқыту жүйесін ендіруге дейінгі өзгерістермен ерекшеленіп отыр.

Бұқаралық ақпарат құралдарынан дұрыс, өнетелі, біздің менталитетімізге сай және тиімді мәлімет алу - санамыздың дұрыс қалыптасуына тікелей себепкер. Біз өркендеу процесімізде азиялық екендігімізді есте ұстауымыз керек. Бірақ демократияның ең тиімді, өркениетті тәсілдер батыста жатыр ғой. Сондықтан да мұсылмандығымызды, азиялық екендігімізді, қазақ екендігімізді бетке ұстап, батыс елдерінің саяси жүйедегі озық үлгілерін өз тәжірибемізде пайдалана білсек ұтылмаймыз. Мысалға, Сингапур, Оңтүстік Корей халқы, Азия Жолбарыстарын алайық. Аталмыш елдер саяси даму үрдісіне негізіне батыстық үлгіні алып отырса да, өзінің тарихи мәдениеті мен ұлттық дәстүрін қаз-қалпында сақтап отыр. Мұсылман елдерінен түбіміз бір Түркияны алайық, оларда өздерінің мұсылмандығы мен ұлттық нышандарын жоғалтпай, батыстық демократия үрдісін өрбітуде. Осы мысалдардан Азия мен Еуропаның бір-бірін кішірейтпей, тең дәрежеде өркениетті жолмен дами алатындығын көреміз [3].

Жалпы, тарихымызды саралап, барымызды бағалап, елеп-екшеп халық санасына жеткізуде - бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы ерекше. Тарихтан мәлім, ХХ ғасырдың алғашқы жиырма жылдығы бүтіндей Қазақстан елі үшін рухани өрлеу, ұлттық ояну кезеңімен тұспа-тұс келгені белгілі. Сол үрдісті тарихты шежірелеп, жалпықазақстандық саяси мінберге айналуда «Серке», «Қазақ», «Қазақстан» газеттері мен «Айқап» журналының атқарған ролі ерекше. Бұл басылымдар өзінің беттерінде, негізінен, халқымыздың мәдени - рухани, оқу-ағарту, ана тілі, қазақ әйелдерінің бостандығы, теңдігі, саяси - әлеуметтік мәселелер сияқты тақырыптарды кеңінен көтерді, осы мақсатта елдің мұңын мұңдап, жоғын жоқтасам деген мақсат жетегінде болды. Сол себепті ұлттың рухын ұлықтау, отансүйгіш сезімді қолдайтын идеологияны қалыптастыру газет - журнал жарияланымдарының өзекті мәселесіне айналды. Бұл, әрине, өз кезегінде, олардың газет-журнал жұмысын қолға алуынан, оны халықтың мұң - мұқтажын бейнелеп отыратын, олардың патриоттық сезімін оятатын ақпарат құралына айналдырсақ деген талпынысынан туындады.

Қай басылым болсын өзі өмір сүріп отырған қоғамдық болмыстың және патриоттық сананың айнасы.

Түйіп айтқанда, ел баспасөзі уақыт ұсынған алғышарттарға сай өз мойнына жүктелген ұлттық міндетті абыроймен атқаруға тырысты. «Қазақ тарихында қазақ ұялатын ештеңе жоқ. Біз бірде-бір соғыс өртін бастаған емеспіз. Біз бірде-бір елдің жерін жаулап, даламызға қосып алған емеспіз» деді Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев. Олай болса, Қазақстан баспасөзі тарихында да кейінгі ұрпақ үлгі тұтар кезең, отжанды ойлар шежіресі аз болмаған.

Бұқаралық ақпарат құралдарының мәдениет құрылысын көтерудегі ең бірінші, ең басты тақырыбы – тіл болып отыр. Мәдениеттің іргетасы тіл болғандықтан, ана тіліміздің айбары болып, ұлттық сананың туын көтеріп, ел тағдыры – тіл тағдыры үшін күресіп келе жатқанда осы – бұқаралық ақпарат құралдары. Сондықтан да Қазақстандағы қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі міндеті – халық арасында ұлттық идеологиямызды, ана тілімізді, дінімізді, ұлттық салт-дәстүрімізді,

мәдениетімізді уағыздау, аталмыш ұлттық ерекшеліктеріміздің жөн-жораларын көпшілікке түсіндіру, көп ұлтты ортамызды «қамырдан қыл суырғандай» салиқалы да сабырлы саясат жүргізе отырып, осы алтыннан да қымбат қазыналарды республиканы мекендейтін барлық ұлттар мен ұлыстардың санасына құя білу болып табылады. Ең алдымен, ол бұқаралық ақпарат құралдарының дамуымен тікелей байланысты. Бұқаралық ақпарат құралдары адам баласы үшін дүниетанымдық тұрғыдан қосымша әлеуметтендіруші құрал ретінде қарастырылады, және ол соған қызмет етуде. Демек, олар адамзаттың дүниені танып-білуіне, қосымша білім алуына үлкен рөл атқарады. Әрине, бұл өркениеттік үрдістер аясындағы елдердің қатарына енуте тікелей көмекші. Тәуелсіздігімізді нығайту мақсатында Отанға деген сүйіспеншілік, яғни патриоттық тәрбие алдыңғы қатарға шығатыны сөзсіз. Бүгінгі таңда қоғамдық сананы қалыптастыруда, әсіресе, жас ұрпақ тәрбиесінде бұқаралық ақпарат құралдарының жетекші орынға шығып отырғаны белгілі. Біз толығымен сол ақпаратқа берілмей, қарқынды түрде дамып келе жатқан Қазақстан үшін тиімді мәліметтерді жинап, әлем жаңалығынан құр қалмауымыз бүгінгі ХХІ ғасырда басты міндет.

Тәуелсіздікке қол жеткізген аз уақыт ішінде қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдары осы киелі де қасиетті майданда айтарлықтай жұмыстар атқарып, еліміздегі демократия үрдісінде өзіндік орнын алып үлгерді. Бүгінгі күні оларды оқу әрі қызықты, әрі тартымды. Бұл тек қана бір ғана саланың атқарған жұмысы емес.

Тұнық бастаудан ғана таза бұлақ тарайтыны секілді, табиғаты таза халықтың ойы тұнық, мұраты мөлдір. Ал тұнық ойдан таза идея туатыны табиғи заңдылық. Сондай ұлттық идеядан туындайтын мемлекеттік идеология ғана өз жемісін береді әрі өміршең болмақ.

Осындай идеологияны қалыптастыруға еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдары мұрындық болмай, іс бітпейтінін де айтуымыз керек. Тарихымызға көз жүгіртсек, Владимир Ленин мынандай ой айтқан болатын: «Партияны құру үшін жалпыорыстық газет керек. Құрылған партия кейін сол газетке басшылық жасайтын болады». Сол сияқты біздің де егемен еліміздің бұқаралық ақпарат құралдары ұлттық идеологиямыздың сәтті қалыптасуына бір кісідей атсалысып, міндетті түрде соған жұмыс істеуі тиіс. Тек билік осы істі үйлестіріп, оған ізашар болуы шарт.

Енді «өзеннің ұлы болуының өзі оған жан-жақтан құятын ұсақ бұлақтарға байланысты» деген ойлы қағиданы ескере отырып, еліміздің әрбір азаматы осы ұлы іске өзінің азаматтық үлесін қоса білсе, тәуелсіз Қазақстанның күні ертең-ақ киелі, өркениетті іргелі ел болатындығына сенім мол.

Сонау ХХ ғасырдың бас кезінде халқымыздың біртуар перзенттерінің бірі Ахмет Байтұрсынұвтың: «Газет - халықтың көзі, құлағы, һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек... Жұртым деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады» деп жазуы бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдағы атқарар жүгіне үлкен мән бергендігін көрсетеді. Ғұлама ғалымның бұқаралық ақпарат құралдары жөніндегі бұл тұжырымы бүгінгі күні де өзінің маңызын жойған жоқ. Бүгінгі таңда бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі бұрынғыдан да арта түсті. Өйткені, ұлттық идеологияны қалыптастыратын, халқымыздың өзіне тән мәдени құндылықтарын қорғайтын, насихаттайтын, дамытатын бұқаралық ақпарат құралдары болып табылады.

Бұқаралық ақпарат құралдары соңғы жылдарда еліміздің мәдениет құрылысының проблемаларын көтеріп жазудың сан қырлы әдісін меңгеріп, мәдениет саласындағы проблемаларды ұлттық рух, ұлттық мүдде тұрғысынан көтеріп, қоғамдағы болып жатқан кемшіліктердің себептерін жан-жақты ашып

келеді. Бұдан шығар қорытынды – бұқаралық ақпарат құралдары бетіндегі әр-бір жарияланым назардан тыс қалмай, дер кезінде түзетіліп отырылса, қоғамымыздағы көптеген келеңсіздіктердің алдын алуға болатыны ақиқат. Бұл мемлекетіміздің мүддесі үшін, мәдениетімізді дамыту, ұлттық идеологиямызды тарату үшін аса қажет.

Идеологияның белгісі оның белсенді түрде насихатталуы. Кез келген идеология адамдардың барынша кең қауымын жаулап алуға тырысады. Қалың көпшілікті сендіре білген идеология ғана үлкен күшке айналады. Мемлекеттік басқару кеңістігіне шығады. Мемлекет - идеологияның басты қозғаушы күші. Мемлекет болмаса мемлекеттік, ұлттық идеология болмас еді. Мемлекет ең алдымен мемлекеттік идеологияға мұқтаж, оны қалыптастырушы, орнықтырушы, оны насихаттаушы, таратушы, мемлекеттік идеологияға кереғар идеологиялық ағымдармен күресуші, мемлекеттік, ұлттық идеологияны ғылыми-қоғамдық тұрғыдан негіздеуші, мемлекеттік идеологияның ең басты элементі, қайнар көзі». Осының бәрін реттеп, халықтың санасына түгелдей жеткізу - әрине бұқаралық ақпарат құралдарының міндеті.

Қорыта айтқанда, бұқаралық ақпарат құралдары – халқымыздың рухани көш бастаушысы. Сондықтан да, ұлттық тәлім-тәрбие, салт-дәстүріміз, жалпы мәдениетіміз бұқаралық ақпарат құралдарының еншісіндегі көтеретін әрдайым басты тақырып.

-
1. Назарбаев Н. «Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы».
 2. «Ақпараттық экспанция» // «Айқын» басылымы, 02.08.2007ж.
 3. «БАҚ туралы» заң бірінші журналистердің құқығын қорғау керек», Қазақстан Журналистер Одағының төрағасы Сейітқазы Матаевпен сұхбат.// «Айқап».
 4. Қала мен Дала. 2005 ж. 7 наурыз.
 5. Сәрсенбекова Г. «Ұлттық тәрбие өркениеттік құндылық ретінде». А., 2004. 18-24 бб.

ИЛЛЮСТРАЦИИ




Fig. 01. Map of the main Bronze and Iron Age habitats of Semirechie.




Fig. 02. Reconstruction of Late Holocene climate of Semirechie in plains and mountains. Based on palynological studies (with 150 yrs temporal resonance) of average fluctuations of temperature (T) and precipitation (P) during the last 3200 yrs: a) in plains (Tamgaly, 800 m asl, semidesert landscape); b) in mountains (Turgan, 1800 m asl, alpine meadows) of Semirechie. Temperature in continuous lines, precipitation in dotted lines. Absolute chronology has been provided by EPR and C14 analyses (black dots); and by archaeological correlation (grey dots).



Fig. 03. Satellite image of the Asy plateau, with violet marks for villages and orange marks for cemeteries.





Fig. 04. Geo-archaeological map of the Western Kuljabasy range (Chu-Ili mts).



KURGAN COMPLEXES

- 1- Alpine meadows (upper Saly)
- 2- Subalpine river terrace (lower Saly)
- 3- Top of loess hills of the piedmonts (Asy-Saga)
- 4- Along the alluvial fans of the piedmonts (Chilik)
- 5- Above terraces where groundwater and springs come on surface (Zhuvan-tobe)
- 6- At lake and river shore in desert environment (Bessalyr)

HABITATS

- a- Alpine meadows (settlement of upper Chilik, 2-400 m)
- b- Subalpine river terrace (settlement of Saly, 1-500 m)
- c- Fortified and unfortified settlement on the top of loess hills of the piedmonts (Zhanashartua, 1-100 m)
- d- Along the alluvial fans of the piedmonts (Kyzylsharyk, 700 m)
- e- Along river terraces of the low course in the tugai forest (Chilik delta, 450 m)

Fig. 05. Vertical vegetation bands of the Chilik valley with kurgans and settlements of different location and type.




Fig. 06. Tentative map of the main Saka kurgan complexes of Semirechie arranged by hydrological basins with their seasonal migration roads (arrows). Kurgan concentrations are mainly located half way between summer and winter camps on the alluvial fan of the hydrological basin.




Fig. 07. Archaeological map of the Charyn canyon with orange half-circles pointing to kurgan complexes and squares to villages.



Fig. 08. Archaeological satellite-map of the Tianshan valleys from Almaty to Chilik. Half-circles point to main kurgan concentrations.



Рис. 1. Общий вид вереницы камней Керегентас.



Рис. 2. Надпись №1 (брахми).



Рис. 3. Надпись №2 (бактрийская).



Рис. 4. Надпись №3 (брахми).



Рис. 1. «Кос алип» - тамга рода кыпшак, Средний жуз. ЦМК КП 2323.



Рис. 2. Тамга сарматов на антропоморфной скульптуре, III в. д.н.э. – III в. н.э. ЦМК КП 25700/18.



Рис. 3. Кулыптас с тамгой «қос алип» племени кыпшак. «Көп бейітті төбе», с. Сарлык, Карагандинская область.



Рис. 4. Мавзолей Джучи-хана. Тамга аргынов (глаз) на строительном кирпиче.



Рис. 5. Современное тамгопользование. Монголия, Баян-Ульгийский аймак.
Вверху - казахская тамга «ашамай» владельца коня; внизу – тувинская тамга «лук» нового владельца.
Из материалов экспедиции ЦГМ РК 2010 г., фото Н. Базылхана.



Рис. 6. «Круг, колесо» - тамга рода ботбай, Старший жуз. ЦМК КП 6030.



Рис. 7. Изготовление копии-эстампажа тамги, изображенной на могильном камне (с. Сарлык, 2012 г., из материалов экспедиции ЦГМ РК).




Рис. 1. Карта-схема распространения основных типов тамг-петроглифов на юге Казахстана и Центральном Тянь-Шане.



Рис. 2. Кулжабасы. Изображение лошади с тамгой-тавром. Фото автора.




Рис. 3. Примеры взаиморасположения в ландшафте средневековых тамг-петроглифов, эпиграфики и поселений.
1-3 – ур. Асык, Чу-Илийские горы (фото А. Солодейникова, 2012 г.); 4-6 – долина Актерек, Заилийский Алатау (фото автора).



Рис. 4. Изображения тамг на стелах. 1, 2 – Кулжабасы; 3-5 – ур. Когалы, стела 2. Чу-Илийские горы.
Фото и микалентная копия автора.



Рис. 5. Средневековые петроглифы и тамга (4). Чу-Илийские горы, ур. Анкельды. Фото автора.



Fig. 01. Auroch in polygonal style, Sarmish-sai, Archaic period.



Fig. 02. Auroch in polygonal style, Kuljabasy Valley-4, Archaic period.



Fig. 03. Auroch in plastic style, Kuljabasy V-3, Archaic period.



Fig. 04. Auroch in triangular style with sun spot, Saimaly-Tash, Eneolithic period.



Fig. 05. Bull with horns reaching rock cracks, Akkol (Chu-Ili mts), Early Bronze period.



Fig. 06. Bull sacrifice (worship and killing), Kuljabasy V-14, Middle Bronze period.



Fig. 07. Goat with ringed horns (20 rings), Bayanjerek G-4, Late Bronze period.



Fig. 08. Goats and sun circles, Kuljabasy V-2, Late Bronze period.



Fig. 09. Deer, snake and 8-fold compass, Kuljabasy V-3, Late Bronze period.



Fig. 10. Horned horse, Tamgaly G-3, Late Bronze period.

К статье **ЧЕРЕМИСИНА Д.В.**





Рис. 1. Наскальные изображения тамг эпохи Средневековья, Нового и новейшего времени. Долина р. Чаган, Горный Алтай. Фото Д. В. Черемисина.



Рис. 1. Развалины Чирикрабата.



Рис. 2. Средневековая крепость на Чирикрабате.



Рис. 3. Мавзолей Баланды.



Рис. 4. Мавзолей Баланды. Тамги на древних кирпичих.



Рис. 5. Развалины Джетасар №3 (Алтынасар).




Рис. 6. Городище Асарчик-Шаншар.



Рис. 1. Руническая надпись «Озерная 1», Е 138: вверху – прорисовка по: Кызласов, 1994; внизу – фото А. К. Солодейникова, 2011 г.



Рис. 2. Горы Баянжурек, Джунгарский Алатау. Арабиграфические надписи, XIX в. Фото А. К. Солодейникова, 2012 г.




Рис. 3. Долина Котыр, Чу-Илийские горы. Камень с руноподобными знаками. Фото и прорисовка А. Е. Рогожинского.



Рис. 4. Долина Котыр, Чу-Илийские горы. Петроглифы и горизонтальная руноподобная надпись. Фото А. К. Солодейникова, 2012 г.



Рис. 5. Долина Котыр, Чу-Илийские горы. Петроглифы и вертикальная руноподобная надпись. Фото А. К. Солодейникова, 2012 г., прорисовка А. Е. Рогожинского.



Рис. 6. Урочище Когалы, Чу-Илийские горы. Современные наскальные рисунки.
Фото А. К. Солодейникова, 2012 г.



Рис. 7. Урочище Когалы. Изображение всадника. Раннее средневековье.
Фото А. К. Солодейникова, 2012 г.



Рис. 8. Урочище Когалы. Изображение персонажа в трехрогом головном уборе. Раннее средневековье.
Фото А. К. Солодейникова, 2012 г.



Рис. 9. Урочище Когалы. Изображения антропоморфного персонажа и шлема. Раннее средневековье.
Фото А. К. Солодейникова, 2012 г.



Рис. 10. Урочище Когалы. Изображение колчана. Фото А. К. Солодейникова, 2012 г.




Рис. 11. Урочище Когалы. Изображение лучника.
Фото А. К. Солодейникова, 2012 г.

«Тарихи-мәдени мұра және заманауи мәдениет» халықаралық
ғылыми-тәжірибелік семинарының материалдары жинағы

Proceedings of the international scientific-practical seminar
«Historical and cultural heritage and modern culture»

Сборник материалов международного научно-практического семинара
«Историко-культурное наследие и современная культура»

Технический редактор А.Е. Рогожинский
Верстка А.Г. Андриенко
Дизайн обложки Т.А. Рублева

Басуға 26.11.2012 қол қойылды
Пішімі 60x90 - 1/8
Гарнитура: «Palatino Linotype»
Офсеттік қағаз. Офсеттік басылым.
Шартты баспа табағы 20.
Таралымы 500 дана.
ЖШС «Service Press»
Қазақстан Республикасы
050000, г. Алматы, Макатаев 129/1.
Тел: +7 (727) 279 71 34, 352 82 02



